63.3(5Каз-2),123
Б18

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті

НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ

Қызмет хроникасы



2004

«Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев. Қызмет хроникасы» сериясы

Қазақстан Республикасының
Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев

ҚЫЗМЕТ ХРОНИКАСЫ 2004 жыл

МАЗМҰНЫ

Астана Деловой Мир
БАСПАСЫ ИЗДАТЕЛЬСТВО
АСТАНА 2012

Мазмұны

Кіріспе 3
ҚАҢТАР 11
АҚПАН 23
НАУРЫЗ 33
СӘУІР 47
МАМЫР 61
МАУСЫМ 75
ШІЛДЕ 89
ТАМЫЗ 97
ҚЫРКҮЙЕК 109
ҚАЗАН 127
ҚАРАША 141
ЖЕЛТОҚСАН 149
ҚОСЫМШАЛАР 169
Қазақстандағы Ресей жылының ашылу рәсімінде сөйлеген сөзі 170
Қазақстанның тың және тыңайған жерлерін игерудің 50 жылдығына арналған салтанатты жиында сөйлеген сөзі 173
«Отан» Республикалық саяси партиясының кезектен тыс VI съезінде сөйлеген сөзі 180
«Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті ұлт үшін!» атты Қазақстан халқына Жолдауы 187
«Еуразияшылдық: идеядан практикаға» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда сөйлеген сөзі 206
Мемлекеттік кадр саясатының мәселелері жөніндегі кеңесте сөйлеген сөзі 210
III Еуразиялық медиа-форумда сөйлеген сөзі 218
Қазақстан Республикасы Ұлттық кеңесінің IV отырысында сөйлеген сөзі 224
«Отан» Республикалық саяси партиясының кезектен тыс VII съезінде сөйлеген сөзі 229
ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшылары Кеңесінің кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі 236

«Еуразиялық интеграция: қазіргі даму ағымдары мен жаһандану қауіптері» халықаралық форумында сөйлеген сөзі 239

Қазақстан темір жолының 100 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі 243

Қазақстан Республикасы Парламенті екінші шақырылымы VI сессиясының ашылуында сөйлеген сөзі 248

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 70 жылдығына арналған салтанатты жиналыста сөйлеген сөзі 257

«Отан» Республикалық саяси партиясының жақтаушыларының форумында сөйлеген сөзі 262

ТМД мемлекеттері басшылары Кеңесінің отырысында сөйлеген сөзі 265

XXVIII жазғы Олимпиада ойындарының жүлдегерлерімен кездесуінде сөйлеген сөзі 268

Қазақстанның білім және ғылым қызметкерлерінің III съезінде сөйлеген сөзі ...270

«Орталық Азия ынтымақтастығы» ұйымына мүше мемлекеттер басшылары Кеңесінің отырысында сөйлеген сөзі 278

АӨСШК мүше мемлекеттері сыртқы істер министрлерінің отырысында сөйлеген сөзі 282

Қазақстан Республикасы Парламенті үшінші шақырылымы I сессиясының ашылуында сөйлеген сөзі 284

Қазақстан қаржыгерлерінің IV Конгресінде сөйлеген сөзі 295

Жаңажылдық құттықтауы 300

2004 жылы қабылданған Қазақстан Республикасы заңдарының тізбесі 303

2004 жылы қабылданған Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының тізбесі 311

Қысқартылған сөздер тізбесі 322

Географиялық атаулар көрсеткіші 323

Есімдер көрсеткіші 329

Мекемелер мен ұйымдар көрсеткіші 334

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды

Басып шығарушы: «Деловой Мир Астана» ЖШС

Редакциялық-баспагерлік топ:
М.Б. Қасымбеков (жетекші), саяси ғылымдардың докторы, профессор,
Б.Б. Темірболат (жауапты редактор), саяси ғылымдардың кандидаты,
Ж.К. Үсембаева, техника ғылымдарының докторы, профессор,
Е.А. Хасенов, филология ғылымдарының кандидаты,
Т.А. Темірханов, М.М. Бейсенова

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев.
Қызмет хроникасы. 2004 жыл. — Астана: Деловой Мир Астана, 2012. — 346 б.

© Қасымбеков М.Б., 2012
© «Деловой Мир Астана» ЖШС. 2012
© Барлық құқықтары қорғалған

2004 жыл Қазақстан үшін саяси жаңғыртулар мәселесі бойынша шын мәнінде қарқынды жыл болды. Н.Ә. Назарбаев 19 наурыздағы «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін» атты Қазақстан халқына Жолдауында елдің бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудағы маңызды шарттардың бірі ретінде демократиялық реформаларды тереңірек жүргізу қажеттігін жария етті.

Жолдау идеялары «Отан» Республикалық саяси партиясының маусымдағы VII кезектен тыс съезінде халыққа жария етілген Саяси реформалардың жалпыұлттық бағдарламасында жалғасын тапты.

Билік деңгейлерінің арасындағы өкілеттіліктерді шектеу жолымен мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыру және бюджетаралық «бөлінушілікті» енгізу; сайлау заңнамасын либералдау; әкімдерді сайлауды кезең-кезеңмен енгізу; ең алдымен Үкіметтің қалыптасуына қатысуы арқылы парламенттік басымдылық негізінде Парламент өкілеттілігін кеңейту; мемлекеттік қызмет жүйесін жетілдіру; азаматтық қоғам институттарымен ынтымақтастықты одан әрі нығайту; сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту жаңғыртудың стратегиялық бағыттары болып анықталды.

Жолдауда және Саяси реформалардың жалпыұлттық бағдарламасында көрсетілген идеяның дамуы үшін бірқатар маңызды қадамдар қабылданды.

Атап айтқанда, парламент сайлауына дайындық шеңберінде электоралдық заңнаманы либералдауға және сайлау процесінің өзін демократизациялауға бағытталған бірқатар жаңалықтар енгізілді.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» қабылданған Заңда сайлау комиссиясын құру құқығын мәслихаттарға беру жолымен сайлау комиссияларының тәуелсіздігін арттыру; бақылаушылардың, сенімді тұлғалардың, БАҚ өкілдерінің

және т.б. құқықтары мен міндеттерін анық регламенттеу және кеңейту арқылы дауысты санау мен дауыс беру қорытындыларын шығару процесінің ашықтығын күшейту; сайлау жарнасының көлемін азайту; сайлау процесіндегі партия рөлін арттыру, оларға өзін-өзі ұсыну институтын сақтай отырып, Мәжіліске кандидаттарды ұсыну құқығын беру; кандидаттарға кепілдіктерді кеңейту, соның ішінде сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу үшін БАҚ-қа қолжетімділікті тең тұрғыда қамтамасыз ету шарттарына кепілдік беру шаралары қарастырылған.

Сайлаушылар тізімін жасауда, дауыс беру және сайлау нәтижелерін анықтау процесінде ашықтықты, дәлдікті және шапшаңдықты қамтамасыз етуге арналған «Сайлау» электронды дауыс беру автоматтандырылған ақпараттық жүйесі қолданысқа енгізілді.

19 қыркүйекте өткен Мәжіліс сайлауы жылдың маңызды саяси оқиғасы болды. Оның қорытындысы бойынша «Отан» партиясы сайлаушылар даусының 67,5%-ын жинады, ал «АИСТ» Азаматтық және Аграрлық партияларының блогы — 18,2%, «Асар» — 5,2%, «Ақжол» — 2,6%, Қазақстанның Демократиялық партиясы — 1,3%, өзін-өзі ұсынғандар — 5,2% дауысқа ие болды.

Парламенттегі басымдылық партиясы ретіндегі «Отанның» жаңа мәртебесі оның жауапкершілігі мен міндеттерінің жаңа деңгейіне себепші болды. Партия аппаратының жұмысшылары мен Саяси кеңес Бюросы мүшелерінің және парламент фракциясы депутаттарының Н.Ә. Назарбаевпен желтоқсан айындағы кездесуінде нақ осы сұрақтар талқыланды.

Қарашада Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Саяси реформалардың жалпыұлттық бағдарламасын жан-жақты талқылау және оны іске асыру шараларын әзірлеу мақсатында азаматтық қоғаммен кең сұхбатты ұйымдастыруға себепші болуға тиісті Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссия құрылды.

Жоғарыда айтылып өткендей, Саяси реформалардың жалпыұлттық бағдарламасын «Отан» Республикалық саяси партиясының 15 маусымдағы VII кезектен тыс съезінде Мемлекет басшысы алға қойған болатын. Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссияны құрудың қажеттігін Н.Ә. Назарбаев осында айтқан еді. «Алдағы уақыттағы демократияландыру мен азаматтық қоғамды дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлейтін Тұрақты жұмыс істейтін кеңес өзінің оң рөлін көрсете білді. Бұл жұмысқа айтарлықтай мән беру қажет, — деп атап көрсетті Мемлекет басшысы. — Сондықтан Ұлттық комиссия Президенттің жанында құрылады».

Комиссия құрамына барлық саяси партиялардың, сонымен қатар, оппозициялық партиялардың көшбасшылары кірді.

Президент желтоқсанда мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқаруды одан әрі орталықсыздандыру мәселелері бойынша заңдар күшіне енгеннен кейін, ауылдық (селолық) округтер, ауылдар (селолар), кенттер әкімдерінің сайлауын кезең-кезеңмен өткізуге және ұйымдастыруға бағытталған «Қазақстан Республикасының ауылдық (селолық) округтерінің, ауылдардың (селолардың), поселкелерінің әкімдерінің сайлауын өткізу туралы» Жарлыққа қол қойды.

2004 жылғы елдің қоғамдық-саяси өміріндегі басқа да маңызды оқиғаларға тың және тыңайған жерлерді игерудің 50 жылдығын аталып өтуін, III Еуразиялық медиа-форумды, Қазақстан әйелдерінің IV форумын, республикалық арнадағы Президенттің тікелей эфирін, білім және ғылым қызметкерлерінің III съезін және т.б. қосу керек.

Ірі қоғамдық-саяси іс-шараларға қатысу мемлекет өмірінің түрлі мәселелері бойынша кеңестер өткізумен, облыстарды аралаумен, ведомство және министрлік басшыларын, облыс және Астана мен Алматы қалаларының әкімдерін, Парламент депутаттарын, қоғам өкілдерін қабылдауларымен кезектесіп отырды.

Н.Ә. Назарбаевтың төрағалық етуімен Президент жанындағы консультативті-кеңесші органдар қатары бойынша, Шетел инвесторлары кеңесінің 2 отырысы, сондай-ақ, 2005 жылға дейінгі ұлттық қауіпсіздік стратегиясын іске асыру, Қазақстанның сыртқы саясат тұжырымдамасын жетілдіру мәселелерін және т.б. қараған елдің Қауіпсіздік кеңесінің 3 отырысы өтті.

Президент Қорғаныс министрлігінің және Ұлттық қауіпсіздік комитетінің кеңейтілген алқа отырысына қатысты, сонымен қатар, орталық және жергілікті атқару органдарының, ұлттық компаниялардың және даму институттары басшылықтарының есебін тыңдады.

Н.Ә. Назарбаев тұрақты түрде депутаттық корпуспен байланыста болды, сондай-ақ Парламент палаталарының спикерлерін қабылдады. Мемлекет басшысы қыркүйек пен қарашада Парламент палаталарының бірлескен отырысына, қараша мен желтоқсанда — Мәжілістің отырысына қатысты.

Ел ішіндегі іссапарлар кестесі де қанық болды. Мемлекет басшысы Алматы қаласын, Қостанай, Ақмола, Қызылорда, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Алматы, Шығыс Қазақстан облыстарын аралады.

Жыл бойы Н.Ә. Назарбаев қоғам өкілдерімен бірнеше рет кездесті, сонымен қатар, 2004 жылғы 13 қаңтардағы Президент Жарлығына сәйкес жүзеге асырыла бастаған 2004–2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының мәселелері бойынша да кездесу өткізді.

Президент Ұлттық ғылым академиясының президенті М.Ж. Жұрыновпен, Минералды ресурстар академиясының президенті Ғ.Р. Бекжановпен, Ұлттық ғылым академиясының академиктері З.Қ. Қабдоловпен және К.Ә. Сағадиевпен, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының ректоры Ш.К. Беркімбаевамен, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының ректоры Ж.Ж. Әубәкіровамен, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Т.Ә. Қожамқұловпен, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің заң институтының директоры М.А. Сәрсембаевпен, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі К. Мыржықбаевпен және т.б. кездесулер өткізді.

Жыл соңында Н.Ә. Назарбаев «Ақорда» Президенттің жаңа резиденциясының ашылу салтанатына және Астана қаласының сол жағалауындағы жаңа ғимаратта өткен Парламент Мәжілісінің алғашқы пленарлық отырысына қатысты. Бұл оқиғалар Қазақстанның саяси дамудың жаңа кезеңіне өтуінің белгісі болды.

Мемлекет басшысы 2004 жылы экономикалық салада экономиканы қайта құрылымдауға және оның алдағы жылдарда бәсекеге қабілеттілігін арттыруға

арналған базис құра алатын сапалы әртараптандыру үшін мүмкіндіктер қарастыруға баса назар аударды.

Н.Ә. Назарбаевтың «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті ұлт үшін» атты ел халқына жолдауы ел экономикасының дамуына жаңа серпіліс пен жаңа өлшем берді. Мұнда Елбасы Қазақстанға ғылыми технологияларды тарту, трансұлттық компаниялармен тығыз ынтымақтастық, технопарктерді дамыту және ғылым мен өндірістің байланысын кеңейту қажеттігіне баса назар аударды.

Жолдауды іске асыру шеңберінде экономиканы болашақ әртараптандыру үшін институтталған негіздер құрылған болатын, атап айтқанда, Алматыда ақпараттық технологиялар паркі, өнеркәсіптік дамыған аймақтарда 3 технопарк, «Әрекет» жоғарғы технологиялар қоры» АҚ — еншілес қоры құрылды. 2003–2015 жылдарға арналған индустриялық-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асыру жалғастырылды. Машина жасауда, құрылыс материалдары өндірісінде, химия және мұнай-химия өнеркәсібінде, ақпараттық технологияларда, металлургияда, аэроғарыш саласында жаңа жоғарғы технологиялық өндірісті дамыту жұмыстары басталды.

Мамыр айының аяғында елдің Ұлттық кеңесінің IV отырысында Үкіметтің Президент Жолдауына сәйкес етіп жасаған тұрғын үй құрылысы бағдарламасы талқыланды және айтылған ұсыныстарды ескере отырып мақұлданды. Отырысты ашу барысында Н.Ә. Назарбаев сапалы тұрғын үйдің халықтың қалың жігіне қолжетімді болуы қолайлы өмір жағдайын қамтамасыз етуге бағытталған саясаттың негізгі көрсеткіші болып табылатынын атап өтті. Бұл маңызды мәселе және оны жүзеге асыру жөніндегі Мемлекет басшысының ұсыныстары қоғамда барынша кең қолдау тауып, мақұлданды.

Маусымда Н.Ә. Назарбаев Ұлттық қор жұмысының есебін тыңдап, оның қорытындысы бойынша Үкіметке және Ұлттық банкке қор активтерін басқару тиімділігін арттыру үшін, сонымен қатар, әлемдік экономикадағы ахуалды есепке ала отырып, оның даму концепциясын жасау үшін шаралар қолдануды тапсырды.

Қыркүйекте Үкімет басшысы кеңес өткізіп, онда 2003–2005 жылдарға арналған Мемлекеттік агроазық-түлік бағдарламасының орындалу барысы қарастырылды.

Қазанда Президент 2003–2015 жылдарға арналған Қазақстанның индустриялық-инновациялық даму стратегиясының орындалу мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Қарашада Президент Қазақстан қаржыгерлерінің IV Конгресінде сөйлеген сөзінде Үкіметтің, Ұлттық банктің, қаржылық ұйымдар мен қаржылық нарықты бақылау және реттеу агенттігінің, ел қаржыгерлерінің алдына 2005 жылға арналған басымды тапсырмалар беріп, оның ішінде Алматы қаласын аймақтық қаржы орталығы ретінде дамыту бойынша міндет қойды.

Жыл ішінде барлығы Мемлекет басшысының қатысуымен елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мәселесі, мемлекеттік кадрлық саясатты жетілдіру, Каспий теңізінің қазақстандық секторын игеру мемлекеттік бағдарламасын іске асыру барысы, 2005 жылға арналған бюджет жобасы, Алматы қаласын мемлекеттік дамыту бағдарламасы және т.б. жөнінде шамамен 30 кеңес өткізілді.

Қазақстанның экономикалық және инновациялық даму мәселелері желтоқсан айында Астана қаласында және маусым айында Ақтау қаласында Н.Ә. Назарбаевтың төрағалығымен өткізілген Шетел инвесторлары кеңесінің XI және XII отырыстарында қаралды. Атап айтқанда, Каспий аймағы инфрақұрылымын дамыту және Қазақстан экономикасын әртараптандыру мәселелері талқылау тақырыбына айналды.

Н.Ә. Назарбаевтың Дүниежүзілік банк басшысы Дж. Вулфенсонмен, Еуропалық қайта құру және даму банкінің басшысы Ж. Лемьермен, Азиялық даму банкі басшысы Т. Чиномен, БҰҰ Азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымының бас директоры Ж. Диуфпен, Корея Республикасының Коммерция, өнеркәсіп және энергетика министрі Ли Хи Боммен, Францияның Индустрия министрі П. Деведжянмен,Испанияның Ғылым және жаңа технологиялар министрі Х.К. Климентпен, Оманның Сауда және өнеркәсіп министрі Мақбул бен Али бен Сұлтанмен, Германияның Сауда-өнеркәсіп палаталары бірлестігінің президенті Л.-Г. Браунмен, трансұлттық компаниялардың және т.б. басшыларымен кездесулері де осы мәселелерге арналды.

Сыртқы саясат саласында Н.Ә. Назарбаев көпвекторлы ынтымақтастық саясатын сәтті жүргізді.

Бірінші кезекте, Қазақстан мен Ресейдің стратегиялық әріптестігінің одан әрі тереңдей түсуіне жаңа алғышарттар мен мүмкіндіктер пайда болды, ал экономикалық өсудің қол жеткізілген қарқыны сауда-экономикалық қатынастың едәуір биік деңгейге шығуына жағдай жасады. Бұл жыл Қазақстан-Ресей қатынастарын жандандыра түскен екіжақты қарым-қатынаста Қазақстандағы Ресей жылының ашылуы болып белгіленді. Жыл ішінде әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік басқару органдарының арасында жиі әрі тиімді кездесулері және сарапшылардың іскерлік консультациялары өтті.

Жыл ішінде Қазақстан мен Ресей басшылары екіжақты және көпжақты негізде қарқынды өзара іс-қимылды жалғастырды, олардың қорытындысы бойынша «Байқоңыр» кешенін тиімді пайдалану, ғарыш кеңістігін игеру саласындағы шарттық-құқықтық базаны жетілдіру, халықаралық көлік дәлізін және тарифтік саясатты дамытуда ынтымақтастықты дамыту мәселелері бойынша маңызды алға басушылықтарға қол жеткізіліп, көптеген құжаттарға қол қойылды.

Жыл ішінде тараптар ТМД, ЕурАзЭҚ және ҰҚШҰ аясында көпжақты әріптестікті нығайту желісін жалғастырды.

Н.Ә. Назарбаев бастама жасаған Еуразиялық Одақ идеясына 10 жыл толуы елеулі оқиға болды. Торқалы жылда Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде «Еуразияшылдық: идеядан практикаға» халықаралық ғылыми-практикалық конференция өткізілді. Конференцияға қатысушылардың пікірінше, еуразиялылық идеясы халықтардың және ТМД елдерінің бірігуі мен дамуының нығайтушы факторы болып табылатынын уақыт көрсетті. Олар қордаланып қалған және үшінші мыңжылдықтың басында ерекше өзекті бола түскен көптеген қайшылықтарды шешуге көмектеседі.

Аталған конференцияның пайдалы және конструктивті пікірталастары маусымда Астана қаласында өткен «Еуразиялық интеграция: қазіргі даму ағымдары мен жаһандану қауіптері» халықаралық форумында жалғасын тапты.

Оған посткеңестік мемлекеттердің 200-ден аса жетекші ғалымдары, саясаткерлері, қоғам және саяси қайраткерлері қатысты. Форумның ашылуында ЕурАзЭҚ және ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің басшылары сөз сөйледі.

Азиялық бағыттағы қазақстандық дипломатия 2004 жылы жаңа жетістіктерге қол жеткізді. Н.Ә. Назарбаевтың Қытайға мемлекеттік сапары барысында мемлекет басшылары бірқатар жаңа үкіметаралық және ведомствоаралық келісімдерге қол қойды. Қазақстанның мұнай-газ саласының дамуына жаңа мүмкіндіктер ашқан «Атасу-Алашанькоу» мұнай құбыры құрылысының негізгі принциптері туралы келісімге қол қойылуы маңызды қорытынды болып табылды.

Қыркүйекте Н.Ә. Назарбаев Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Корея Республикасының Президенті Но Му Хенмен кездесті. Келіссөздердің қорытындысы бойынша екі елдің көшбасшыларының бірлескен мәлімдемесіне, сонымен қатар, атом энергиясын бейбіт мақсатта пайдалану саласында, ақпараттық және коммуникациялық технологиялар саласында және жаңа материалдар өндіруде бірлескен зерттеулер жүргізу жөніндегі ынтымақтастық туралы бірқатар үкіметаралық келісімдерге қол қойылды.

АҚШ-пен қарым-қатынастың жемісті дамуы жалғасты. Жыл ішінде Елбасы Қазақстанға жұмыс сапарымен келген бірқатар американдық саясаткерлермен, шенеуніктермен, бизнесмендермен және түрлі делегациялармен кездесті.

Қазақстан еуропалық мемлекеттермен ынтымақтастығын белсенді дамытып отырды. 2004 жыл Австрия, Германия, Испания, Латвия, Норвегия, Чехия, Швейцария және Эстониямен жасалған жоғарғы деңгейдегі байланыстарымыз арқылы ерекшеленді. Жыл ішінде Мемлекет басшысы Еуропа елдеріне сапары немесе еуропалық өкілдердің Қазақстанға сапары барысында бірқатар еуропалық саясаткерлермен кездесті, кездесуде еліміздің ДСҰ-ға кіру мәселесі, 2009 жылы Қазақстанның ЕҚЫҰ-на төрағалық ету мәселесі, сонымен қатар, сауда-экономикалық, технологиялық және отын-энергетика саласындағы әріптестік перспективалары талқыланды.

Қазақстанның Араб Шығысы мемлекеттерімен қарым-қатынасы өзінің жемісті дамуын жалғастырды. Қаңтарда Мемлекет басшысы БАӘ-де ресми сапармен болып қайтты және наурызда Сауд Арабиясында ресми сапармен болды.

Жалпы алғанда, жыл ішінде Мемлекет басшысы екіжақты қарым-қатынас бойынша Қытайға, БАӘ, Сауд Арабиясына, Швецияға, Германияға, Ресейге, Испанияға, Грекияға, Австрияға жасалған 9 сапарда болды.

Н.Ә. Назарбаевтың сыртқы саясаттағы қызметі көпжақты пішінде де жемісті болды.

Жыл ішінде Президент Н.Ә. Назарбаев ЕурАзЭҚ Мемлекетаралық кеңесінің, ТМД мемлекет басшылары кеңесінің, ОАЫ (Орталық Азиялық ынтымақтастыққа) мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің, сонымен қатар, БЭК (Бірыңғай экономикалық кеңістік) құрылуы бойынша жоғарғы деңгейлі топтардың отырыстарына қатысты, оның барысында Мемлекет басшысы интеграциялық әрекеттестік тетіктерін жетілдіру бойынша ұсыныстарын айтты, энергетика саласындағы ынтымақтастықты дамыту, азық-түлік және көлік, сонымен қатар, есірткі қаупі мен халықаралық терроризмге қарсы күрес саласы бойынша келісімдерге қол жеткізілді.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы маусымда Шанхай ынтымақтастық ұйымы мемлекеттері басшылары Кеңесінің отырысына қатысты, оның қорытындысы бойынша штаб-пәтері Ташкент қаласында орналасқан Өңірлік лаңкестікке қарсы құрылым (ӨЛҚҚ) — ұйымның бөлімшесі ашылды.

Аймақтық қауіпсіздік мәселелері маусымда Астана қаласында өткен ҰҚШҰ ұжымдық қауіпсіздік кеңесі отырысында талқыланды. Саммитке қатысушылар ұйымның жауапты аймағындағы жағдайды талқылап, оның ұзақ мерзімді перспективасындағы қызметінің басым бағыттарын бекітті.

Маусымның аяғында Н.Ә. Назарбаев Ыстамбұл қаласындағы НАТО/СЕАП саммитінің жұмысына қатысты. Өзінің форумда сөйлеген сөзінде альянс әрекетінің бағытын ШЫҰ, ОАЫ, ҰҚШҰ сияқты халықаралық ұйымдармен үйлестірудің маңызды екенін жеткізді және аймақтық қауіпсіздіктің басты қатерлері — есірткі тасымалы мен лаңкестікке қарсы күресте күш біріктіру қажеттігіне назар аударттты. Мұнда АҚШ Президенті — Дж. Бушпен, Франция Президенті — Ж. Ширакпен, Польша Президенті — А. Квасьневскиймен, Ұлыбритания Премьер-министрі — Т. Блэрмен, Италия Премьер-министрі — С. Берлусконимен, Түркия Премьер-министрі — Р.Т. Эрдоғанмен кездесулері өтті.

Өз кезегінде, Қазақстанға Әзірбайжан Президенті И.Г. Алиев, Корея Республикасының Президенті Но Му Хен, Латвия Президенті В. Вике-Фрейберга, Ресей Президенті В.В. Путин, Ауғанстан Президенті Х. Карзай, Эстония Президенті А. Рюйтель, Чехия Президенті В. Клаус, Испания Королі Хуан Карлос I, Норвегия Премьер-министрі К.М. Бондевик, Ресей Үкіметінің төрағасы М.Е. Фрадков және т.б. келді.

Мемлекет басшысы, сонымен қатар, Қазақстанға келген АҚШ Мемлекеттік хатшысының бірінші орынбасары Р. Армитаджбен, Чехия Сыртқы істер министрі Ц. Свободамен, Ұлыбритания Сыртқы істер министрі Дж. Стромен, Жапония Сыртқы істер министрі Й. Кавагучимен, Оман Сыртқы істер министрі Юсуф бен Алауи бен Абдалламен, Таиланд Сыртқы істер министрі С. Сатиратаймен, ЕҚЫҰ сол кездегі төрағасы — Болгария Сыртқы істер министрі С. Пассимен, Ресей Сауда-өнеркәсіп палатасының Президенті Е.М. Примаковпен, Еуропалық комиссияның Сыртқы байланыс комиссары К. Паттенмен, АҚШ Мемлекеттік хатшысының Канада мен Еуропа істері бойынша экс-көмекшісі және БҰҰ-дағы елшісі Р. Холбрукпен, Ресейдің Федералды жиналысының палата спикерлері С.М. Миронов және Б.В. Грызловпен, АҚШ конгресі делегациясының басшысы, сенатор К. Бернспен, Бельгия Сенатының төрағасы А.-М. Лизинмен, Франция сенаторы Э. де Монтескьюмен, ГФР Бундестагының төрағасы А. Фольмермен, ЕурАзЭҚ бас хатшысы Г.А. Рапотамен, ҰҚШҰ бас хатшысы Н.Н. Бордюжамен, НАТО бас хатшысы Я. Схеффермен, АҚШ Орталық басқармасының қолбасшысы Дж. Абизаидпен, Иран Ұлттық қауіпсіздік жоғарғы кеңесінің хатшысы Х. Роуханимен және т.б. кездесті.

Ынтымақтастықты дамыту перспективалары Президенттің қыркүйекте ОАЫ мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлері кеңесі отырысының және «Орталық Азия — Жапония» сұхбатына қатысушыларымен, қазанда — АӨСШК мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлерімен, желтоқсанда — елімізде тіркелген шетел дипломатиялық корпусымен кездесулерінің тақырыбы болды.

2004 жылы Мемлекет басшысы Әзірбайжанның, Грузияның, Египеттің, Израильдің, Канаданың, Кубаның, Малайзияның, Польшаның, АҚШ-тың, Түркияның Төтенше және Өкілетті елшілерінен сенім грамоталарын қабылдады.

Жалпы алғанда, 2004 жылы Мемлекет басшысының қатысуымен 300-ден аса ұйымдастырушылық-хаттамалық шаралар өткізілді. Ол жыл бойы 2 мыңнан астам құжатты қарастырды, соның ішінде, 118 заң, 238 жарлық, 83 өкім, 13 өтырыс хаттамасы, 1,5 мыңға жуық қызметтік құжаттар, талдамалық, ақпараттық-анықтамалық материалдар, 141 азаматтардың арыз-шағымдары бар.

Жыл ішінде Мемлекет басшысы 96 күн іссапарда болды, соның ішінде 39 күн — шетел мемлекеттерінде, 57 күн — республика өңірлерінде болды.

ҚАҢТАР

Дс		5	12	19	26
Сс		6	13	20	27
Ср		7	14	21	28
Бс	1	8	15	22	29
Жм	2	9	16	23	30
Сн	3	10	17	24	31
Жк	4	11	18	25	

2004
Д РОССИИ
АЗАХСТАНЕ

5 қаңтар

Мемлекет басшысы Алматы қаласының әкімі В.В. Храпуновты қабылдады.

Кездесу барысында Алматы қаласын Қазақстанның және бүкіл Орталық Азия өңірінің ірі қаржылық, қоғамдық-саяси және мәдени орталығы ретінде одан әрі дамыту, сонымен қатар, метрополитен құрылысының, кейбір аяқталмаған нысандардың, спорттық-ойын-сауық кешені құрылысының аяқталу мәселелері талқыланды. В.В. Храпунов сондай-ақ үлкен Алматы айналма жолы мен дарарельсті жол құрылысының жоспары туралы мәлімдеді.

Мемлекет басшысы «Халықтық жинақ банкі» ААҚ Басқарма төрағасы Қ.А. Сатылғановты қабылдады. Ол банк жұмысының 2003 жылғы қорытындылары мен оның 2004–2005 жылдардағы даму перспективалары туралы баяндады.

Мемлекет басшысы 2004 жылдың 3 қаңтарында Египеттен Францияға рейс кезінде жолаушы ұшағының апатқа ұшырауы салдарынан болған 133 Франция азаматының қайғылы қазасына байланысты Франция Республикасының Президенті Ж. Ширакқа көңіл айту жеделхатын жолдады.

6 қаңтар

Мемлекет басшысы «Астанабасжоспар» МКК-да болып, әлем діндері ғибадатханасының үлгісімен танысты. Оның құрылысының идеясын 2003 жылы қыркүйекте Астана қаласында өткен Әлем және дәстүрлі діндер көшбасшыларының I съезінде Президент айтқан болатын.

Сол күні Мемлекет басшысы «Балбөбек» балабақшасында болып, онда суды жылыту және ауа температурасын реттеу жүйесі бар жүзу бассейнін, қазақ және орыс тілін үйренуге және оқыту бағдарламаларын көруге арналған теледидары бар балалар бөлмесін, сонымен қатар, компьютерлік сыныпты және балалардың жаттығу құралдарымен жабдықталған денешынықтыру залын аралады.

Мемлекет басшысы «А.С. Павлов туралы» №1272, «Г.А. Марченконы Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары етіп тағайындау туралы» №1273 жарлықтарына қол қойды.

7 қаңтар

Мемлекет басшысы Түркия Республикасының Президенті А.Н. Сезермен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгіме барысында 2003 жылдың мамырындағы Н.Ә. Назарбаевтың Түркияға ресми сапары батыл серпіліс берген қазақ-түрік қатынастарының қарқынды дамуы атап өтілді. Мемлекет басшылары экономикалық, саяси және мәдени ынтымақтастық деңгейіне оң баға берді және барлық саладағы екіжақты қарым-қатынас алдағы уақытта да қарқынды дами түсетініне сенім білдірді.

Мемлекет басшысы Түрікменстанның Президенті С.А. Ниязовпен телефон арқылы сөйлесті. Әңгіме барысында екіжақты әріптестіктің даму болашағы мен қазіргі жағдайы талқыланды, сонымен қатар, екі мемлекет басшыларының 2004 жылғы сәуірінің басында Ашғабад қаласында кездесуі туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

Сол күні Мемлекет басшысы «Ignite Inc.» компаниясының төрағасы және атқарушы директоры Н. Бушты қабылдады.

Кездесу барысында Н. Буш Н.Ә. Назарбаевқа АҚШ-тың экс-президенті Дж. Буштың (үлкені) ізгі тілектерін жеткізді, сонымен қатар, жаңа оқыту және білім беру бағдарламаларын ендірудің перспективалары туралы ойларымен бөлісті.

8 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің төрағасы Ж.А. Тұяқбайды қабылдады.

Кездесу барысында «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» заң жобасының қаралу барысы жайында пікір алмасылды. Н.Ә. Назарбаев әділ әрі адал Мәжіліс сайлауын қамтамасыз ететіндей заң қабылдау қажеттігін атап өтті.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынастары туралы келісімді бекіту туралы» №515-II, «Қазақстан Республикасы Президентінің «Республикалық ұлан туралы» заң күші бар Жарлығына өзгертулер мен толықтырулар

енгізу туралы» №516-II, «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық қайта құру және даму банкі арасындағы «Өскемен қаласында жерасты суларын қорғау және өнеркәсіптік сарқынды суларды тазарту» жобасын дайындауға грант бөлу туралы Келісім-хатты бекіту туралы» №517-II, «Қазақстан Республикасы мен Жаһандық экологиялық қордың Атқарушы агенттігі ретінде әрекет ететін Халықаралық қайта құру және даму банкі арасындағы Сенімгерлік қордың Гранттық келісімін (Қуаң жерлерді басқару жөніндегі жоба) бекіту туралы» №518-II заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ, «В.В. Путинді «Алтын қыран» орденімен наградтау туралы» №1274, «В.Х. Ғиззатовты Қазақстан Республикасының Түркменстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №1275 жарлықтарына қол қойды.

9 қаңтар



Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамда өткізілген келіссөздер барысында тараптар «Байқоңыр» ғарыш айлағын Ресейге жалға беру уақытын ұзарту, Каспийді бірігіп игеру және Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасын делимитациялау төңірегіндегі мәселелерді талқылады.

Соның нәтижесінде ғарыш айлағын жалға алу уақытын 2050 жылға дейін ұзарту, коммерциялық ұшыруға Қазақстанның қатысуы және жаңа экологиялық таза «Ангара» зымыранының ұшыру алаңын салу бойынша бірлескен жұмыстар және т.б. туралы уағдаластықтарға қол жеткізілді. Бұл шешімдер Мемлекет басшыларының Бірлескен мәлімдемесінде, сонымен қатар, бірқатар мемлекетаралық және үкіметаралық келісімдерде бекітілді.

Мемлекетаралық деңгейде Шекара мәселелері бойынша өзара әрекеттестік пен ынтымақтастық туралы келісімге, «Байқоңыр» кешенін тиімді пайдалану жөніндегі келісімге және «Байқоңыр» кешенінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету мәселелері бойынша ынтымақтастықты одан әрі дамыту туралы меморандумға қол қойылды.

Бұдан басқа, шекара өкілдерінің қызметі; әскери мақсаттағы өнімдерді үшінші елдерге экспорттаудағы өзара іс-қимыл тәртібі; әскери мақсаттағы өнімдерді өндіретін кәсіпорындар мен ұйымдардың мамандануын сақтау туралы үкіметаралық келісімдерге қол қойылды.

Отын-энергетика саласындағы Қазақстан-Ресей ынтымақтастығының тереңдеуі Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы кен орындарын бірлесіп игеру туралы «ҚазМұнайГаз» ұлттық мұнай-газ компаниясы» АҚ мен «Лукойл» ААҚ арасындағы келісімге қол қойылуымен бекітілді.

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен бірге астаналық Конгресс-холлда өткен Қазақстандағы Ресей жылының салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Н.Ә. Назарбаев жиналғандардың алдында сөз сөйлеп: «Қазақстандағы Ресей жылы достығымыздың тағы бір жарқын дәлелі болатынына сенімдімін. Қазақстан–Ресей әріптестігі жаңа идеялармен, жобалармен және нақты істермен байитын болады. Шығыста, соғыс — батырды, ашу — ақылдыны, мұқтаждық — досты сынайды деген сөз бар. Біздің халықтарымыз ақылға сыятын және сыймайтын тарихи сынақтардан өтті. Біздің елдеріміз әрқашан достық сезімін, әріптестікті және одақтастықты ұстанатын болатынына мен сенімдімін. Бұл Қазақстанның да, Ресейдің де қалауына жауап береді», — деді (Қосымшаны қараңыз).

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы, Еуропалық қоғамдастық комиссиясы, Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы арасындағы Орталық Азия аймақтық экологиялық орталығы жұмысының жағдайлары жөніндегі келісімге өзгерістер енгізу туралы ноталар алмасу нысанындағы шартты бекіту туралы» №519-II, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жапония Үкіметі арасында «Қазақстан Республикасында ауылдық елді мекендерді сумен жабдықтау» жобасын жүзеге асыру үшін Жапония Үкіметінің грантын тарту туралы ноталар алмасу нысанында келісімді ратификациялау туралы» №520-II заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы «Байқоңыр» кешенінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету мәселелері бойынша ынтымақтастықты одан әрі дамыту туралы меморандумға қол қою туралы» №1276 Жарлығына қол қойды.

10 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстанда ресми сапармен жүрген Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путин-

мен бірге Президенттік мәдениет орталығындағы мемлекеттік рәміздер мен белгілер залын, этнографиялық және археологиялық залды, сонымен қатар, алтын және бағалы металдар мұражайында болды.

Одан соң мемлекет басшылары «Думан» ойын-сауық орталығында және «Астана-Бәйтерек» монументінде болды.

12 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрі А.Б. Самақованы қабылдады. Ол министрліктің 2003 жылғы жұмыс нәтижелері жайында ақпарат берді.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Туризм және спорт агенттігінің төрағасы Д.Б. Тұрлыхановты қабылдады. Ол 2004 жылдың тамызында Грекияда өтетін XXVIII жазғы Олимпиада ойындарына дайындық барысы жайлы баяндады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілерінің күші жойылды деп тану туралы» №521-II Заңына қол қойды.

13 қаңтар

Мемлекет басшысы «Дәрілік заттар туралы» №522-II, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне дәрілік заттар айналымы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №523-II заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «2004–2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы туралы» №1277 Жарлығына қол қойды.

14 қаңтар

Мемлекет басшысы «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ басқармасының төрағасы З.Х. Кәкімжановты қабылдады. Ол өнеркәсіп саласындағы инвестициялық жобалардың перспективасы жөнінде хабардар етті.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы Қ.Т. Тұрысовты қабылдады.

Әңгіме барысында қоғамның экономикалық либералдануының және парламенттің заң шығарушылық қызметінің мәселелері қарастырылды.

Мемлекет басшысы 2004 жылғы 13 қаңтарда 37 адамның өмірін қиған Ташкент қаласының әуежайындағы әуе апатына байланысты Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовке көңіл айту жеделхатын жолдады.

Мемлекет басшысы «Е.Ә. Әбілдаевты Қазақстан Республикасының Тәжікстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №1278 Жарлығына қол қойды.

15 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі М.Қ. Алтынбаевты қабылдады. Ол министрлік жұмысының 2003 жылғы қорытындысы жайында хабардар етті.

Президент кәсіби сержанттық құрамды іріктеу, жаңа әскери техника сатып алу және жаңалау мәселелеріне ерекше көңіл аударды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Украинадағы Төтенше және Өкілетті Елшісі А.Ж. Жұмабаевты қабылдады. Ол екіжақты ынтымақтастықтың ағымдағы жағдайы және экономикалық саладағы даму перспективасы жайында хабардар етті.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Е.А. Әбілқасымовты қабылдады.

Әңгіме барысында Парламенттің заң шығарушылық жұмысы, бұқаралық ақпарат құралдарының қызметі, заңдардың орындалуын бақылау мәселелері қозғалды.

Мемлекет басшысы «Г.А. Рапотаны II дәрежелі «Достық» орденімен наградтау туралы» №1280 Жарлығына қол қойды.

16 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының бірінші вице-премьері Г.А. Марченконы қабылдады.

Президент республикалық үшжақты комиссия отырысының қорытындылары, жаңа тұрғын үй бағдарламасының дайындық барысы, көлеңкелі ка-

питалды заңдастыру мәселелері туралы ақпаратты тыңдады және білім беру және денсаулық сақтау салаларындағы істердің жағдайын жақсарту бойынша бірқатар нақты тапсырмалар берді.

Мемлекет басшысы КСРО Халық әртісі В.С. Лановойдың 70 жылдық мерейтойына байланысты құттықтау жеделхатын жолдады.

Жеделхатта: «Сіздің бірегей шығармашылық өмірбаяныңыз — биік өнерге шексіз беріле қызмет етудің жарқын үлгісі. Әйгілі әрі дарынды актер, шыдамды әрі дана педагог, Сіз бар жан-тәніңізді көрерменге, шәкірттерге, өз халқыңызға қалдықсыз ұсындыңыз.

Сіздің шығармашылығыңыз халықтарымыздың рухани-өнегелік құндылықтарының дамуы мен сақталуына, Қазақстан-Ресей мәдени әріптестігінің кеңеюіне және тереңдеуіне ықпал ететініне сенімдімін», — делінген.

Лановой Василий Семенович — КСРО Халық әртісі. 1934 жылы 16 қаңтарда Мәскеу қаласында дүниеге келген. 1957 жылдан бастап Е.Б. Вахтангов атындағы Мемлекеттік академиялық театр әртісі. «Павел Корчагин», «Алқызыл желкендер», «Соғыс және бейбітшілік», «Офицерлер», «Көктемнің он жеті сәті», «Турбиндер күні» және т.б. фильмдерге түскен.

Мемлекет басшысы «Тың және тыңайған жерлерді игерудің басталуына 50 жыл толуы құрметіне арналған мерекелік медаль туралы» №1281 Жарлығына қол қойды.

17 қаңтар

Мемлекет басшысы «Мемлекеттік әкімшілік қызметшілер лауазымдарының санаттары бойынша тізілімін бекіту туралы» №1282, «Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері, құқық қорғау органдары, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің мемлекеттік өртке қарсы қызметі мен прокуратура органдарының қызметкерлері лауазымдарының санаттары бойынша тізілімдерін бекіту туралы» №1283, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджеті және Ұлттық банкінің сметасы (бюджеті) есебінен қамтылған Қазақстан Республикасының органдары қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі туралы» №1284 жарлықтарына қол қойды.

18–22 қаңтар

Мемлекет басшысы Біріккен Араб Әмірліктерінде ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Абу-Даби қаласында БАӘ Президенті шейх Заид бен Сұлтан әл-Нахаянмен және Абу-Даби әмірлігінің мұрагер ханзадасымен, БАӘ Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысының орынбасары шейх Халифа бен Заид әл-Нахаянмен кездесті.

Кездесуде екіжақты сауда-экономикалық қатынастардың мәселесіне баса назар аударылды. Тараптар өзара ынтымақтастықтың едәуір нығая түскендігін атап өтті және екі елдің бизнесмендерінің арасындағы іскерлік байланыстың тереңдеуі пайдалы екендігі жайлы пікірлерін айтты. Осыған байланысты Астана және Абу-Даби қалаларында арнайы бизнес-орталықтар ашу жайлы шешім қабылданды.

Сапар барысында Қазақстан Президенті «Қазақстанның іскерлік және инвестициялық мүмкіндіктері» бизнес-форумының жұмыстарына қатысты.

Сапар қорытындысы бойынша екі мемлекет басшылары Бірлескен коммюникеге қол қойды, онда жүргізілген келіссөздердің сындарлы сипаты және тараптардың өзара түсіністік пен достық бағытында әрекет ету тілегі белгіленген.

26 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Парламенті палаталарының бірлескен отырысына қатысып, Ұлттық банк төрағасының қызметіне тағайындау үшін Ә.Ғ. Сәйденовтің кандидатурасын депутаттардың қарауына ұсынды.

Мемлекет басшысы «Ә.Ғ. Сәйденовті Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №1285 Жарлығына қол қойды.

27 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы О.Ә. Әбдікәрімовті қабылдады. Ол «Бюджет кодексі туралы», «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы», «Жастар саясаты туралы» заң жобаларының талқылану барысы жайында, сонымен қатар 2004 жылдың мамырындағы ЕурАзЭҚ Парламентаралық Ассамблеясының кезекті отырысына дайындық жайлы хабардар етті.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің төрағасы Ж.А. Тұяқбайды қабылдады. Ол Парламенттің төменгі палатасының заң шығарушылық жұмысы жайлы хабардар етті.

Мемлекет басшысы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №524-II Заңына қол қойды.

28 қаңтар

Мемлекет басшысы Испания Корольдігінің ғылым және жаңа технологиялар министрі Х.К. Климентті қабылдады. Ол Н.Ә. Назарбаевқа екі мемлекет арасындағы саяси және экономикалық саладағы ынтымақтастықты жан-жақты дамыту және жалғастыру ниетін білдірген Испания Королі Хуан Карлос I хатын тапсырды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Ф.О. Оңғарсынованы қабылдады. Ол өзінің сайлау округіндегі жұмыс жағдайы туралы хабардар етті. Білім және ғылым министрлігінің қызметін реформалау бойынша, ауыл мектептерінің жағдайын жақсарту туралы бірқатар ұсыныстар енгізді, сонымен қатар әйелдердің кәсіби өсуін қолдау мәселелерін көтерді.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы Америка Құрама Штаттарының Төтенше және Өкілетті Елшісі Л. Нэпперді қабылдады.

Кездесу барысында сауда-экономикалық саладағы екіжақты ынтымақтастықты кеңейту перспективалары және Қазақстандағы демократия мен азаматтық қоғамды дамыту мәселелері талқыланды.

29 қаңтар

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің кеңейтілген алқа отырысына қатысты.

Президент ұлттық қауіпсіздік органдарының жедел-қызметтік жұмысының 2003 жылғы негізгі қорытындылары туралы және олардың 2004 жылға арналған басымдықтары жайында баяндаманы тыңдады, лаңкестік пен экстремизмге, заңсыз миграция

және есірткі бизнесіне қарсы күрес, экономикалық және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында ҰҚК-нің құқық қорғау органдарымен өзара әрекеттестігі мен үйлестігін күшейту қажеттігін атап көрсетті.

Мемлекет басшысы «ТұранӘлем банкі» АҚ басқармасының төрағасы Е.Н. Тәтішевті қабылдады. Ол банктің 2003 жылғы жұмысының негізгі көрсеткіштері жайында хабардар етті.

Кездесу барысында Президент елдің банк секторының алдында тұрған, ең алдымен индустриалды саясатты қолдау, агроөнеркәсіп кешенін дамыту және екінші деңгейдегі банктердің тұрғын үй құрылысы бағдарламасының іске асуына қатысуы жөніндегі бірқатар жаңа тапсырмаларды айқындап берді.

30 қаңтар

Мемлекет басшысы «Қазақстанның даму банкі» АҚ Басқармасының төрағасы Қ.Б. Шалғымбаевты қабылдап, банктің 2003 жылғы қызметі туралы есебін тыңдады. Кездесу барысында көлік және өнеркәсіптік инфрақұрылымының жоғарғы технологиялы өндірісін құруға бағытталған жүйелік жобалардың тізімі қарастырылды.

Кездесу қорытындысы бойынша Президент индустриалды-инновациялық даму бағдарламасын іске асыруға Қазақстанның даму банкінің қатысуы бойынша бірқатар тапсырмалар берді.

Мемлекет басшысы Чехия Республикасының вице-премьері — Сыртқы істер министрі Ц. Свободаны қабылдады.

Кездесу барысында саяси және әлеуметтік-экономикалық саладағы екіжақты ынтымақтастықты кеңейту перспективалары туралы пікір алмасты. Сонымен қатар Шығыс Қазақстан облысындағы «Азия Авто» зауытының негізінде «Шкода» автокөлігін шығару бойынша құрастыру цехын ашу келіссөздердің басты тақырыбы болды.

Сонымен қатар Ц. Свобода Чехия Президенті В. Клаустың 2004 жылдың сәуірінде Қазақстанға ресми сапармен келуге ниетті екенін білдірді.

Мемлекет басшысы «Тыңға 50 жыл» мерекелік медалімен наградтау туралы» №1286 Жарлығына қол қойды.

АҚПАН

Дс		2	9	16	23
Сс		3	10	17	24
Ср		4	11	18	25
Бс		5	12	19	26
Жм		6	13	20	27
Сн		7	14	21	28
Жк	1	8	15	22	29

50

1 ақпан

Мемлекет басшысы Астана қаласының орталық мешітінде болып, Қазақстан мұсылмандарын Ораза айт мейрамымен құттықтады.

2 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі Ж.А. Досқалиевты қабылдап, денсаулық сақтау жүйесінің 2003 жылғы жұмысы туралы есебін тыңдады.

Кездесу барысында Президент медициналық көмектің кепілді көлемін ұлғайту, әсіресе ауыл тұрғындары үшін медициналық көмектің қолжетімділігі мен сапасын арттыру бойынша нақты тапсырмалар берді.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Г.Д. Қарағұсованы қабылдады. Ол әлеуметтік саланың ағымдағы жағдайы мен 2003 жылдағы министрлік қызметінің негізгі нәтижелері туралы хабардар етті.

Кездесу нәтижесі бойынша Президент зейнетақы жүйесін жетілдіру, жұмыспен қамту және еңбек қатынастары, мүгедектерді әлеуметтік қорғау салалары бойынша бірқатар тапсырмалар берді.

Мемлекет басшысы Қазақстанға тың игерудің 50 жылдығына арналған мерекелік шараға қатысуға келген атақты украиналық жазушысы, тұңғыш тың игеруші Ф.Т. Моргунды қабылдады.

Ф.Т. Моргун Н.Ә. Назарбаевқа қазақстандық әріптестерімен және достарымен кездесуге, тың игерілген жердегі үлкен өзгерістерді өз көзімен көруге мүмкіндік бергені үшін ризашылығын білдірді.

Моргун Федор Трофимович — атақты украиналық жазушысы, ғалым-агроном, қоғам қайраткері. 1954–1965 жылдар аралығында Қазақстанның тың және тыңайған жерлерін игеруге қатысушы. «Тың жайлы ойлар», «Нан және адамдар», «Соқасыз дала» және т.б. кітаптардың авторы.

3 ақпан

Мемлекет басшысы «Миттал Стил Темиртау» АҚ төрағасы Л. Митталды қабылдады және кәсіпорын

қызметінің 2003 жылғы нәтижелері және оның 2004 жылдағы даму перспективасы туралы ақпаратты тыңдады.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі Ә.Р. Жақсыбековті қабылдады. Ол өнеркәсіп дамуының 2003 жылғы негізгі көрсеткіштері және 2003–2015 жылдарға арналған Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асыру барысы туралы хабардар етті.

Президент Қазақстанға ғылыми технологияларды тарту, технопарктерді дамыту және ғылым мен өндірістің байланысын кеңейту қажеттігін көрсетті.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты У.Қ. Қалижанды қабылдады. Ол Балқаш сайлау округіндегі жұмыс жағдайы туралы, Алматы облысының Талғар қаласын сумен жабдықтау мәселелері, сонымен қатар оралмандардың қажеттілігіне бөлінетін қаражатты басқару комиссиясының бақылауы қызметі жайлы ақпарат берді.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Тауарларды сипаттау мен оларға код белгілеудің үйлестірілген жүйесі туралы халықаралық конвенцияға және Тауарларды сипаттау мен оларға код белгілеудің үйлестірілген жүйесі туралы халықаралық конвенцияға түзетулер енгізу туралы хаттамаға қосылуы туралы» №525-II, «Көлік одағын құру туралы келісімге қатысушы мемлекеттердің арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісімді бекіту туралы» №526-II заңдарына қол қойды.

4 ақпан

Мемлекет басшысы Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Т.А. Мансұровты қабылдады. Ол облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының 2003 жылғы қорытындылары және 2004 жылға арналған жоспарлары жайлы хабардар етті.

Мемлекет басшысы Алматы облысының әкімі Ш.Қ. Құлмахановты қабылдады.

Кездесу барысында 2003 жылдағы облыстың дамуының негізгі қорытындылары, бюджетті атқару, жаңа әлеуметтік нысандар құрылысы және инвестиция тарту мәселелері қарастырылды. Президент Қытаймен шекаралық сауданы кеңейту қажеттігін атап көрсетті.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының дипломатиялық және оған теңестірілген өкілдігі туралы ережені бекіту туралы» №1287, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 7 мамырдағы №2975 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1288 жарлықтарына қол қойды.

5 ақпан

Мемлекет басшысы Астана қаласындағы Ұлыбритания Елшілігі өкілдігінің ашылу салтанатына қатысу үшін Қазақстанға келген Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Сыртқы істер министрі Дж. Строны қабылдады.

Әңгіме барысында Қазақстан-Британия сауда-экономикалық, әсіресе, энергетика, тау-кен өнеркәсібі, пайдалы қазбаларды өндіру және барлау, құрылыс, денсаулық сақтау, көлік және байланыс, консалтингілік қызмет саласындағы ынтымақтастықты кеңейту перспективалары қарастырылды.

Мемлекет басшысы Алматы қаласының, Ақтөбе және Қызылорда облыстарының әкімдерін қабылдап, 2003 жылғы аймақтардың әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары жайлы есептерін тыңдады.

Алматы қаласының әкімі В.В. Храпуновпен кездесуі барысында Президент қаланың тұрғын үй құрылысын кеңейту, ортаазиялық аймақтың қаржылық орталығы ретінде қаланың көлік инфрақұрылымын және әлеуметтік-мәдени әлеуетін дамыту мәселелері бойынша бірқатар нақты тапсырмалар берді.

Ақтөбе облысының әкімі Е.Ж. Имантаевпен кездесу кезінде облыс аумағындағы жаңа «Алтынсарин-Хромтау» теміржолының, газ құбыры және газ өңдейтін зауыттың құрылыстарына, сонымен қатар пайдалы қазбалар кен орындарын игеру мәселелеріне баса назар аударылды.

Қызылорда облысының әкімі С.Ө. Нұрғисаевпен кездесу кезінде Қызылорда қаласын газдандыру,

Арал теңізінің, Шардара және Сырдария өзендерінің толысуы мәселелері басты тақырыпқа айналды. Сонымен қатар Президент облыстағы елді мекендерде су деңгейінің көтерілу қаупін тез арада шешу қажеттігін атап айтты.

Сол күні Мемлекет басшысы айтулы оқиға болып саналатын тың және тыңайған жерлерді игерудің 50 жылдығына байланысты оған қатысқан ардагерлерді марапаттады.

Салтанатты рәсімді аша отырып, Н.Ә. Назарбаев «бұрынғы Кеңес Одағының бүкіл кеңістігінде 50 жыл бұрын тың жерді игеру басталғаны жайлы есте сақтағандардың аз» екенін атап өтті. «Бұл оқиға уақыт өте келе, әсіресе, соңғы жылдары әртүрлі бағалауларға тап болды. Бірақ оның маңызы ол кезде халық пен ел нанға зар болғандықтан, тың жерді игеру аса қажет болуына негізделген. Қазіргі таңда Қазақстан нанмен тек өзін ғана емес, көршілерін де қамтамасыз етіп отыр, азық-түлікке жіберілетін бидаймен әлемнің көптеген елдерімен сауда жасайды».

«Тыңға 50 жыл» мерекелік медалі Қазақстанның тың және тыңайған жерлерін игерудің басталуына 50 жыл толу құрметіне Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 16 қаңтардағы Жарлығымен бекітілген.

Медальмен республикада тың және тыңайған жерлерді игеруге және ауыл шаруашылығын дамытуға елеулі үлес қосқан Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетелдік азаматтар, сондай-ақ бұрын тың және тыңайған жерлерді игергені үшін медалімен марапатталғандар наградталады.

6 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстанның тың және тыңайған жерлерін игерудің 50 жылдығына арналған салтанатты жиынға қатысты.

Тұңғыш тың игерушілер алдында Н.Ә. Назарбаев: «Тың игеру — аға буынның, көптеген туысқан халықтар өкілдерінің үлкен ерлігі. Және біз бүгінгі таңда тың игерудің бірде-бір ардагерін ұмытпауға тиіспіз. Еліміздің ауыл-шаруашылығын көтеруге, тың игеруге қатысқан барлық кәсіптер мен түрлі жастағы адамдардың еңбегін атап өту қажет. Бұл біздің тұңғыш тың игерушілердің алдындағы адами борышымыз», — деп сөз сөйледі. (Қосымшаны қараңыз).

10 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің алқа отырысына қатысты. Онда 2003 жылдың 7 мамырындағы Президент Жарлығының жүзеге асырылу барысы және Қарулы күштердің 2004 жылға арналған міндеттеріне байланысты сұрақтар талқыланды.

Президент Қарулы Күштерді технологиялық қайта жабдықтау, оларды экономикалық және кадрлық қамту мәселелеріне баса назар аудара отырып, қазақстандық әскерді жаңалау бойынша, әскерлерді сапалы жетілдіру бойынша нақты тапсырмалар берді.

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Түркия Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Х.Т. Себеннен сенім грамотасын қабылдады.

Әңгіме барысында Х.Т. Себен Түркия Қазақстанның Орталық Азиядағы көшбасшылық рөлін мойындайтынын және өзара тауар алмасу көлемін 1 млрд. долларға дейін ұлғайту және «Ақтау-Баку-Тбилиси-Джейхан» мұнай құбырының жедел құрылысы таяу мерзімді перс-пективада екіжақты ынтамақтастықтың басымдығы болып табылатынын атап айтты.

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Қауіпсіздік кеңесінің хатшысы В.Б. Рушайлоны қабылдады.

Әңгіме барысында екіжақты және көпжақты пішіндегі, сонымен қатар, ТМД, ҰҚШҰ, ШЫҰ және ЕурАзЭҚ аясындағы Қазақстан-Ресей қатынастарының кең ауқымды мәселелері талқыланды. Атап айтқанда, әскери және әскери-техникалық ынтымақтастық мәселелері, сонымен қатар заңсыз миграцияға, есірткі айналымына, ұйымдасқан қылмысқа және халықаралық терроризмге қарсы күрес саласындағы бірлескен шаралары талқыланды.

11 ақпан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрағасы О.Н. Өксікбаевты қабылдады. Ол жүргізілген тексерулердің 2003 жылғы нәтижелері туралы баяндады.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі К. Мыржықбаевты қабылдады.

2004–2006 жылдарға арналған «Мәдени мұра» Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру, астананың мәдени ошақтарын дамыту, ауылдық жерлердегі дарынды балаларды қолдау және оқыту мәселелері әңгіменің басты өзегі болды.

12 ақпан

Мемлекет басшысы отандық ғылым мен өнеркәсіп саласының өкілдерімен бірқатар жұмыс кездесулерін өткізді.

Ғылымды өндіріспен ұштастыру, нарықтық қатынастар жағдайындағы ғылымның даму мәселелері Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының президенті М.Ж. Жұрыновпен әңгімесінің басты өзегі болды. М.Ж. Жұрынов ғылыми-зерттеу құрылымдарының өзін өзі өтеуін қамтамасыз ету, отандық академиялық зерттеулердің деңгейін арттыру бойынша шаралар, ғылымды ұйымдастырудың жаңа моделі жайында айтты.

Қазақстан Республикасының Минералды ресурстар академиясының президенті Ғ.Р. Бекжанов Қазақстанның геологиялық қызметтерін дамыту қажеттігін және геологиялық ғылымның мәселелері мен қазіргі ахуалы жайында хабарлады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Т.Ә. Қожамқұлов оқу үрдісін жетілдіру, білім беру жүйесінің заманауи жағдайларға бейімделуі, мамандарды даярлау сапасын арттыру бойынша оқу орнының жұмысы жайлы баяндады.

«Қазақмыс» корпорациясы» АҚ президенті В.С. Ким 2003 жылғы корпорация жұмысының қорытындысы мен 2004 жылға арналған жоспарлары жайлы ақпарат берді.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Экономика және бюджетті жоспарлау министрі Қ.Н. Келімбетовті қабылдады. Ол елдің саяси-экономикалық дамуының 2003 жылғы негізгі қорытындылары жайында хабарлады.

Кездесу барысында Президент тұрғын үй құрылысының мемлекеттік бағдарламасын жасау-

ды, сонымен қатар экономиканың көлеңкелі секторын шығару тетіктеріне қатысты ұсыныстар енгізуді тапсырды.

13 ақпан

Мемлекет басшысы Франция Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Э. Де Монтескьюмен кездесті.

Кездесу барысында халықаралық және аймақтық саясаттың өзекті мәселелері, атап айтқанда, лаңкестікке қарсы күрес, сонымен қатар екіжақты ынтамақтастықты кеңейту мәселелері қозғалды. Н.Ә. Назарбаев 2003–2015 жылдардағы Қазақстанның индустриалық-инновациялық даму стратегиясы шеңберінде жоғарғы технологиялар саласындағы француз инвесторларының мүмкіндіктерін атап өтті және олардың Қазақстан нарығындағы белсенділігіне сенім білдірді.

Мемлекет басшысы, американдық меценат және бизнесмен Р. Лаудерді қабылдап, онымен екі ел бизнесмендерінің ынтымақтастығын одан әрі кеңейту мәселелерін талқылады.

Мемлекет басшысы «Л. Нэпперді Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №1289 Жарлығына қол қойды.

18 ақпан

Мемлекет басшысы «Б.Н. Перес Камехоны Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №1290 Жарлығына қол қойды.

26 ақпан

Мемлекет басшысы Франция Республикасының Президенті Ж. Ширакпен телефон арқылы сөйлесті.

Ж. Ширак қарусыздандыру және халықаралық қауіпсіздікті нығайту үдерістеріндегі белсенді ынтымақтастығы үшін бірқатар еуропа мемлекеттері басшыларының атынан ризашылығын білдірді.

Тараптар екі ел арасындағы саяси және экономикалық қатынастардың перспективалары мен жағдайы, Қазақстан экономикасына Францияның ірі және орта бизнесінің қатысуын кеңейту

жолдары, мәдениет саласындағы ынтымақтастық, сонымен қатар Франция Президентінің Қазақстанға келу мүмкіндіктері туралы ой бөлісті.

Әңгіме соңында сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі комиссияның бірлескен отырысын Париж қаласында өткізу туралы келісімге қол жеткізілді.

27 ақпан

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Ерекше бөлім) толықтыру енгізу туралы» №527-II Заңына қол қойды.

28 ақпан

Мемлекет басшысы «Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау туралы» №528-II Заңына қол қойды.

НАУРЫЗ

Дс	1	8	15	22	29
Сс	2	9	16	23	30
Ср	3	10	17	24	31
Бс	4	11	18	25	
Жм	5	12	19	26	
Сн	6	13	20	27	
Жк	7	14	21	28	

1 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Әзірбайжан Республикасының Президенті И.Г. Алиевпен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамда өткізілген келіссөздер барысында тараптар мұнай-газ, көлік және мәдени-гуманитарлық сала, сонымен қатар Каспий маңындағы мемлекеттердің аймақтық лаңкестікке қарсы орталығын құру жөніндегі Қазақстанның бастамасын және Каспийдегі тұрақтылық пактісін бекіту мәселелерін талқылады.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы мен Әзірбайжан Республикасы арасындағы достық қарым-қатынастар және стратегиялық әріптестік туралы декларацияға қол қойылды. Одан басқа байланыс, мәдениет, ғылым және туризм, ғылыми-техникалық және әскери салалардағы ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімдерге қол қойылды.

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Әзірбайжан Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Л.С. Гандиловтан сенім грамотасын қабылдады.

2 наурыз

Мемлекет басшысы Сауд Арабиясы Корольдігінде ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Эр-Рияд қаласында мұрагер ханзада Абдалла бен Әбдел Әзизбен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамда өткізілген келіссөздер барысында мемлекет басшылары екіжақты сауда-экономикалық байланысты кеңейту мәселелерін талқылады және өз елдерінің сәйкес министрліктері мен ведомстволарына нақты тапсырмалар берді. Н.Ә. Назарбаев «Астана-Қарағанды» автожолын жаңартудағы, Алматы қаласындағы кардиологиялық орталығының және Астана қаласындағы Парламент Сенатының ғимаратының құрылысындағы ынтымақтастық деңгейіне көңілі толатындығын білдірді.

Кездесу соңында Қазақстан Президенті мұрагер ханзаданы «Достық» орденімен марапаттады. Өз кезегінде Абдалла бен Әбдел Әзиз Н.Ә. Назарбаевқа Қазақстан-Сауд қатынасын дамыту ісіндегі еңбегі үшін өз елінің жоғары наградасы «Ұлы Бадр алқасы» орденін тақты.

1

2

3

4

«Достық» ордені 1995 жылы шығарылған. Екі дәрежесі бар. Онымен қоғамда өзара келісімді сақтау бойынша жемісті еңбек еткен, халықтар арасындағы бейбітшілік, достық пен ынтымақтастықты нығайтуға айрықша үлес қосқан қазақстандық және шетелдік азаматтар марапатталады.
I-ші дәрежелі «Достық» ордені жұлдыздан (1-сурет) және аспалы лентаға тағылған орден белгісінен (2-сурет), I-ші дәрежелі «Достық» ордені — төске тағатын орден белгісінен (3-сурет) тұрады.

«Ұлы Бадр алқасы» орденін (4-сурет) 1971 жылдың 20 наурызында Сауд Арабиясының Королі Фейсал бен Әбдел Әзиз бекіткен.
Орден мемлекет басшыларына олардың қызметі мен еңбегі үшін алғыс ретінде беріледі.

Мемлекет басшысы «Көп балалы аналарды «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградтау туралы» №1293, «Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 2 желтоқсандағы №1238 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» №1294 жарлықтарына қол қойды.

3 наурыз

Мемлекет басшысы Сауд Арабиясы Королдігіне ресми сапар барысында осы елдің жоғары лауазымды тұлғаларымен және бизнесмендерімен бірқатар кездесулер өткізді.

Атап айтқанда, Н.Ә. Назарбаев Мұнай және минералды ресурстар министрі Әли ибн Ибрагим ән-Нуаймимен; «SABIC» ұлттық компаниясының президенті Хамид әл-Маадимен; Сыртқы істер вице-министрі Низар әл-Маданимен; Қаржы министрі Ибрагим әл-Асафпен; Премьер-министрдің орынбасары, Қорғаныс және авиация министрі ханзада Сұлтан бен Әбдел Әзизбен кездесті.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Эр-Рияд қаласындағы дипломатиялық қалашықта болды, онда Қазақстан елшілігі ғимаратының жобасымен танысты, одан соң Сауд Арабиясының Ұлттық мұражайында болып қайтты.

Күн соңында Мемлекет басшысы Сауд Арабиясының іскерлік ортасының өкілдерімен кездесті.

4 наурыз

Мемлекет басшысы Сауд Арабиясы Королдігіне ресми сапары барысында Дүниежүзілік ислам лигасының Бас хатшысы шейх Абдалла бен Абдел ат-Түркимен кездесті.

10 наурыз

Мемлекет басшысы дипломатиялық аккредитация мерзімінің аяқталуына байланысты Қазақстан Республикасындағы Малайзия Федерациясының Төтенше және Өкілетті Елшісі Тан Сен Санды қабылдады.

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Куба Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Т.К. Камачодан сенім грамотасын қабылдады.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының отырысына қатысты және палата төрағасының лауазымына Н.Ә. Әбіқаевтың кандидатурасын ұсынды. Сенаторлар бірауыздан Н.Ә. Әбіқаевты Сенат төрағасы етіп сайлады.

Н.Ә. Назарбаев жемісті жұмысы үшін О.Ә. Әбдікәрімовке ризашылығын білдіріп, оны Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы қызметіне тағайындалуымен құттықтады.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің төрағасы Ә. Ғ. Сәйденовті қабылдады. Ол ақша-несие саясатының негізгі бағыттарын жүзеге асыру барысы, инфляцияны бақылау бойынша банкпен қолданылатын шаралар, ипотекалық несиелеу перспективалары, сонымен қатар тұрғын үй құрылысы мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға Ұлттық банктің қатысуы туралы хабардар етті.

Президент банк және сақтандыру секторының, құнды қағаз нарығының одан әрі дамуы, несиелер бойынша пайыздық мөлшерлемені азайту бойынша бірқатар нақты тапсырмалар берді.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу және Қылмыстық-атқару кодекстеріне өлім жазасын орындауға мораторий

енгізуге байланысты өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №529-II, «Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы және Өзбекстан Республикасы арасындағы «Орталық Азия Ынтымақтастығы» ұйымын құру туралы шартты бекіту туралы» №530-II, «Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы конвенцияны бекіту туралы» №531-II, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне қаржы лизингі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №532-II, «Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы» №533-II, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне этил спирті мен алкоголь өнімінің өндірілуін және айналымын мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №534-II заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен Тан Сен Санды наградтау туралы» №1295, «Н. Әбіқаев туралы» №1296, «Н. Әбіқаевты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты қызметіне тағайындау туралы» №1297, «И.Н. Тасмағамбетовті Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы қызметіне тағайындау туралы» №1298, «О. Әбдікәрімовті Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы қызметіне тағайындау туралы» №1299, «С.М. Тайыровты Қазақстан Республикасының Иран Ислам Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №1300, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 27 сәуірдегі №3928 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» №1301, «Қазақстан Республикасы Жоғарғы сот кеңесінің құрамындағы өзгерістер туралы» №1302 жарлықтарына қол қойды.

12 наурыз

Мемлекет басшысы Энергоресурс саласында Қазақстан-Корея ынтымақтастығы бойынша комитетінің алғашқы отырысына қатысу мақсатымен келген Корея Халықтық-Демократиялық Республикасының коммерция, өнеркәсіп және энергетика министрі Ли Хи Бомды қабылдады.

Кездесу барысында екі ел арасындағы сауда-экономикалық қатынастарды дамыту мәселелері жайында пікір алмасты.

Мемлекет басшысы «Отан» Республикалық саяси партиясының 5 жылдығына арналған кезектен тыс VI съезіне қатысты.

«Бұл күндері Отан партиясы өзінің алғашқы мерейтойын атап өтуде. Бұдан бес жыл бұрын ел басшылығының экономикалық және саяси бағдарын тікелей және ашық қолдау мақсатындағы Президенттің жақтастарын біріктірген оның құрылтай съезі болып өткен еді. Партия бүгінгі күні де өз қызметінде осы бағдарға адал болып қалады», — деді съездің ашылуында Н.Ә. Назарбаев (Қосымшаны қараңыз).

Мемлекет басшысы Испания Королі Хуан Карлос I көптеген адамдарды құрбан еткен Мадрид қаласындағы лаңкестік әрекетке байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

«Сіздің отандастарыңыздың қазасы туралы хабарды терең қайғымен қабылдадым. Қазақстандықтар орындаушылар мен ұйымдастырушыларға ешқандай ақтау болмайтын бұл қылмысқа ашулы. Бұл қайғы терроризмнің бүкіл адамзатқа төнген қауіп екендігін, лаңкестікпен күресте халықаралық ынтымақтастықты күшейту қажеттігін қайталап көрсетті», — делінген жеделхатта.

Мемлекет басшысы «1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттер арасындағы әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары туралы келісімнің шеңберінде жеткізілетін әскери мақсаттағы өнімдердің нысаналы пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыру тәртібі туралы хаттаманы бекіту туралы» №535-II, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне мемлекеттік органдардың өкілеттіктері мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы» №536-II заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №1303, «Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы» №1304 жарлықтарына қол қойды.

13 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясында болып, онда

электронды дауыс берудің жаңа автоматтандырылған ақпараттық «Сайлау» жүйесімен танысты.

14 наурыз

Мемлекет басшысы Алматы облысының әкімі Ш.Қ. Құлмахановқа Талғар ауданының Талдыбұлақ ауылында болған көшкін нәтижесінде қаза болған адамдарға байланысты көңіл айту жеделхатын жіберді.

Президент, сонымен қатар Үкіметке табиғат апатының салдарын жою жөнінде комиссия құруды және шаралар қолдануды тапсырды.

15 наурыз

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен телефон арқылы сөйлесті және президенттік сайлаудағы жеңісімен құттықтады.

Әңгіме барысында, сонымен қатар екі ел арасындағы энергетика, көлік және мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастықтың даму мәселелері талқыланды.

Н.Ә. Назарбаев Қазақстандағы Мәскеу жылы барысында Қазақстан-Ресей қатынастарының жаңа деңгейге көтерілетіндігіне және одан әрі дамитынына сенім білдірді.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Д.К. Ахметовті қабылдаап, 2004 жылдың 14 наурызында Алматы облысы Талғар ауданының Талдыбұлақ ауылында болған көшкін салдарын жою шаралары туралы есебін тыңдады.

Мемлекет басшысы Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Б.Ә. Жылқышиевті қабылдаап, аймақтың индустриалық-инновациялық даму барысы туралы есебін тыңдады.

Әңгіме барысында ауыл шаруашылығын дамыту, атап айтқанда, мақта егетін жерді ұлғайту, жүзім өсіру және шарап жасау мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы «KEGOC» АҚ президенті Қ.А. Бозымбаевты қабылдады. Ол компания жұмысының негізгі көрсеткіштері жайында, сонымен қатар бірқатар перспективалы жобалардың жүзеге асу барысы туралы, соның ішінде 500 киловольттық «Екібастұз-Шу» жаңа жоғары вольтті желі құрылысын салу мәселесі жайында хабардар етті.

16 наурыз

Мемлекет басшысы Еуропалық комиссияның сыртқы байланыстар жөніндегі комиссары К. Паттенді қабылдап, онымен Қазақстанның ДСҰ-ға кіру және алдағы ЕҚЫҰ-на алдағы төрағалығы мәселелерін талқылады.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Ақпарат және байланыс агенттігінің төрағасы Б.Б. Кәнешевті қабылдады. Ол ведомство жұмысының негізгі бағыттары, соның ішінде байланыс нарығының либералдануы, телекоммуникациялық инфрақұрылымның дамуы, электронды үкіметтің құрылуы туралы хабардар етті.

17 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Ғ.Е. Қасымовты қабылдады. Ол өзі басшылық ететін Қазақстан патриоттар партиясының саяси тұғырнамасы, сонымен қатар Алматы қаласындағы өзінің сайлау округіндегі сайлаушылармен жұмысы туралы хабардар етті.

Мемлекет басшысы В.В. Путинге Ресей Федерациясының Президенті лауазымына қайта сайлануына байланысты құттықтау жеделхатын жолдады.

Жеделхатта: «Бүкілхалықтық сайлау нәтижесі Ресей халқы еркін және демократиялық даму жолының, экономикалық гүлденудің, мәдени және рухани құндылықтардың қайта жандануының пайдасына нақты таңдау жасағандығын көрсетті. Бұл қиын жолда ресейліктердің алдында елдің әкімшілік-экономикалық жүйесін алдағы реформалаумен, азаматтық қоғамды құрумен және азаматтық келісімді нығайтумен байланысты маңызды тапсырмаларды шешу мәселелері тұр», — делінген.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 10 шілдедегі №1148 Жарлығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы» №1306, «Көп балалы аналарды «Алтын алқа» алқасымен наградтау туралы» №1307, «Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының жекелеген мәселелері туралы» №1308, «Ливан Республикасында Қазақстан Республикасының Дипломатиялық

миссиясын ашу туралы» №1309 жарлықтарына қол қойды.

18 наурыз

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №537-II Заңына қол қойды.

Президент, сондай-ақ «А.Ж. Жұмабаев туралы» №1310 Жарлығына қол қойды.

19 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысында «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті ұлт үшін!» Қазақстан халқына Жолдауын жариялады (Қосымшаны қараңыз).

20 наурыз

Мемлекет басшысы Қостанай облысында жұмыс сапарымен болып, онда облыс активіне облыстың жаңа әкімі С.В. Кулагинді таныстырды.

Сол күні Мемлекет басшысы Ақмола облысында жұмыс сапарымен болып, онда облыс активіне облыстың жаңа әкімі М.Т. Есенбаевты таныстырды.

Мемлекет басшысы «С.С. Қалмырзаев туралы» №1311, «Т.М. Досмұханбетовті Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқарушысы қызметіне тағайындау туралы» №1312, «Ө.Е. Шүкеевті Астана қаласының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №1313, «С.В. Кулагинді Қостанай облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №1314, «М.Т. Есенбаевты Ақмола облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №1315, «Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясы) төрағасы С.С. Қалмырзаевты Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшесі қызметіне тағайындау туралы» №1316 жарлықтарына қол қойды.

22 наурыз

Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен Наурыз мейрамына байланысты мерекелік іс-шараға қатысты.

Президент Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде болып, профессорлық-оқытушылық құраммен және оқу орнының студенттерімен кездесті. Жиналғандардың алдында сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев бұл күнді жастармен кездесуден бастағаны кездейсоқтық емес екенін айтты. «Сендер — болашақтың адамысыңдар, бүгін біздің жасап жатқан жұмыстарымыздың, ойларымыздың барлығы — Қазақстанның болашағы мен сендердің болашақтарың үшін. Қазір еліміз білікті мамандарға аса мұқтаж болып отыр. Тарих білікті және білімді азаматтары бар мемлекет қана жетістіктерге жететіндігін көрсетті», — деді Президент.

Одан соң Н.Ә. Назарбаев астана театры ұжымы, «Салтанат» би ансамблі, колледж бен жоғарғы оқу орындарының шәкірттері мен қалалықтар қатысқан елорданың орталық алаңында өткен «Көш керуен» театрландырылған қойылымын тамашалады.

23 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің төрағасы Б.Б. Жәмішевті қабылдады. Ол ведомствоның ағымдағы жұмысы туралы хабардар етті.

Кездесу барысында жинақтаушы зейнетақы қорларының кірістілігі туралы, сонымен қатар «Міндетті сақтандыру туралы», «Құнды қағаздар нарығы туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы» заңдардың қабылдануына байланысты сақтандыру нарығы мен құнды қағаздар нарығындағы өзгерістер туралы мәселелерді қарауға баса назар аударылды.

Мемлекет басшысы Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясының тең төрағасы Ә.М. Бәйменовті қабылдады.

Кездесу барысында Президенттің 2004 жылдың 19 наурызындағы «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті ұлт үшін!» атты Қазақстан халқына Жолдауы және оның жүзеге асуына саяси партиялардың атсалысуы талқыланды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы №29 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №1317 Жарлығына қол қойды.

24 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстанның шағын және орта бизнес өкілдерінің тобымен кездесті.

Кездесуге Павлодар облысынан «Казэнергокабель» ААҚ-ның бас директоры В.Я. Бобров, Қарағанды қаласынан «Absolute Kazakhstan» ЖШС-ның директорлар кеңесінің төрағасы А.В. Борисенко, Солтүстік Қазақстан облысынан «Электро оқшаулағыш материалдардың Петропавлдық кәсіпорны» ЖШС-ның бас директоры С.И. Григоренко, Алматы қаласынан «Профиль ЛТД» ЖШС-ның бас директоры Ғ.А. Жәшібеков, Ақтөбе металл емес құбырлар зауытының бас директоры Я.Т. Тампаев, «Агромашхолдинг» АҚ Қостанай филиалының директоры А.Э. Тен және Оңтүстік Қазақстан облысынан «Inada textile» Қазақстан-Қытай бірлескен кәсіпорнының директоры Ж. Шілтерханов қатысты.

Президент кәсіпкерлердің өндірістің даму перспективалары, жергілікті атқарушы билікпен қарым-қатынасы, кәсіпорында еңбекақыны уақтылы төлеуі, олардың кәсіби-техникалық кадрларды дайындау орындарында әлеуметтік мәселелерді шешуге қатысуы және т.б. жайлы сұрап білді.

«Қазіргі таңда Қазақстандағы шағын және орта бизнес секторы шамамен 30%-ды құрайды. Мақсат — оны 50%-ға жеткізу. Мемлекет еңбек етуге жарамсыздарға — балаларға, мүгедектерге, зейнеткерлерге көмектеседі, ал қалғандары жұмыс істеуі тиіс, өндіріспен мемлекет емес, бизнес өкілдері айналысуы қажет», — деді Н.Ә. Назарбаев.

Мемлекет басшысы «И.А. Адырбеков туралы» №1318 Жарлығына қол қойды.

25 наурыз

Мемлекет басшысы «Halliburton» компаниясының атқарушы директоры және басқарма төрағасы Д. Лезарды қабылдады.

Кездесу барысында қазақстандық мұнай кен орындарында жаңа технологияларды қолдану, мұнай-газ саласындағы жаңа бірлескен кәсіпорындар құру, Қазақстандағы шетел компания-ларына міндетті шарт ретінде қазақстандық жұмыс күшін тарту мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы БАҚ саласындағы Қазақстан Республикасы Президенті сыйлығының лауреаты,

«Время» газетінің тілшісі Г.И. Бендицкийді қабылдады. Әңгіме барысында отандық медианарықты дамыту, БАҚ-пен биліктің өзара қарым-қатынасы, тілшілердің заңдылық пен әділдік қағидаттарын сақтау мәселелері бойынша пікір алмасты.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 20 наурыздағы №88 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №1319 Жарлығына қол қойды.

26 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстанның Республикалық ардагерлер кеңесінің төрағасы М.Р. Сағдиевті қабылдады.

Кездесу барысында 2004 жылдың 19 наурызындағы «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті ұлт үшін!» Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы, сонымен қатар Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60-жылдығына арналған мерекелік шараны өткізуге дайындық барысы талқыланды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 2 сәуірдегі №839 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №1320, «Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 наурыздағы №829 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» №1321 жарлықтарына қол қойды.

29 наурыз

Мемлекет басшысы Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовпен телефон арқылы сөйлесті, Қазақстан халқының және өз атынан Ташкент пен Бұқара қалаларында осы күні болған лаңкестік әрекет нәтижесінде адамдардың қаза болуына байланысты көңіл айтты.

Тараптар қауіпсіздік және терроризмге қарсы күрес саласындағы ынтымақтастықты жандандыру туралы келісті.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 10 наурыздағы №357 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы» №1322,

«Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы №550 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №1323 жарлықтарына қол қойды.

30 наурыз

Мемлекет басшысы Астана қаласының әкімі Ө.Е. Шукеевті қабылдап, астанадағы әлеуметтік-экономикалық жағдай туралы мәліметті тыңдады.

Кездесу барысында Астана қаласының сол жақ жағалауындағы нысандардың құрылысын аяқтау бойынша бірінші кезекті іс-шараларды жасауға және шешуге, сонымен қатар Президенттің Қазақстан халқына Жолдауында қойылған әлеуметтік тапсырмаларды жүзеге асыруға, атап айтқанда, денсаулық сақтау, білім беру және халықты әлеуметтік қорғау саласындағы қызмет сапасын арттыруға баса назар аударылды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 19 наурыздағы №1042 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №1325, «Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2004 жылдың сәуір-маусым мен қазан-желтоқсан айларында кезекті мерзімді әскери қызметке шақырту туралы» №1326 жарлықтарына қол қойды.

31 наурыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің кезекті отырысына төрағалық етті.

Отырыста 1999–2005 жылдардағы мемлекеттің Ұлттық қауіпсіздігі стратегиясының жүзеге асу барысын, сонымен қатар сыртқы саяси қызметті жандандыру, елдің күш-қуат құрылымдарының әлеуетін нығайту, экономикалық және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, мемлекеттік резервтер жүйесін оңтайландыру мәселелерін талқылады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің штат саны мен құрылымы туралы» №1327 Жарлығына қол қойды.

САУЫР

Дс		5	12	19	26
Сс		6	13	20	27
Ср		7	14	21	28
Бс	1	8	15	22	29
Жм	2	9	16	23	30
Сн	3	10	17	24	
Жк	4	11	18	25	

1 сәуір

Мемлекет басшысы Қытай ұлттық мұнай компаниясының вице-президенті, «ҚҰМК-Ақтөбемұнайгаз» ААҚ-ның директорлар кеңесінің төрағасы У Яовеньді қабылдады және «Қазақстан-Қытай» мұнай құбыры құрылысының мәселелерін талқылады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Әуе қорғанысы күштері мен Ресей Федерациясы Әскери әуе күштерінің құрамалары мен әскери бөлімдеріне жауынгерлік атыстар өткізу үшін әскери полигондарды өзара беру тәртібі туралы келісімді бекіту туралы» №538-II, «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық қайта құру және даму банкі арасындағы «Ормандарды сақтау және республика аумағының орманды жерлерін көбейту» жобасын дайындауға грант бөлу туралы келісімді бекіту туралы» №539-II, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Бельгия Корольдігі Үкіметінің арасындағы Әуе қатынасы туралы келісімді бекіту туралы» №540-II заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Кешірім жасау туралы» №1328, «Кешірім жасау актісін қолданбау туралы» №1329, «Кешірім жасау жөніндегі өтінішін қанағаттандырудан бас тарту туралы» №1330, «Кешірім жасау актісін қолданбау туралы» №1331, «Кешірім жасау жөніндегі өтінішін қанағаттандырудан бас тарту туралы» №1332, «Кешірім жасау актісін қолданбау туралы» №1333 жарлықтарына қол қойды.

2 сәуір

Мемлекет басшысы өзі бастама жасаған Еуразиялық Одақ идеясына 10 жыл толуына байланысты Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде болған «Еуразияшылдық: идеядан практикаға» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясына қатысты.

Конференцияға қатысушылардың алдында сөйлеген сөзінде оларға 1994 жылы Еуразиялық Одақ жобасының негізіне салынған негізгі қағидаттары туралы еске салды. Бұл интеграцияның прагматикалық сипаты ең алдымен экономикалық мақсатқа негізделген;

көпқабатты және түрлі жылдамдықты ықпалдастыру; бірлесіп күш салу арқылы қауіпсіздікті қамтамасыз ету; ықпалдасудың еркінділігі. Н.Ә. Назарбаевтың сөзі бойынша бұл қағидаттардың барлығы уақыт сынынан өтті және қисындылығын дәлелдеді (Қосымшаны қараңыз).

Еуразиялық одақ құру идеясын 1994 жылғы 29 наурызда М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің профессорлық-оқытушылық құрамымен кездесуінде Н.Ә. Назарбаев айтқан болатын. Сол жылдың 3 маусымында Қазақстан Президенті осы идеяның дамуына дайындаған ЕАО жобасын жұртшылық талқылауына шығарды.

Мемлекет басшысы «Мемлекеттік құпиялар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы» №541-II Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Грузияда Қазақстан Республикасының Дипломатиялық миссиясын ашу туралы» №1334, «Канадада Қазақстан Республикасының консулдығын қайта ұйымдастыру туралы» №1335, «Норвегия Корольдігінде Қазақстан Республикасының Дипломатиялық миссиясын ашу туралы» №1336, «Ұлы Социалистік Халық Ливия Араб Джамахириясында Қазақстан Республикасының Дипломатиялық миссиясын» ашу туралы» №1337, «Болгария Республикасында Қазақстан Республикасының Дипломатиялық миссиясын ашу туралы» №1338 жарлықтарына қол қойды.

3 сәуір

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгіме барысында мемлекет басшылары екі ел арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту мәселелерін, БЭК құру перспективаларын, кеден және тариф заңнамаларын бірегейлендіру жолдарын, сонымен қатар Қазақстандағы Ресей жылын өткізу барысын талқылады.

Мемлекет басшысы Украина Президенті Л.Д. Кучмамен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгіме барысында тараптар екіжақты экономикалық ынтымақтастықтың жағдайы туралы пікір алмасты, экономикалық интеграцияның сапалы жаңа кезеңіне өту мақсатында БЭК құру мәселелерін талқылады.

Мемлекет басшысы Астана қаласына БЭК-ті құру бойынша жоғары деңгейдегі топтың XI отырысына келген Ресей Федерациясының, Украинаның және Беларусь Республикасының делегация басшыларын қабылдады.

Кездесу барысында қатысушы елдер парламенттерінің БЭК туралы келісімді бекіту перспективалары талқыланды.

5 сәуір

Мемлекет басшысы Қызылорда облысында жұмыс сапарымен болып, онда облыс активіне облыстың жаңа әкімі И.А. Адырбековті таныстырды.

Сол күні Мемлекет басшысы Алматы қаласына келді.

Мемлекет басшысы «Ж.А. Досқалиев туралы» №1339, «Е.А. Досаевты Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі қызметіне тағайындау туралы» №1340, «А.Ғ. Дунаевты Қазақстан Республикасының Қаржы министрі қызметіне тағайындау туралы» №1341, «С.Ө. Нұрғисаев туралы» №1342, «И.А. Адырбековті Қызылорда облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №1343 жарлықтарына қол қойды.

6 сәуір

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Қазақстанға Орталық Азия елдері бойынша сапары аясында келген, ЕҚЫҰ төрағасы — Болгария Республикасының Сыртқы істер министрі С. Пассиді қабылдады.

Кездесу барысында ЕҚЫҰ және Қазақстанның өзара іс-әрекеттерінің мәселелері, елдегі демократиялық реформа барысы және күзде болатын парламенттік сайлауға дайындық үдерісі талқыланды. Одан басқа, әңгімеде екіжақты қазақстан-болгар ынтымақтастығының мәселелері, соның ішінде «Бургас-Александруполис» жобасына Қазақстан жағының қатысу перспективалары және Қазақстан нарығына болгар шарабының және жеміс-көкөністі өнімдерінің экспорты мәселелері қозғалды.

С. Пасси, сонымен қатар Н.Ә. Назарбаевқа Болгария Президентінің атынан өз еліне ресми сапармен келуге шақырды.

7 сәуір

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Қытай мемлекеттік даму банкінің президенті Чэнь Юаньді қабылдады.

Кездесуде мұнай-газ саласындағы бірлескен қазақстан-қытай жобаларын қаржыландыру бойынша банк қызметінің мәселелері қарастырылды.

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Алматы қаласының әкімі В.В. Храпуновтың басшылығымен қала аудандарының әкімдерін қабылдады.

Президент қалада автокөлік магистралін, көлік жолайрықтарын одан әрі дамыту, Алматы метро құрылысын және дарарельсті жолдарды аяқтау, қарапайым қалалықтарға қолжетімді тұрғын үй салу қажеттігіне әкімдердің назарын аударды.

Кездесу нәтижесі бойынша Н.Ә. Назарбаев Алматы қаласының әкіміне Алматы облысының әкімімен бірлесе мегаполис айналасындағы айналма жолдардың құрылысы туралы мәселені шешуді және қаладағы экологиялық жағдайды жақсарту бойынша шаралар қабылдауды тапсырды.

Сол күні Мемлекет басшысы Алматы қаласында ашылған «Silk Way City» гипермаркетінде болып, жаңа технологиямен салынған ультразаманауи ғимаратпен танысты.

8 сәуір

Мемлекет басшысы Қалалық ардагерлер үйінде Алматы қаласының соғыс ардагерлерімен кездесті және олармен өзінің 2004 жылдың 19 наурызындағы «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті ұлт үшін!» Қазақстан халқына Жолдауында белгіленген аға буынды әлеуметтік қорғау басымдылықтарын талқылады.

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Қазақстан Республикасының Ұлттық

ғылым академиясының академигі З.Қ. Қабдоловты қабылдады.

Кездесу барысында қазақстандық ғылымның даму перспективалары және білім беру жүйесін реформалау мәселелері қарастырылды.

Сол күні Мемлекет басшысы Астана қаласына келіп, «Астанабасжоспар» МКК-ға барды және елорданың сол жақ жағалауындағы бірінші кезекте салынатын ғимараттардың макетімен танысты.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне міндетті әлеуметтік сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №542-II, «Тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігі туралы» №543-II заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасының облыстық және оларға теңестірілген соттарының судьяларын, сондай-ақ аудандық және оларға теңестірілген соттарының төрағалары мен судьяларын қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы» №1345, «Көп балалы аналарды «Алтын алқа» алқасымен наградтау туралы» №1346 жарлықтарына қол қойды.

10 сәуір

Мемлекет басшысы Астана қаласындағы Константино-Еленинский кафедралды соборында Қазақстанның православиелік христиандарын Жарқын Христос мерекесімен құттықтады.

Өз сөзінде Н.Ә. Назарбаев: «Пасха ұлы мерекесін Қазақстанда үлкен қуанышпен қарсы алады. Рамазан мен Құрбан айт сияқты көктемнің бұл күні де бізге махаббат пен мейірімділік сыйлайды, және Қазақстан жерінде тұратын барлық ұлттар мен халықтардың өкілдерін біріктіреді. Адамдардың бір-біріне деген сенімін сақтай отырып, достық заңдарын құрметтей отырып, еліміз тұрақты көпұлтты мемлекет ретінде атағы шықты. Соның арқасында экономика дамиды, қазақстандықтардың өмірі жақсарады. Бүкіл әлемде соғыс болып, қан төгіліп жатқанда, республикамызда ұлтаралық келісім, төзімділік және басқаның діни сеніміне құрметпен қарау орнап отыр. Сондықтан, Отанымыздың әлемдік және дәстүрлі діндердің көшбасшыларының I съезінің өткізу орнына айналуы кездейсоқтық емес», — деді.

12 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Қ.Ж. Ережеповті қабылдады. Ол өзі басшылық ететін «Отан» Республикалық саяси партиясының парламенттік фракциясының қызметі, әлеуметтік заңнамаға түзету блогын қабылдау жөніндегі бірлескен парламенттік-үкіметтік комиссия жұмысының қорытындылары туралы айтты. Кездесуде, сонымен қатар оралмандарды мемлекеттік қолдау мәселелері қозғалды.

Мемлекет басшысы мемлекеттік кадр саясатының мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Кеңеске Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының төрағалары, Президент Әкімшілігінің басшылары, Үкімет мүшелері, орталық мемлекеттік орган басшылары, облыстың, Астана және Алматы қалаларының, облыстық маңызы бар қала мен аудан әкімдері, Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттіктің аумақтық органдарының басшылары қатысты.

Кеңес қорытындысы бойынша Н.Ә. Назарбаев мемлекеттік қызметті одан әрі жетілдірудің басымдықтарын анықтады (Қосымшаны қараңыз).

Мемлекет басшысы «Сауда қызметін реттеу туралы» №544-II Заңына қол қойды.

14 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы ретінде «Сарышаған» полигонында «Сарыарқа-2004» стратегиялық оқу-жаттығуларының үшінші кезеңіне қатысты.

Оқу-жаттығуларға мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша лаңкестікке қарсы операцияларды жүргізу мен дайындықты шыңдау мақсатында әскердің барлық түрлері жұмылдырылды, атап айтқанда Әуе қорғанысы Күштерінің, аэроұтқыр және зымыран әскерінің, артиллерия, байланыс, басқа да қорғаныс құрылымдарының бөлімшелері қатыстырылды.

Оқу-жаттығуларының аяғында Президент әскери қызметкерлердің позицияларында болды, олардың қызметіне, тұрмысына көңіл бөлді және сарбаздармен суретке түсті.

Мемлекет басшысы «Г.А. Марченко туралы» №1347 Жарлығына қол қойды.

15 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Ауғанстан Ислам Мемлекетінің Президенті Х. Карзаймен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамда өткізілген келіссөздер барысында аймақтық қауіпсіздік саласында екіжақты ынтымақтастықтың даму перспективалары, халықаралық лаңкестікке қарсы қазақстандық және ауғандық арнайы қызметтердің өзара қатынастарын орнату, экстремизм, есірткі бизнесі және заңсыз миграция жайлы пікір алмасты.

Қазақстанның Ауғанстан экономикалық инфрақұрылымының қайта қалпына келтіру үдерісіне қатысу мәселелері кездесудің келесі өзекті тақырыбына айналды. Н.Ә. Назарбаев Қазақстан әлемдік қауымдастықтың Ауғанстанға ұсынған қалпына келтіру жұмыстары мен жобаларына қатысуға шынайы мүдделі екендігін атап өтті. Бұл көлік-коммуникациялық және энергетикалық инфрақұрылымын, ирригация кешендерін және кен өндіруші өнеркәсіпті қалпына келтіруге және құрылысын салуға қатысты.

Келіссөздер нәтижесінде өзара қарым-қатынас және ынтымақтастық негіздері туралы мемлекетаралық келісім-шартқа және сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімге қол қойылды.

Сол күні Мемлекет басшысы сапар бойында Қазақстанға келген Чехия Республикасының Президенті В. Клауспен кездесті.

Кездесу барысында тараптар Чехияның ЕО-ға кіру және оның аумағында сауда саласына бірыңғай еуропалық саясаттың таралуына байланысты Қазақстаннан келетін кейбір тауарды импорттауға шек енгізу тұрғысынан екі елдің сауда-экономикалық ынтымақтастығының жағдайы мен перспективаларын талқылады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №545-II Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» №1348, «Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 29 сәуірдегі №857 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №1349 жарлықтарына қол қойды.

16 сәуір

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының орындаушылықтар мен фонограммалар жөніндегі шартына қосылуы туралы» №546-II, «Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік зияткерлік меншік ұйымының авторлық құқық жөніндегі шартына қосылуы туралы» №547-II заңдарына қол қойды.

18 сәуір

Мемлекет басшысы Германия Федеративтік Республикасында ресми сапармен болып, Федералды канцлер Г. Шредермен бірге Ганновер қаласындағы Ганновер жәрмеңкесінің ашылу салтанатына қатысуымен басталды.

«Мен үшін осындай танымал жәрмеңкенің ашылуында сөз сөйлеу үлкен қуаныш, осы жәрмеңкенің арқасында керемет Ганновер қаласына келдім. Әлемдік танымалдылыққа ие болған Ганновер өнеркәсіптік жәрмеңкесі көптеген іскер адамдардың қызығушылығын тудырады. Және бұл заңды құбылыс, себебі әлемді жылжытатын техникалық прогресс, ал инновация, жаңа технология деген ұғымдар, менің ойымша, қашаннан бері бұл жәрмеңкенің ұранына айналған», — деді Қазақстан Президенті.

Ганновер жәрмеңкесі (Hannover Messe) — жоғары технологиялардың, инновацияның және өнеркәсіптік автоматтандырудың әлемдегі ең ірі көрмелерінің бірі. Алғашқы көрме 1947 жылы 16 тамызда өткізілген.

Сол күні Мемлекет басшысы Германияның ресми және іскерлік ортасының өкілдерімен бірқатар екіжақты кездесулер өткізді, соның ішінде Төменгі Саксония федералды жерінің Премьер-министрі К. Вульфпен, Еуропалық аэроғарыш және қорғаныс компаниясының басқарма мүшесі Т. Эндерспен, «MAN Ferrostaal AG» концерні басқармасының төрағасы М. Мичерлихпен және «Wintershall AG» компаниясы басқармасының төрағасы Р. Цвитцерлоотпен кездесті.

19 сәуір

Мемлекет басшысы Германия Федеративтік Республикасына ресми сапары барысында Федералды канцлері Г. Шредермен бірге Ганновер көрмесі аясындағы Қазақстан экономикасы күндерінің ашылу салтанатына қатысты.

Қазақстанның көрмелік экспозициясын отандық экономиканың флагмандары «ҚазМұнайГаз», «Қазақтелеком», «Қазмырыш», Өскемен титан-магний комбинаты, «KEGOC» және т.б. сияқты 50-ге тарта жетекші компаниялар көрсетті.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Ганновер қаласынан Берлин қаласына келіп, Федералды канцлер Г. Шредермен шағын және кеңейтілген құрамда келіссөздер жүргізді.

Келіссөздердің қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің, «Инжиниринг және технологиялар трансферті орталығы» АҚ мен «Siemens AG» компаниясының арасында өзара түсіністік туралы, сонымен қатар «ҚазМұнайГаз» Ұлттық мұнай-газ компаниясы» АҚ мен «Wintershall AG» компаниясының арасында ынтымақтастық пен өзара түсіністік туралы екі меморандумға қол қойылды.

Мемлекет басшысы Германияның социал-демократиялық партиясы басқаратын парламент фракциясы төрағасының орынбасары, Бундестаг депутаты, Германия-Қазақстан қоғамдастығының төрағасы Г. Эрлермен кездесіп, онымен Қазақстан ГФР байланыстарының, соның ішінде мәдени және гуманитарлық салалардағы байланыстардың даму перспективаларын талқылады.

Сол күні Мемлекет басшысы Берлин қаласының Жаңа ұлттық галереясында болып, Сезанн, Ван Гог, Пикассо, Дали, Матисс, Шагал, Хоппер, Поллок және т.б. сияқты заманауи сурет өнерінің атақты шеберлерінің 200-ден астам шедеврлері қойылған Нью-Йорк заманауи өнер мұражайының жылжымалы экспозициясын тамашалады.

20 сәуір

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясында жұмыс сапарымен болып, осы елдің астанасы Мәскеу қаласында Президент В.В. Путинмен кездесті.

Шағын құрамдағы кездесулер 2004 жылғы 9–10 қаңтарда В.В. Путиннің Қазақстанға ресми сапары кезінде қол жеткізілген уағдаластықтардың жүзеге асу барысын талқылауға арналды. Қазақстан-Ресей мемлекеттік шекарасын делимитациялау үдерісін тез арада аяқтау мәселелеріне баса назар аударылды.

Сол күні Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Үкіметінің төрағасы М.Е. Фрадковпен және Мәскеу қаласының мэрі Ю.М. Лужковпен жұмыс бабындағы кездесулер өткізді.

22 сәуір

Мемлекет басшысы Алматы қаласында болып, өзінің алматылық резиденциясында бірқатар жұмыс бабындағы кездесулер өткізді.

Американ кәсіпкерлік институтының тұрақты мүшесі, АҚШ қорғаныс саясаты жөніндегі Кеңес мүшесі Р. Перлмен кездесуінде лаңкестікке қарсы күрес тұрғысынан халықаралық саясат мәселелері бойынша пікір алмасу өтті.

Ресей елшілігінің және қазақстандық митрополит округінің орталық кеңсесінің Астана қаласына көшіру, сонымен қатар Қазақстанның астанасында жаңа кафедралды собор құрылысының мәселелері Астана митрополиті мен Алматы Мефодийі және Қазақстандағы Ресей Федерациясының Төтенше және Өкілетті елшісі В.А. Бабичевпен әңгімесіндегі талқылау тақырыбына айналды.

ЕурАзЭҚ бас хатшысы Г.А. Рапотамен әңгіме барысында Орталық Азияның гидроэнергетикалық ресурстарын игеру, аймақтың көлік жүйесін дамыту және ортақ кеден кеңістігін құру мәселелері қаралды.

Сол күні Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен III Еуразиялық медиа-форумға қатысты.

Н.Ә. Назарбаев форумның ашылуында сөйлеген сөзінде қазіргі жаһанданушы әлемнің негізгі қайшылықтарына баса назар аударды. Олардың қатарына қазіргі өркениет қақтығыстары мен барлық мораль мен құқық нормаларының шегінен шығатын күшті жауап-

тар арасындағы қайшылықтарды, саяси көзқарастар мен халықаралық құқық нормаларының арасындағы қайшылықтарды; жаһандану мен ұлттық мемлекеттілік арасындағы қайшылықтарды; технологиялық қуат пен мәдени шыдамдылық арасындағы қайшылықтарды жатқызды (Қосымшаны қараңыз).

Еуразиялық медиа-форумды құру туралы бастаманы көтерген «Хабар» ұлттық ақпараттық агенттігі болып табылады. Форум Қазақстанда 2001 жылы «Еуразиялық медиа-форум» қоры коммерциялық емес үкіметтік емес ұйымы ретінде ресми түрде тіркелген.
Форумның басты мақсаты қазіргі заманғы дамудағы әлемдік мәселелер бойынша саясаткерлер, журналистер мен сарапшылардың еркін және ашық пікір алысуларына жағдай жасау және оларға БАҚ тарапынан әсер ету болып табылады. Алғашқы медиа-форум 2002 жылдың сәуір айында болып өтті.

23 сәуір

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Америка Құрама Штаттарының БҰҰ-дағы Елшісі, Еуропа және Канада ісі жөніндегі Мемлекеттік хатшының бұрынғы орынбасары Р. Холбрукты қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық реформалардың жүргізілуі, әлемдік саясат мәселелері бойынша пікір алмасты.

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан менеджмент, экономика және болжамдау институты Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Ч.Й. Бэнгті қабылдады. Ол ҚМЭБИ жұмысы жайында хабардар етті.

Әңгіме барысында, сонымен қатар Қазақстанда жоғары білікті мамандарды дайындау деңгейін арттыру перспективалары қаралды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» №1350, «Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 11 ақпандағы №805 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1351 жарлықтарына қол қойды.

24 сәуір

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі» №548-II Заңына қол қойды.

26 сәуір

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің төрағасы Ә.Ғ. Сәйденовті және Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің төрағасы Б.Б. Жәмішевті қабылдап, ведомстволардың 2003 жылғы жұмыстары жайлы есептерін тыңдады.

Президент сақтандыру нарығын дамыту бағдарламасын жасауды және Үкіметке енгізуді, сонымен қатар «Акционерлік қоғамдар туралы», «Құнды қағаздар туралы» заңдарға өзгертулер мен толықтыруларды дайындауды тапсырды.

28 сәуір

Мемлекет басшысы Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовпен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгіме барысында тараптар аймақтық қауіпсіздік мәселелерін талқылады және өз елдеріндегі экономикалық және саяси жағдай, сонымен қатар аймақтағы лаңкестіктің болуына қарсы әрекеттер жөніндегі шаралар туралы бір-бірін хабардар етті.

Мемлекет басшысы «Бірыңғай экономикалық кеңістік құру туралы келісімді бекіту туралы» №549-II Заңына қол қойды.

30 сәуір

Мемлекет басшысы «Чехия Республикасының, Эстония Республикасының, Кипр Республикасының, Латвия Республикасының, Литва Республикасының, Венгрия Республикасының, Мальта Республикасының, Польша Республикасының, Словения Республикасының және Словакия Республикасының Еуропалық Одаққа кіруін назарға ала отырып, бір тараптан Қазақстан Республикасы және екінші тараптан Еуропалық Қоғамдастықтар мен оларға мүше мемлекеттер арасындағы әріптестік орнататын Әріптестік пен ынтымақтастық туралы келісімге хаттамаға қол қою туралы» №1352, «Қазақстан темір жолының 100 жылдығы құрметіне арналған мерекелік медаль туралы» №1353, «Е.Ә. Әбілдаевқа II сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №1354, «С.М. Тайыровқа II сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №1355 жарлықтарына қол қойды.

МАМЫР

Дс		3	10	17	24	31
Сс		4	11	18	25	
Ср		5	12	19	26	
Бс		6	13	20	27	
Жм		7	14	21	28	
Сн	1	8	15	22	29	
Жк	2	9	16	23	30	

1 мамыр

Мемлекет басшысы Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай Астана қаласында өткен мерекелік іс-шараларға қатысты.

Астананың Республика алаңына жиналғандардың алдында сөз сөйлей келе, Н.Ә. Назарбаев қазақстандықтарды мерекелерімен құттықтады: «Біз — көп ұлтты елміз. Бізде бәрі республикамызда тұратын халықтардың арасындағы сенімге, достыққа, махаббатқа сүйенеді. ...Ұлтаралық бірлік пен тұрақтылықтың, барлық көршілермен достықтың арқасында республикамыз үлкен жетістіктерге жетті. Қазақстан посткеңестік кеңістігінде ең тез дамып келе жатқан мемлекет болып есептеледі. Одан арғы жетістіктерді тек елімізде саяси тұрақтылық болса, оның азаматтары бұрынғысынша бейбітшілік пен келісімде өмір сүрсе ғана есептеуге болады. БҰҰ Қазақстандағы халықтардың қарым-қатынасын үлгіге алып отыр. Республиканың Халық ассамблеясының жұмысы Еуропада және бүкіл әлемде жиынтықталып зерттелуде. Еліміздің алтын игілігі — халықтардың бауырластығы, олардың бір-біріне деген сенімі мен құрметін қазақстандықтар сақтауы тиіс.

Бұл жай әдемі сөздер немесе саяси ұрандар емес — бұл өмір. Келісім болмаса, халықтың дамуы жайлы сөз болмайды. Осы жылдар бойы, қазіргі таңда әлемнің түрлі жерлерінде болып жатқандай, ұлтаралық тартыстардан қан төгілген жоқ».

5 мамыр

Мемлекет басшысы «Орталық Азия ынтымақтастығы» ұйымына қатысушы мемлекеттердің парламенттік делегациясының басшыларын қабылдады.

Кездесу барысында аймақ елдерінің арасындағы парламентаралық ынтымақтастықты дамыту мәселелері жайында тыңғылықты пікір алмасу болды.

Мемлекет басшысы «Астанабасжоспар» МҚК-да болып астананың одан әрі даму мәселелері жөнінде кеңес өткізді.

Президент кеңес қатысушыларының назарын астананың ойдағыдай дамуына кедергі келтіріп отырған негізгі 3 мәселеге аударттты. Олардың қатарына дамымаған инфрақұрылымды, қала жолдарының заман талабына сай келмеуін және тұрғын үй құрылысындағы кемшіліктерді жатқызды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №1356, «Қазақстан Республикасы Республикалық ұланының бір топ әскери қызметшілерін «Астана» естелік медалімен наградтау туралы» №1357 жарлықтарына қол қойды.

6 мамыр

Мемлекет басшысы «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгеріс енгізу туралы» №550-II, «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне дәрілік заттар айналымы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №551-II заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Жоғары әскери және арнаулы атақтар беру туралы» №1358, «Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 13 сәуірдегі №371 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1359, «Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің 2003 жылға арналған есебін бекіту туралы» №1360 жарлықтарына қол қойды.

7 мамыр

Мемлекет басшысы Отан қорғаушылар Күніне орай әскери қызметкерлерінің, арнаулы қызмет жұмысшыларының және құқық қорғау органдарының тобына әскери және қызметтік борышын үлгілі атқарғаны үшін мемлекеттік наградалар және жоғары әскери және арнайы атақтар берілуіне байланысты ерекшелік белгілерін табыс етті.

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Н.Н. Дүтбаев II дәрежелі «Барыс» орденімен марапатталды. Сонымен қатар, марапатталғандардың ішінде Ирактағы бітімгерлік операцияларына қатысқан офицерлер мен солдаттардың үлкен тобы бар.

Генерал-майор әскери атағы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Аэроұтқыр әскерінің қолбасшысы М.Ж. Майкеевке, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі директорының орынбасары М.Ж. Мәрденовке, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ішкі әскерінің қолбасшысы А.Б. Серәлиевке, ҰҚК Атырау облысы бойынша департаментінің бастығы А.Қ. Иса-

бековке, ҰҚК Астана қаласы бойынша департаментінің бастығы Е.С. Тайжановқа, ҰҚК Павлодар облысы бойынша департаментінің бастығы Ә.Ш. Шаяхметовке берілді.

Полиция генерал-майоры атағы Қазақстан Республикасы Ішкі істер вице-министрі В.Н. Курбатовқа және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі академиясының бастығы С.Е. Еркіновке берілді.

1 2 3 4

«Барыс» ордені 1999 жылы бекітілген. Үш дәрежесі бар. I, II және III дәрежелі «Барыс» орденімен Қазақстан Республикасының мемлекеттігі мен егемендігін нығайту ісіне; бейбітшілікті, қоғамның топтасуы мен Қазақстан халқының бірлігін қамтамасыз етуге; мемлекеттік, өндірістік, ғылыми, әлеуметтік-мәдени және қоғамдық қызметте; халықтар арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға; ұлттық мәдениеттерді жақындастыру мен өзара байытуға; мемлекеттер арасындағы достық қатынастарды дамытуға сіңірген ерекше еңбегі үшін марапатталады.

I дәрежелі «Барыс» ордені жұлдыздан (1-сурет) және иыққа асатын лентадағы белгіден тұрады (2-сурет). II дәрежелі «Барыс» — қалыбындағы белгіден тұрады (3-сурет). III дәрежелі «Барыс» — мойынға тағатын лентадағы белгіден тұрады (4-сурет).

Мемлекет басшысы Отан қорғаушылар күніне орай Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігінде өткен Ұлы Отан соғысының ардагерлерін қабылдау рәсіміне қатысты және 19 ардагерге жаңа пәтердің кілттерін табыс етті.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 9 сәуірдегі №2940 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1361, «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1362 жарлықтарына қол қойды.

9 мамыр

Мемлекет басшысы Жеңіс күніне орай Астана қаласында өткен мерекелік іс-шараларға қатысты.

Президент «Отан қорғаушылар» монументіне гүл шоғын қойып, ардагерлермен бірге Ұлы Отан соғысында қаза болған батырларды бір минут үнсіздікпен еске алды.

Жиналғандардың алдында сөйлеген сөзінде қазақстандықтарды мерекелерімен құттықтады.

«Жеңістің 59 жылдығы — бүкілхалықтық және әлемдегі ұлы мейрамдардың бірі. 20 миллионнан астам адам, бұрынғы Кеңес Одағының азаматтары, біз, олардың ұрпақтары, еркін әрі гүлденетін әлемде өмір сүрсін деп Ұлы Отан соғысында бас қосты. Біздің аталарымыз бен әкелеріміз Отан қорғауда өмірі мен қанын аямады. Аға буынның Отанға деген шынайы махаббатының үлгісі ретінде Жеңіс күнін жадымызда ұстаймыз және тойлаймыз», — деп атап айтты Н.Ә. Назарбаев.

11 мамыр

Мемлекет басшысы Германия Федеративтік Республикасының Сауда-өнеркәсіп палаталары бірлестігінің президенті Л.-Г. Браунды қабылдады.

Кездесу барысында екі елдің кәсіби-техникалық білім беруді ұйымдастыру, кадрлардың біліктілігін арттыру, сонымен қатар нарық субъектілерінің арасындағы дауды шешуге қажетті әртүрлі өнеркәсіп саласы бойынша ресми сарапшыларды анықтау бойынша екі елдің сауда-өнеркәсіп қызметін үйлестіру мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне жергілікті мемлекеттік басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №552-II Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір актілеріне өзгерістер енгізу туралы» №1363 Жарлығына қол қойды.

12 мамыр

Мемлекет басшысы ҰҚШҰ бас хатшысы Н.Н. Бордюжаны қабылдады. Ол ұйымның 2003 жылғы жұмысы және ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезекті сессиясына дайындық барысы жайында хабардар етті.

Мемлекет басшысы «ҚазМұнайГаз» Ұлттық мұнайгаз компаниясы» АҚ президенті Ұ.С. Қарабалинді қабылдады және компанияның ағымдағы қызметінің нәтижелері мен алдағы даму жоспары туралы есепті тыңдады.

Кездесу барысында Каспий теңізінің қазақстандық секторын игерудің мемлекеттік бағдарламасын жүзеге

асыру мәселелеріне, атап айтқанда, газ құбырының, көліктік магистральдарының және экспорттық мұнай құбырларының дамуына, Каспийде жүргізілетін жұмыстар кезінде экологиялық талаптарды сақтауға баса назар аударылды.

14 мамыр

Мемлекет басшысы республикалық теледидарда тікелей эфирде қазақстандықтардың сұрағына жауап берді.

Жалпы алғанда тікелей эфирді жүргізу және дайындау барысында елдің барлық аймақтарынан 12098 сұрақ пен азаматтардың жолданымы түсті, оның ішіндегі 43 сұраққа Н.Ә. Назарбаев телеэфирде жауап берді.

Өзекті мәселелер мен сұрақтар бойынша Мемлекет басшысы министрліктер мен ведомство басшыларына нақты тапсырмалар берді, ал оның орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігіне жүктелді.

Мемлекет басшысы «А.С. Есімовті Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №1364, «С.Ә. Үмбетовті Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі қызметіне тағайындау туралы» №1365, «Б.Б. Жексембинді Жамбыл облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №1366, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы №29 және 2003 жылғы 20 маусымдағы №1141 жарлықтарына толықтыру мен өзгеріс енгізу туралы» №1367, «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1368, «Б. С. Әйтімованы Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары қызметіне тағайындау туралы» №1369 жарлықтарына қол қойды.

16 мамыр

Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасына мемлекеттік сапармен келді.

17 мамыр

Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасына мемлекеттік сапар барысында осы елдің астанасы Бейжің қаласында ШЫҰ атқарушы хатшысы Чжан Дэгуанмен

және Қытай Ұлттық мұнай-газ компаниясының президенті Чэнь Гэнмен кездесулер өткізді.

Кездесулер барысында ШЫҰ аясында әріптестікті дамыту мәселелерін талқылады және «Қазақстан-Қытай» мұнай құбыры құрылысының жобасын қарады.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасының Төрағасы Ху Цзиньтаомен кездесті.



Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында екі елдің сауда-экономикалық және энергетикалық ынтымақтастығын кеңейту перспективалары мен ахуалы талқыланды.

Келіссөздер нәтижесінде мемлекет басшылары Бірлескен мәлімдеме қабылдады. Сонымен қатар 1991 жылғы келісімді алмастырған, Қазақстан Республикасы мен ҚХР арасындағы ынтымақтастық жөніндегі бірлескен комиссия құру; мұнай және газ саласындағы көпжақты ынтымақтастықты дамыту; сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімдерге қол қойылды. Одан басқа, өсімдік қорғау және карантині, екі ел азаматтарының уақытша еңбек қызметі, теміржол көлігі саласындағы ынтымақтастық туралы ведомствоаралық келісімдерге қол қойылды.

«ҚазМұнайГаз» Ұлттық мұнай-газ компаниясы» АҚ мен Қытай ұлттық мұнай-газ компаниясының арасындағы «Атасу-Алашанькоу» мұнай құбыры құрылысының негізгі принциптері туралы жасалған келісім ерекше маңызға ие болды.

«Атасу-Алашанькоу» мұнай құбыры бірінші кезекте «Қазақстан-Қытай» мұнай құбырының магистралін білдіреді. Ол Қазақстан мұнайының экспортын шығыс бағытта жүргізуін қамтамасыз етуге тартылған және қазақстандық энерготасымалдаушылардың маршрутын әлемдік нарыққа осылайша әртараптандыруға арналған.

Мемлекет басшысы «Қ.Е. Көшербаев туралы» №1370 Жарлығына қол қойды.

18 мамыр

Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасына мемлекеттік сапар барысында Қазақстан және Қытай кәсіпкерлерінің Кеңесін құру аяқталысымен бірден өткізілген Қазақстан және Қытай кәсіпкерлерінің Кеңесін құру рәсіміне қатысты.

Кеңес мүшелеріне айтқан сөзінде: «Қазақстан және Қытай кәсіпкерлерінің Кеңесі іскерлік ынтымақтастықты сапалы жаңа деңгейге көтерері сөзсіз. Оған еліміздің кәсіпкерлері мен компанияларының арасындағы тікелей байланысты дамытуда ынталандырушы рөл ойнауға міндеттелген, ол екі жақты сауда-экономикалық байланыстарды одан әрі дамыту жөнінде ынтымақтастық бойынша нақты ұсыныстарды үкіметіміз бен бірлескен комиссияның қарауына ұсынатын болады», — деп атап өтті Н.Ә. Назарбаев.



Түстен кейін Мемлекет басшысы ҚХР Мемлекеттік кеңесінің Премьері Вэнь Цзябаомен, Халық өкілдерінің бүкілқытайлық жиналысы Тұрақты комитетінің төрағасы У Бангомен, ҚХР бұрынғы төрағасы Цзян Цзэминмен кездесті және екіжақты ынтымақтастықтың кең ауқымды мәселелерін талқылады.

19 мамыр

Мемлекет басшысы Қытай Халық Республикасына мемлекеттік сапар барысында Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданына (ШҰАА) барды, онда Қытай Коммунистік партиясы ОК Саяси бюросының мүшесі, ШҰАА партия комитетінің хатшысы Ван Лэцюанмен және ШҰАА Төрағасы И. Терьвалдпен кездесті.

ШҰАА басшылығымен келіссөздерден кейін Н.Ә. Назарбаев Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі мен Қазақстанның инвестицияларға қолдау көрсету жөніндегі «Қазинвест» орталығы ұйымдастырған бизнес-форумға қатысты. Форумға қазақстандық және қытайлық даму институттарынан, ірі кәсіпорындардан, банктерден 130-дан астам делегат қатысты.

Күннің соңында Қазақстан Президенті Үрімші экономикалық және техникалық даму аймағына барып, онда «Райымбек Фуд (Шыңжаң) Co. Ltd.» компаниясының шырын өндіру зауыты — алғашқы қазақстандық кәсіпорнының ашылу рәсіміне қатысты.

21–22 мамыр

Мемлекет басшысы Испания Корольдігінде жұмыс сапарымен болып, осы елдің астанасы Мадрид қаласында Үкімет төрағасы Х.Л. Сапатеромен кездесті.

Келіссөздер барысында мұнай-газ өнеркәсібі, тұрғын үй құрылысы, сауда саласындағы екіжақты ынтымақтастықты кеңейту перспективалары талқыланды. Осыған байланысты Х.Л. Сапатеро Н.Ә. Назарбаевқа Қазақстанда Испанияның сауда өкілдігін ашу ниеті туралы мәлімдеді.

Сонымен қатар аймақтық қауіпсіздік мәселелері бойынша, атап айтқанда, Ауғанстандағы және Орталық Азиядағы жағдай туралы пікір алмасу болды.

Кездесу соңында тараптар екіжақты қарым-қатынастың одан әрі нығаятынына сенімдерін білдірді.

24 мамыр

Мемлекет басшысы Украинаның Ялта қаласында өткен, құрамына Беларусь, Қазақстан, Ресей және Украина кіретін БЭК қалыптастыру туралы келісімге қатысушы мемлекеттер басшыларының саммитіне қатысты.

Мемлекет басшылары Бірыңғай экономикалық кеңістік құру туралы бекіту грамоталарымен алмасты және оның заңды рәсімдеуіне қажетті бірінші кезектегі шараларды талқылады.

Кеңейтілген талқылау барысында Н.Ә. Назарбаев бірінші кезекте БЭК аясында кедендік және көліктік одақ құрудың жөн екендігі туралы ойын айтты.

Бірыңғай экономикалық кеңістік (БЭК) — халықаралық экономикалық ұйым, мақсаты, аты айтып тұрғандай, мүше мемлекеттердің бірыңғай экономикалық кеңістігін құру.

БЭК қалыптастыру туралы келісімге 2003 жылғы 19 қыркүйекте Ялта қаласында Беларусь, Қазақстан, Ресей және Украина Президенттері қол қойды.

БЭК аясында бірінші кезеңде мүше мемлекеттерден келетін тауар импортына қатысты еркін сауда режимін қамтамасыз ету, кеден одағының және біртұтас бәсекелестік ортаны қалыптастыру алғышарттарын дайындау, ұлттық заңнамалармен үйлестіру бойынша шараларды жүзеге асыру. Екінші кезеңде — алымсыз және шексіз еркін сауда аймағын қалыптастыруды аяқтау, үйлестірілген бәсекелестік саясатын жүргізу, бірыңғай кеден тарифі бар кедендік одақ құру. Үшінші, соңғы кезеңде, тауарлардың, қызметтердің, капиталдың және жұмыс күшінің еркін қозғалысын қамтамасыз ету жоспарланған. «Төрттік» мемлекеттердің интеграциялық өзара әрекеттестігін тереңдету шарасы бойынша, мүше мемлекеттер өз еріктерімен өкілеттіліктерін беретін бірыңғай реттеу органы құрылуы тиіс.

Құрамына үкімет пен Ұлттық координаторлар институты басшыларының орынбасарлары кіретін Жоғары деңгейдегі топ БЭК органдары болып табылады.

Сонымен бірге, 2006 жылы БЭК-тен Украинаның шығуына байланысты және БЭК пен ЕурАзЭҚ мақсаттарының ұқсастығын ескере отырып, оларды біріктіру туралы шешім қабылданды.

25 мамыр

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Норвегия Корольдігінің Премьер-министрі К.М. Бондевикті қабылдады.

Кездесу барысында мұнай-газ секторындағы екіжақты ынтымақтастықтың даму мәселелері талқыланды, сонымен қатар халықаралық бірқатар маңызды мәселелер, соның ішінде лаңкестікке қарсы күрес және жаппай қырып жою қаруын таратпау мәселелері бойынша пікір алмасты.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне қоршаған ортаны қорғау және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №553-II, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісімді бекіту туралы» №554-II заңдарына қол қойды.

26 мамыр

Мемлекет басшысы Экология және тұрақты даму жөніндегі Азия-Тынық мұхиты аймақтық форумының төрағасы Р. Хасимотоны қабылдады.

Кездесу барысында экология және әсіресе Каспий аймағын су ресурстарымен қамту мәселелері бойынша байыпты пікір алмасу болды. Рютаро Хасимото Қазақстанның экология және тұрақты даму жөніндегі Азия-Тынық мұхиты аймақтық форумының толық құқықты мүшесі бола алатындығын жеткізді және Жапония алдағы уақытта да Семей полигонындағы ядролық қару сынақтарынан жапа шеккендерге медициналық көмек көрсете беретінін мәлімдеді.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ислам даму банкі арасындағы Қазақстанда Қарағанды облысының ауылды сумен жабдықтау жобасы үшін қарыз туралы келісімді бекіту туралы» №555-II, «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық

қайта құру және даму банкі арасындағы қарыз (Нұра өзенін тазарту жобасы) туралы келісімді бекіту туралы» №556-II заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Кешірім жасау туралы» №1371, «Кешірім жасау жөніндегі өтінішін қанағаттандырудан бас тарту туралы» №1372, «Шығыс Қазақстан облысының көп балалы аналарын «Алтын алқа» алқасымен наградтау туралы» №1373 жарлықтарына қол қойды.

27 мамыр

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгіме барысында тараптар 2004 жылғы 24 мамырда Ялта қаласында өткен БЭК қалыптастыру туралы Келісімнің қатысушы мемлекет басшылары саммитінің қорытындыларын және 2004 жылдың қыркүйегінде Астана қаласында өткізуге жоспарланған БЭК-тің келесі саммитінің күн тәртібін талқылады. Сонымен қатар екіжақты қарым-қатынастың жағдайы мен перспективалары, Қазақстандағы Ресей жылын өткізу барысы қаралды.

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттары Конгресінің мүшелері — сенатор К. Бернсті және конгресмен Д. Рехбергті қабылдады.

Кездесу барысында конгресмендер Н.Ә. Назарбаевқа Қазақстан Республикасының құрметіне АҚШ Конгресінің төбесіне көтерілген американдық мемлекеттік туды және бірқатар танымал американдық заң шығарушылардың жолдауын жеткізді. Құжатта: «Біз, төменде қол қойған АҚШ Конгресінің мүшелері, Қазақстан халқын, Қазақстан Республикасының Үкіметін саяси, әлеуметтік-экономикалық және демократиялық жетістіктерімен құттықтаймыз. Өзінің даму кезеңінде Қазақстан көптеген кедергілерден өтті және Орта Азиядағы ең тез дамып келе жатқан мемлекетке айналды», — делінген.

Түстен кейін Мемлекет басшысы 2004 жылдың 28 мамырында Астана қаласына жоспарланған ЕурАзЭҚ Парламентаралық ассамблеясының отырысына қатысуға келген ЕурАзЭҚ бас хатшысы Г.А. Ра-

потаны, ЕурАзЭҚ Парламентаралық ассамблеясы бюросының жауапты хатшысы А.Н. Марышевты, ТМД Парламентаралық ассамблеясы кеңесінің бас хатшысы М.И. Кротовты, сонымен қатар ЕурАзЭҚ мүше мемлекеттерінің парламенттік делегацияларының басшыларын қабылдады.

Кездесу барысында ұлттық заңнамаларды үйлестіру және жақындастыру бойынша, заңдарды бекіту бойынша мәселелерге баса назар аударылды. Олардың болмауы ортақ сауда-экономикалық кеңістікті құру үдерісін тоқтатып отыр.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №1374, «Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы» №1375 жарлықтарына қол қойды.

28 мамыр

Мемлекет басшысы Қазақстанға ЕурАзЭҚ Парламентаралық ассамблеясының отырысына қатысуға келген Ресей Федерациясы Федералды жиналысы Мемлекеттік думасының төрағасы Б.В. Грызловпен кездесті.

Кездесу барысында сол күні Астана қаласында болған Парламентаралық ассамблея отырысының қорытындылары, сонымен қатар екі елдің ынтымақтастығының даму перспективалары талқыланды.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен «Орталық Азия ынтымақтастығы» Ұйымына мүше мемлекеттер басшыларының Кеңесіне қатысты.

Саммит барысында мемлекет басшыларының Бірлескен мәлімдемесіне және Теледидар мен радио бағдарламаларын өзара тарату туралы келісімге қол қойылды. Одан басқа, Ресейдің ОАЫ-ға қосылуы туралы мәселе мақұлданды.

«Орталық Азия ынтымақтастығы» Ұйымы (ОАЫ) — халықаралық аймақтық ұйым.

ОАЫ-ны бекіту туралы келісімге Алматы қаласында 2002 жылғы 28 ақпанда қол қойылды. Жаңа құрылым 1994 жылы құрылған «Орталық Азия экономикалық ынтымақтастығы» тараған ұйымының құқығын алушы. ОАЫ құрамына Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан кірді.

2004 жылдың 18 қазанында ОАЫ-ға Ресей қосылды. Мемлекет басшылары мен премьер-министрлер Кеңесі, Сыртқы істер министрлерінің Кеңесі, Ұлттық координаторлар Комитеті және қауіпсіздік қызметі мен күшті құрылым басшыларының тұрақты жұмыс істейтін отырысы ОАЫ органдары болып табылады.
2005 жылдың 6 қазанында Санкт-Петербург қаласында өткен ОАЫ саммитінде ОАЫ мен ЕурАзЭҚ-ты біріктіру туралы шешім қабылданды.

31 мамыр

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Ұлттық кеңесінің IV отырысына қатысты.

Отырыста Үкімет Президенттің 2004 жылғы 19 наурыздағы «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті ұлт үшін!» атты Қазақстан халқына Жолдауына сәйкестендіріп жасаған, 2004–2006 жылдарға арналған мемлекеттік тұрғын үй құрылысын дамыту бағдарламасы талқыланды және мақұлданды.

Н.Ә. Назарбаев өз сөзінде «сапалы тұрғын үйдің халықтың қалың жігіне қолжетімді болуы қолайлы өмір жағдайын қамтамасыз етуге бағытталған саясаттың негізгі көрсеткіші болып табылатынын» атап өтті. «Әзірге, тұрғын үй құрылысының алғышарттары жасалғанымен, оның қарқыны қанағаттанарлықсыз, әсіресе ауылдардағы инженерлік коммуникациялардың көптеген проблемалары көңіл көншітпейді. Мемлекеттік бағдарламаның сәтті жүзеге асуы экономиканың одан әрі дамуына мүмкіндік береді, бүкіл елге үлкен мультипликативтік нәтиже береді», — деп атап өтті (Қосымшаны қараңыз).

МАУСЫМ

Дс		7	14	21	28
Сс	1	8	15	22	29
Ср	2	9	16	23	30
Бс	3	10	17	24	
Жм	4	11	18	25	
Сн	5	12	19	26	
Жк	6	13	20	27	

2 маусым

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Эстония Республикасының Президенті А. Рюйтелмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында көлік-транзит саласындағы ынтымақтастық, Қазақстан жүгін халықаралық нарыққа жеткізу мәселелері, сонымен қатар мәдениет, білім беру және гуманитарлық қатынас саласындағы байланыстарды нығайту перспективалары талқыланды.

Келіссөздер қорытындысы бойынша ұйымдасқан және басқа да қылмысқа қарсы күрес және мәдени-гуманитарлық саладағы ынтымақтастықты дамыту туралы үкіметаралық келісімдерге қол қойылды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 10 қыркүйектегі №1184 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №1376, «Тың және тыңайған жерлерді игерудің ардагерлерін «Тыңға 50 жыл» мерекелік медалімен наградтау туралы» №1377 жарлықтарына қол қойды.

3 маусым

Мемлекет басшысы жұмыс сапарымен Маңғыстау облысында болды. Онда Кеңестің XI отырысына қатысуға келген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің мүшелерімен бірқатар екіжақты кездесулер өткізді.

Атап айтқанда, Н.Ә. Назарбаев Еуропалық қайта құру және даму банкінің президенті Ж. Лемьерді, «ExxonMobil Corporation» президенті Р. Тиллерсонды, «Chevron-Texaco» басқармасының вице-төрағасы П. Робертсонды, «LNM Group/Ispat International» президенті Л. Митталды қабылдады.

4 маусым

Мемлекет басшысы Маңғыстау облысына жұмыс сапары барысында Ақтау қаласында өткен Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің XI отырысына төрағалық етті.

Каспий аймағының инфрақұрылымын және жалпы Қазақстан экономикасының шикізат секторын дамыту отырыстың басты тақырыбына айналды. Н.Ә. Назарбаев инвесторларға сәйкес ұсыныстар енгізуді ұсынды.

Еуропалық қайта құру және даму банкі мен Қазақстанның даму банкінің арасындағы

инфрақұрылымдық және инвестициялық жобаларды бірлесіп қаржыландыру жөніндегі ынтымақтастықтың қағидаттары туралы Меморандумға қол қойылуы отырыстың маңызды қорытындысы болды.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетел инвесторлары кеңесі Қазақстанда жұмыс жасайтын инвесторлармен тікелей сұхбатты, сонымен қатар инвестициялық қызметпен байланысты даулы мәселелерді жедел шешуді қамтамасыз ету мақсатында Мемлекет басшысының 1998 жылғы 30 маусымдағы Жарлығымен құрылған.

Кеңес кеңесші-консультативтік орган болып табылады. Кеңесті Қазақстан Республикасының Президенті басқарады. Президент оның қызметін басқаруды жүзеге асырады, соның ішінде қаралатын мәселелерді бекітеді және отырыстарында төрағалық етеді.

Кеңес аясында салық салу, заң шығару, шетел инвесторларының ағымдағы қызметі, Қазақстанның инвестициялық имиджін көтеру және мұнай-газ секторының мәселелері бойынша бірлескен 5 жұмыс тобы әрекет етеді. Кеңес отырысы жылына 1–2 рет өткізіледі.

8 маусым

Мемлекет басшысы «Glencore International AG» компаниясының президенті В. Штротхоттені қабылдады.

Әңгіме барысында компанияның Қазақстан нарығына қатысу перспективалары және алдағы ынтымақтастықты кеңейту мәселелері қаралды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі төрағасының орынбасары М.Ж. Көпеевті қабылдады. Ол төменгі Палатада заң жобаларын қарастыру барысы, Жезқазған сайлау округінің ағымдағы жағдайы, сонымен қатар Ұлы Отан соғысы Жеңісінің қарсаңындағы «Ардагерлер туралы» заң жобасын қарау мүмкіндіктері туралы хабардар етті.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты С.Ә. Әбдірахмановты қабылдады.

Кездесу барысында тараптар ауылды дамытудың өзекті проблемалары жөнінде пікір алмасып, ағымдық қоғамдық-саяси мәселелерді талқылады.

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттарының Президенті Дж. Бушқа елдің бұрынғы Президенті

Р. Рейганның қайтыс болуына байланысты көңіл айту жеделхатын жолдады.

Н.Ә. Назарбаев еліміздің халқы атынан және өз атынан бұрынғы АҚШ Президентінің туыс-туғандары мен бүкіл американ халқына ауыр қазаға байланысты көңіл айтты.

9 маусым

Мемлекет басшысы «Moody's Investors Service» рейтинг агенттігінің президенті Дж. Резерфордты қабылдап, онымен Қазақстанда агенттік өкілдігін құру мәселелерін талқылады.

Мемлекет басшысы Таиланд Королдігінің Бангкок қаласының губернаторы С. Сундураведжды қабылдады.

Кездесу барысында мұнай өндіру, құс шаруашылығы және туризм саласындағы ынтымақтастықтың мүмкіндіктері қаралды.

Мемлекет басшысы Қазақстанға Астана қаласындағы Ресей астанасының мәдениеті күніне қатысуға келген Мәскеу қаласының мэрі Ю.М. Лужковты қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстанның аймақтары мен Мәскеу қаласының арасындағы ынтымақтастық мәселелері бойынша пікір алмасты. Ю.М. Лужков өз тарапынан Астана қаласына әлеуметтік сала нысандары мен тұрғын үй салуға мәскеулік құрылыс әлеуетін тартуға дайын екендігін білдірді.

Мемлекет басшысы астаналық Конгресс-холлда өткен Астана қаласындағы Мәскеу қаласының мәдениеті күнінің ашылу салтанатына қатысты.

Астана қаласының әкімі Ө.Е. Шукеев және Мәскеу қаласының мэрі Ю.М. Лужков құттықтау сөз сөйледі, одан соң Ресей өнерінің жұлдыздары: опералық әншілер Е. Поликанин мен М. Поплавская, эстрада жұлдыздары Л. Рюмина, Л. Дэнс, И. Николаев, А. Буйнов, О. Газманов, К. Новикова, Мәскеу облысының мемлекеттік балет театрының примасы Л. Сабитова қатысқан мерекелік концерт болды.

Мемлекет басшысы «Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің сыртқы шекараларын күзетудегі ынтымақтастық туралы шартты бекіту

туралы» №557-II, «Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №558-II, «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық қайта құру және даму банкі арасындағы «Ауыл шаруашылығын жекешелендіруден кейінгі қолдау» жобасының екінші кезеңін дайындауға грант бөлу туралы келісім-хатты бекіту туралы» №559-II заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы әскерлері Әскери сотының қылмыстық істер жөніндегі алқасының төрағасы қызметінен босату, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аудандық және оларға теңестірілген соттарының төрағалары мен судьяларын қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы» №1379, «Р.І. Тынбаев туралы» №1380, «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы 2003 жылғы есепті бекіту туралы» №1381, «Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі агенттігін қайта ұйымдастыру туралы» №1382 жарлықтарына қол қойды.

10 маусым

Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен Қала күніне арналған мерекелік іс-шараларға қатысты.

Н.Ә. Назарбаев Астана қаласындағы Ресей астанасының мәдениеті күнінің аясында Қазақстанға келген Мәскеу қаласының мэрі Ю.М. Лужковпен бірге көлік эстакадасының ашылу салтанатына қатысты, бірінші кезекте Сулы-жасыл бульвар құрылысын қарап шықты, Ұлттық академиялық кітапханаға барды, «Мәскеу» сауда үйінің болашақ құрылыс орнының тасын қалады.

11 маусым

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Н.Т. Рүстемовті қабылдады. Ол Қазақстанның Аграрлық партиясының парламенттік фракция қызметі, сонымен қатар өзінің Оңтүстік Қазақстан облысындағы сайлау округіндегі әлеуметтік-экономикалық реформа барысы жайлы хабардар етті.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қауіпті әскери қызметті болғызбау ту-

ралы келісімді бекіту туралы» №560-II, «Қазақстан Республикасы Президентінің «Мемлекеттік кәсіпорын туралы» заң күші бар Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №561-II, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №562-II заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Көп балалы аналарды «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградтау туралы» №1383, «Г. Кауанды Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №1384, «З. Новицкийді II дәрежелі «Достық» орденімен наградтау туралы» №1385, «Қазақстан Республикасы мен Сауд Арабиясы Корольдігінің арасындағы сот төрелігі саласындағы ынтымақтастық жөніндегі келісімді жасасу туралы» №1386, «ДДСҰ-ның Темекіге қарсы күрес жөніндегі негіздемелік конвенциясына қол қою туралы» №1387, «Қазақстан Республикасындағы Тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005–2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» №1388 жарлықтарына қол қойды.

14 маусым

Мемлекет басшысы Филиппин басқару қауымдастығының президенті Э. Ферейраны қабылдады.

Кездесу барысында тараптар екі елдің кәсіпкерлерінің ынтымақтастығын тереңдету және кеңейтудің перспективалы бағыттарын, сонымен қатар Астана қаласында бірлескен бизнес-форумды ұйымдастыру және өткізу мәселелері қарастырды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің төрағасы Ж.А. Тұяқбайды қабылдады. Ол Палата депутаттарының заң шығарушылық қызметі туралы хабардар етті.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік жөніндегі комитетінің төрағасы Ш.О. Омаровты қабылдады. Ол Алматы қаласындағы өзінің сайлау округіндегі ағымдағы жағдай, сонымен қатар шекаралық қызмет пен қазақстандық бітімгершілік батальонының Ирактa болуының кейбір мәселелері туралы хабардар етті.

15 маусым

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Малайзия Федерациясының Төтенше және Өкілетті Елшісі Тай Тай Хиннен сенім грамотасын қабылдады.

Мемлекет басшысы «Отан» Республикалық саяси партиясының кезектен тыс VII съезіне қатысты.

Съезд делегаттарының алдында сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев елдің одан әрі саяси жаңғыртуын қамтамасыз етуге арналған Саяси реформалардың жалпыұлттық бағдарламасын жария етті. Президент жаңғыртудың стратегиялық бағыттары ретінде билік деңгейлерінің арасындағы өкілеттіліктерді шектеу жолымен мемлекеттік басқаруды орталықсыздандыруды және бюджетаралық «бөлінушілікті» енгізуді; сайлау заңнамасын либералдауды; әкімдерді сайлауды кезең-кезеңмен енгізуді; ең алдымен Үкіметтің қалыптасуына қатысуы арқылы парламенттік басымдылық негізінде Парламент өкілеттілігін кеңейтуді; мемлекеттік қызмет жүйесін жетілдіруді; азаматтық қоғам институттарымен ынтымақтастықты одан әрі нығайтуды; сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейтуді атап өтті.

Президент сонымен қатар жаңғыртудың көрсетілген бағыттары бойынша іс жүзіндегі шараларды жасау мақсатында Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссия құрудың қолға алынғандығын мәлімдеді. Н.Ә. Назарбаев алдағы уақыттағы демократияландыру мен азаматтық қоғамды дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлейтін Тұрақты жұмыс істейтін кеңес өзінің оң рөлін көрсете білгендігін түсіндірді. «Бұл жұмысқа айтарлықтай мән беру қажет, — деп атап көрсетті Мемлекет басшысы. — Сондықтан Ұлттық комиссия Президенттің жанында құрылады» (Қосымшаны қараңыз).

Съезде сонымен қатар партияның «Қазақстан жолы — 2009» сайлауалды бағдарламасы таныстырылды. Оның мақсаты «ЖІӨ-ні екі еселеу арқылы — мемлекеттің әлеуметтік шығыстарын екі еселеу, әлеуметтік шығыстарды екі еселеу арқылы — өмір сапасын екі еселеу» формуласы арқылы 2009 жылға қарай өмір сапасының қазақстандық ұлттық стандартын қалыптастыру болып табылады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне табиғи және техногендік

сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу мен оларды жою және өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №563-II Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Ю.А. Хитрин туралы» №1389, «И.И. Роговты Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің төрағасы қызметіне тағайындау туралы» №1390, «Қарулы Күштердің кадрлары қатарына Ю.А. Хитринді қосу туралы» №1391, «Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының кезекті сайлауын тағайындау туралы» №1392 жарлықтарына қол қойды.

16 маусым

Мемлекет басшысы Өзбекстан Республикасының астанасы Ташкент қаласына ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің кеңейтілген отырысына қатысуға келді.

Саммит қарсаңында Н.Ә. Назарбаев Қытай Халық Республикасының Төрағасы Ху Цзиньтаомен кездесті және екіжақты ынтымақтастық мәселелерін талқылады.

Мемлекет басшысы «2004 жылға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №564-II, «Азаматтардың ұрпақты болу құқықтары және оларды жүзеге асыру кепілдіктері туралы» №565-II, «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №566-II заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 7 мамырдағы №865 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы» №1393, «Шанхай ынтымақтастық ұйымының артықшылықтары мен иммунитеттері жөніндегі конвенцияға қол қою туралы» №1394, «Еуразиялық экономикалық қоғамдастыққа мүше мемлекеттердің құнды қағаздар нарығындағы ынтымақтастық жөніндегі келісімге қол қою туралы» №1395, «Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер арасындағы Есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күрестегі ынтымақтастығы жөніндегі келісімге қол қою туралы» №1396, «Шанхай ынтымақтастық ұйымы Аймақтық терроризмге қарсы құрылымының Деректер банкі жөніндегі келісіміне қол қою туралы» №1397, «Шанхай ынтымақтастық ұйымының Аймақтық терроризмге

қарсы құрылымы аясындағы Құпия ақпараттарды қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі келісіміне қол қою туралы» №1398 жарлықтарына қол қойды.

17 маусым

Мемлекет басшысы Өзбекстан Республикасының астанасы Ташкент қаласында өткен ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшыларының кеңесінің кеңейтілген отырысына қатысты.

Н.Ә. Назарбаев саммитте сөйлеген сөзінде «Біздің кездесуіміз ерекше тарихи-саяси мәнге ие, себебі ол Шанхай ынтымақтастық ұйымының дамуындағы жаңа кезеңді ашып отыр. Бұл жыл — біздің ұйымымыз үшін толыққанды қызметі мен оның тұрақты жұмыс істейтін органдарының қызмет етуі жағынан алғашқы жыл болмақ.

... Біз ШЫҰ алдына қосбірлікті мақсат қоямыз. Біріншіден, ШЫҰ-ның мүше елдері орналасқан бүкіл кеңістікте қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Екіншіден, тиімді көпжақты экономикалық ынтымақтастықты дамыту» (Қосымшаны қараңыз).

Саммит аясында штаб-пәтері Өзбекстан астанасында орналасқан ШЫҰ-ның Аймақтық лаңкестікке қарсы құрылымы атқару комитетінің ресми ашылу салтанаты болды.

Отырыстың қорытындысы бойынша ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің Ташкент декларациясына; ШЫҰ артықшылықтары мен иммунитеттері туралы конвенцияға; есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күрес жөніндегі ынтымақтастық туралы Келісіміне; ШЫҰ Күнін (15 маусым) бекіту туралы келісімге қол қойылды.

Сонымен қатар саммитте Моңғолияға бақылаушы мәртебесін беру туралы шешім қабылданды. Осылайша ШЫҰ жанындағы бақылаушылар институтының қалыптасуы басталды.

Одан басқа, ШЫҰ-ға төрағалық етіп отырған Өзбекстан өкілеттілігін Қазақстанға берді. Эстафетаны қабылдай отырып, Н.Ә. Назарбаев өз аумағындағы келесі кездесуге дайындалып, жоғары деңгейде өткізу үшін Қазақстан бәрін жасайтынына саммит қатысушыларын сендірді.

Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ) — өңірлік халықаралық ұйым.

ШЫҰ 2001 жылы 15 маусымда Шанхайда құрылды. Оның негізін Қытай, Ресей, Қазақстан, Қырғызстан және Тәжікстан елдерінің шекара маңында әскери саладағы

сенімді нығайту туралы Келісім (1996) және Шекара маңында қарулы күштерді өзара қысқарту туралы келісімдерге (1997)қол қоюы нәтижесінде бұрынырақ құрылған «Шанхай бестігі» елдері құрады. Өзбекстанның қосылуымен ұйым Шанхай ынтымақтастығы ұйымы болып өзгерді.
ШЫҰ қызметінің басымдықтарына мүше мемлекеттер аумағында қауіпсіздік пен тұрақтылықты нығайту, лаңкестік, экстремизм, сепаратизм, ұйымдасқан қылмыс және есірткі трафигіне қарсы бірлескен күрес, экономикалық және энергетикалық ынтымақтастық, ғылыми және мәдени-гуманитарлық әрекеттестік жатады.
ШЫҰ жанындағы бақылаушы мәртебесіне 4 мемлекет (Моңғолия, Үндістан, Иран, Пәкстан) ие, және 2 мемлекет (Шри-Ланка мен Беларусь) диалог бойынша серіктес мәртебесінде.
Ұйым 2004 жылы желтоқсанда БҰҰ Бас ассамблеясы жанынан бақылаушы мәртебесін алды.
ШЫҰ органдары: Мемлекет басшылары кеңесі, Үкімет басшылары кеңесі, Сыртқы істер министрлері кеңесі Министрліктер мен ведомство басшылары жиналысы, Хатшылық. Өңірлік лаңкестікке қарсы құрылым.

18 маусым

Мемлекет басшысы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткен «Еуразиялық интеграция: қазіргі даму ағымдары мен жаһандану қауіптері» халықаралық форумына қатысты.

Форумға қатысушыларға құттықтау сөздерін айта отырып, Н.Ә. Назарбаев: «Біз әлемдік нарыққа шығудың бірегей баршаға тиімді саясатын жасап, жүзеге асыруымыз керек. ...Біздің даусыз артықшылықтарымыздың қатарына мықты транзиттік әлеуетіміз жатады. Ол бізге Еуропа мен Азия арасындағы саудада тиімді делдал рөлін алуға мүмкіндік береді» (Қосымшаны қараңыз).

Сонымен қатар форумның ашылуында ЕурАзЭҚ және ҰҚШҰ мүше мемлекеттерінің басшылары сөз сөйледі.

Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен ЕурАзЭҚ Халықаралық кеңесінің X отырысына төрағалық етті.

Саммитке қатысушылар ЕурАзЭҚ аясындағы мемлекетаралық ынтымақтастықтың өзекті мәселелерін талқылады. Соның ішінде, ДСҰ-ға қосылу бойынша ЕурАзЭҚ мемлекеттерінің өзара әрекеттестігі, теміржол жүк тасымалына бірыңғай тарифтік база құру, Сырдария және Әмудария өзендер бассейнінің су-энергетика ресурстарын тиімді игеру жөніндегі бірлескен жобаларды жүзеге асыру мәселелері қаралды.

Жүргізілген келіссөздердің қорытындысы бойынша барлық 5 мемлекет тікелей әрекет ететін заңдарды

шығару барысында негізге алатын ЕурАзЭҚ-тың заңнамалық негіздерінің мәртебесі және оны жасау тәртібі туралы Келісім-шартқа және құнды қағаздар нарығында ынтымақтастық туралы Келісім-шартқа қол қойылды. Сонымен қатар, Орталық Азиядағы су-энергетика ресурстарын тиімді игеру, теміржол жүк тасымалына ЕурАзЭҚ бірыңғай тарифтік база құру, БСҰ-ға кіру жөнінде позицияны үйлестіру бойынша тұжырымдамалық шешімдер қабылданды; шекара маңындағы саясаттың негіздері анықталды; 2005–2006 жылдарға арналған ЕурАзЭҚ аясындағы банктік реттеу және бақылау саласындағы өзара әрекеттестік жоспары бекітілді; бюджеттік жолдау қабылданды, онда экономика және бюджеттік саясат саласындағы жұмыстардың негізгі бағыттары анықталды.

Еуразиялық экономикалық қоғамдастық (ЕурАзЭҚ) — құрамына кіретін мемлекеттердің ортақ нарығын қалыптастыруды мақсат тұтқан халықаралық экономикалық ұйым.
ЕурАзЭҚ құру туралы Шартқа Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей және Тәжікстан президенттері 2000 жылы 10 қазанда Астанада қол қойды. Оған 2006 жылдың қаңтарынан Өзбекстан қосылды.
2002 жылдан бері ұйым жанындағы байқаушы мәртебесіне Украина мен Молдова, 2003 жылдан Армения ие.
2003 жылдың желтоқсанында ЕурАзЭҚ БҰҰ Бас Ассамблеясы жанындағы бақылаушы мәртебесін алды.
ЕурАзЭҚ-тың органдары: Мемлекетаралық кеңес, Ықпалдастық комитет, Хатшылық, Парламентаралық ассамблея және Қоғамдастық соты.

Сол күні Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезекті сессиясына қатысты.

Саммитке қатысушылар «Арна-2003» мемлекетаралық жедел-алдын алу операциясының жоғарғы тиімділігін белгілей отырып, ҰҚШҰ жауапты аймағындағы жағдайды талқылады, одан соң ұйым қызметінің перспективалық негізгі бағыттарын бекітті. Басымдылықтар қатарына әскери-саяси және әскери-техникалық өзара әрекеттестікті кеңейту, жеңілдік негізінде ҰҚШҰ мемлекеттерінің күш құрылымдарына кадрлар дайындау, БҰҰ мандаты бойынша жүзеге асырылатын, ұжымдық бітімгершілік тетігін қалыптастыру жатқызылды.

Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы (ҰҚШҰ) — әскери-саяси одақ, 2002 жылы 1992 жылғы 15 мамырдағы ұжымдық қауіпсіздік туралы Шарт

негізінде бірқатар ТМД мемлекеттерінен құрылған. Шарт әрбір 5 жыл сайын автоматты түрде ұзартылып отырады.
31 желтоқсан 2006 жылғы жағдай бойынша ҰҚШҰ-ға Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстан мүше болып табылды.
ҰҚШҰ органдары Ұжымдық қауіпсіздік кеңесі (мемлекет басшылары деңгейінде), Сыртқы істер министрлері кеңесі, Қорғаныс министрлер кеңесі, қауіпсіздік кеңесі комитеттері хатшылары, Хатшылық, ҰҚШҰ Біріккен штабы болып табылады.
2004 жылдың желтоқсанында ҰҚШҰ БҰҰ Бас Ассамблеясы жанындағы бақылаушы мәртебесіне ие болды.

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен бірге Қазақстандағы Ресей Елшілігі ғимараты кешенінің ашылуы рәсіміне қатысты.

Н.Ә. Назарбаев өзінің ресейлік әріптесін және қатысқандардың бәрін елшіліктің ашылуымен құттықтады және «1991 жылы бір мемлекет болу жолында бөлінуге тура келді, біз достық дәнекерін жоғалтпадық. Астанадағы Ресей елшілігі әрқашан ерекше құрметте болады және көпжақты қолдауға сүйене алады», — деді.

В.В. Путин өз кезегінде Астана қаласындағы Ресей жерінің аралы екі елдің өзара әрекеттестігі жаңа серпінге ие болатын жерге айналатынына сенімін білдірді.

19 маусым

Мемлекет басшысы Алматы қаласындағы «Шымбұлақ» биік тау базасының аумағында Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен келіссөздер жүргізді.

Энергетика саласындағы ірі бірлескен жобаларды жүзеге асыру мәселелері, БЭК қалыптастыру перспективалары келіссөздердің күн тәртібіне қойылды.

21 маусым

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Қазақстанға «Отан» Республикалық саяси партиясының шақыруы бойынша келген Қытай Коммунистік партиясы Орталық комитетінің Саяси бюро мүшесі Ли Чанчун бастаған делегацияны қабылдады.

Кездесу барысында мемлекетаралық және партияаралық негіздегі екі ел ынтымақтастығының жағдайы мен перспективалары туралы мүдделі пікір алмасу болды.

28 маусым

Мемлекет басшысы Түркия Республикасының Ыстамбұл қаласындағы НАТО/ЕАӘК саммитіне қатысуға келді.

Саммит қарсаңында Н.Ә. Назарбаев оның басқа қатысушыларымен екіжақты кездесулер өткізді. Олардың қатарында: АҚШ Президенті Дж. Буш, Франция Президенті Ж. Ширак, Польша Республикасының Президенті А. Квасьневский, сонымен қатар Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің Премьер-министрі Т. Блэр, Италия Республикасы Үкіметінің төрағасы С. Берлускони және Түркия Республикасының Премьер-министрі Р.Т. Эрдоған болды.

29 маусым

Мемлекет басшысы Түркия Республикасының Ыстамбұл қаласында өткен НАТО/ЕАӘК саммитіне қатысты.

Н.Ә. Назарбаев өз сөзінде Орталық Азиядағы НАТО саясатын ШЫҰ, ҰҚШҰ, ОАЫ, соның ішінде есірткі тасымалы және лаңкестікке қарсы күрес мәселелерінде басқа аймақтық ұйымдарының қызметімен үйлестірудің маңыздылығын атап өтті.

Саммит қорытындысы бойынша «Біздің қауіпсіздік жаңа дәуірге» Ыстамбұл декларациясына, Ирактағы жағдай бойынша 2 мәлімдемеге және саммиттің қорытынды коммюникесіне қол қойылды.

30 маусым



Мемлекет басшысы Ресей Федерациясына жұмыс сапары аясында Татарстан Республикасында болып, осы елдің астанасы Қазан қаласында «Еуразияшылдық идеясы Лев Гумилевтің ғылыми мұрасында» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының ашылу рәсіміне қатысты.

Одан соң шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер жүргізілді. Келіссөздер барысында мұнайхимия, авиақұрылыс, автокөлік өнеркәсіп саласы, соның ішінде «КамАЗ» ААҚ желісі бойынша екіжақты ынтымақтастық мәселелері талқыланды.

Келіссөздер соңында Н.Ә. Назарбаев Татарстан Президенті М.Ш. Шаймиевпен бірге ТМД-дағы ірі авиакәсіпорын — С.П. Горбунов атындағы Қазан авиациялық өндіріс бірлестігінде болды. Онда цехтардың бірін қарап шығып, зауыттан шығатын авиациялық техника үлгілерімен танысты.

ШІЛДЕ



Дс		5	12	19	26
Сс		6	13	20	27
Ср		7	14	21	28
Бс	1	8	15	22	29
Жм	2	9	16	23	30
Сн	3	10	17	24	31
Жк	4	11	18	25	

1 шілде

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясында жұмыс сапары аясында Башқұртстан Республикасында болып, осы елдің астанасы Уфа қаласында Президент М.Г. Рахимовпен кездесті және сауда-экономика саласындағы, отын-энергетикалық кешенідегі, ауыл шаруашылығындағы, ғылыми-техникалық және денсаулық сақтау саласындағы екіжақты ынтымақтастық жағдайын және перспективаларын талқылады.

Атап айтқанда Қазақстан-Ресей арасындағы 1998–2007 жылдарға арналған экономикалық ынтымақтастық пен бағдарлама аясында Башқұртстан кәсіпорындарының ынтымақтастығын кеңейту туралы әңгіме болды.

Бірлесіп минералды тыңайтқыш өндіру, топырақ құнарлылығын арттыру бойынша экологиялық іс-шаралар, ғылыми-зерттеу жұмыстары және т.б. ауыл шаруашылығындағы өзара тиімді ынтымақтастықтың маңызды бағыттары болды.

М.Г. Рахимов Қазақстанға жаңа халықаралық автобус маршрутын ашуға мүдделі екенін атап өтті.

Аталған мәселелерді тиімді үйлестіру мақсатында Астана қаласында Башқұртстан Республикасының өкілдігін ашу мүмкіндігі қарастырылды.

«Экологиялық интеграция біздің бауырлас халықтарымыздың өмірін жақсартуға мүмкіндік береді. Бізге қазір тікелей экономикалық қатынастар құруға ештеңе де кедергі келтірмейді. Біздің бір-бірімізден үйренеріміз, бір-бірімізге үйретеріміз көп және бүгінгі кездесу — осы бағыттағы тағы бір қадам», — деді Қазақстан Президенті.

Келіссөздер аяқталған соң Н.Ә. Назарбаев Салауат Юлаев ескерткішіне гүл шоғын қойды, «Қонақ аула» сауда кешенін аралады, сонымен қатар Уфа қаласындағы Бүкілресейлік көз және пластикалық хирургия орталығына барды.

3 шілде

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясына жұмыс сапары барысында осы елдің астанасы Мәскеу қаласында Президент В.В. Путинмен кездесті және екіжақты ынтымақтастықтың өзекті мәселелерін талқылады.

Н.Ә. Назарбаев сонымен қатар Ресей Федерациясы Президентінің жүлдесі үшін ат спорты бәйгесіне қатысты.

5 шілде

Мемлекет басшысы «Ар ұраны» американдық қор президенті раввині А. Шнайерді қабылдады. А. Шнайер қор қызметі туралы әңгімеледі және Астана қаласындағы әлемдік және дәстүрлі діндердің I съезд шақырылымының сәтті бастамасымен құттықтады. Кездесу кезінде дін ұстану еркіндігі мен төзімділік мәселелері туралы әңгіме болды.

«Біз, әртүрлі конфессия өкілдері, бейбітшілікте өмір сүруге үйренуіміз керек. Жетекші діндердің дінбасыларын Қазақстанға жинай отырып, Сіз мемлекетіңіздің осындай қарым-қатынастың үлгісі бола алатындығын дәлелдедіңіз», — деп атап өтті А. Шнайер.

Мемлекет басшысы «Байланыс туралы» №567-II, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне байланыс мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №568-II, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №569-II, «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №570-II заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 5 наурыздағы №1134 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» №1399, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы №29 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» №1400 жарлықтарына қол қойды.

6 шілде

Мемлекет басшысы өзінің туылған күніне орай Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы Н.Ә. Әбіқаевты, Премьер-министрі Д.К. Ахметовті, Президенті Әкімшілігінің Басшысы И.Н. Тасмағамбетовті және басқа да ресми тұлғаларды қабылдады.

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен телефон арқылы сөйлесті. Ол Н.Ә. Назарбаевты туған күнімен құттықтап, елі мен халқының игілігі үшін алдағы уақытқа сәттілік тіледі.

Мемлекет басшысы Украина Президенті Л.Д. Кучмамен телефон арқылы сөйлесті. Ол украиналықтардың және өз атынан Н.Ә. Назарбаевты туған күнімен құттықтады.

Әңгіме барысында сонымен қатар екіжақты ынтымақтастықтың бірқатар мәселелері бойынша және 2004 жылғы 16 қыркүйекте Астана қаласында өтетін ТМД мемлекеттері басшыларының кеңесі отырысының кейбір қырлары бойынша пікір алмасты.

Мемлекет басшысы Түрікменстанның Президенті С.А. Ниязовпен телефон арқылы сөйлесті. Ол Н.Ә. Назарбаевты туылған күнімен құттықтады және екі елдің ұзақ мерзімді өзара тиімді ынтымақтастығын одан әрі де дамытуға ниетті екенін жеткізді.

Мемлекет басшысы «Қазақстанның даму банкі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы» №571-II, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне кредиттік бюролардың қызметі және кредиттік тарихы қалыптастыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №572-II, «Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы» №573-II, «Ішкі су көлігі туралы» №574-II, «Қазақстан инвестициялық қоры туралы» №575-II заңдарына қол қойды.

7 шілде

Мемлекет басшысы «Инвестициялық қорлар туралы» №576-II, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне инвестициялық қорлардың мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №577-II, «Арнайы байланыс жөнелтілімдерімен мемлекетаралық алмасу туралы келісімді және Арнайы байланыс жөнелтілімдерімен мемлекетаралық алмасу туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 1993 жылғы 23 желтоқсандағы хаттаманы және онымен бекітілген Арнайы байланыс жөнелтілімдерімен мемлекетаралық алмасу туралы ережені бекіту туралы» №578-II, «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің электр энергетикалық объектілеріндегі авария

жағдайларында және басқа да төтенше жағдайларда өзара көмек көрсету туралы келісімді бекіту туралы» №579-II, «Қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы» №580-II, «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» №581-II заңдарына қол қойды.

Президент сонымен қатар «Республикалық бюджет жобасын және төтенше мемлекеттік бюджетті әзірлеу ережесін бекіту туралы» №1401, «О.Ә. Жандосов туралы» №1402 жарлықтарына қол қойды.

8 шілде

Мемлекет басшысы жұмыс сапарымен Ақмола облысында болды. Онда «Бурабай» курорты аймағындағы 37-метрлік Абылай хан стеласының ашылу салтанатына қатысты.

«Әр халықтың тарихында есімдері ұмытылмайтын тұлғалар бар», — деді Президент жиналғандар алдында сөйлеген сөзінде. — Сондай ұлы бабаларымыздың бірі — Абылай. Ол шығыстағы жоңғар шапқыншылығының ауыр жылдарында, қазақ халқының өмірі мен өлімі туралы сөз болып жатқанда қанды шайқасты екі рет жеңіп, нүктесін қоя алды. Бұл тұлға бар күш-жігерін, бар саяси көрегенділігі мен жасампаз қызметін Қазақ хандығының бірлігін нығайтуға бағыттады».

Одан соң Президент Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Кадет корпусының тәрбиеленушілерімен және жергілікті мектеп оқушыларымен кездесу өткізді.

9 шілде

Мемлекет басшысы «Астанабасжоспар» МКК-да болды және Астана қаласының сол жақ жағалауындағы тұрғын үйлердің, жаңа стадионның және Бейбітшілік пен келісім сарайының макетімен танысты.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы кеден істеріндегі ынтымақтастық және әкімшілік өзара көмек туралы келісімді бекіту туралы» №582-II, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне сайлау заңдары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №583-II, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өсімдіктерді

қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №584-II, «Қазақстан Республикасы Президентінің «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы» заң күші бар Жарлығына толықтырулар енгізу туралы» №585-II, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне зияткерлік меншік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №586-II, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне тұрғын үй қатынастары мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы» №587-II, «Электр энергетикасы туралы» №588-II, «Кейбір халықаралық ұйымдардың жарғылық құжаттарын бекіту туралы» №589-II, «Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы» №590-II, «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы» №591-II, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне жедел-іздестіру қызметі мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» №592-II, «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы» №593-II, «Қазақстан Республикасы мен Еуропа қайта құру және даму банкі арасындағы «Автожол саласын (Атырау-Ақтау) қайта құрылымдау» қарызы туралы келісімді бекіту туралы» №594-II, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Нидерланды Корольдігі Үкіметінің арасындағы кеден істеріндегі ынтымақтастық және әкімшілік өзара көмек туралы келісімді бекіту туралы» №595-II, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне темір жол көлігі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №596-II, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №597-II заңдарына қол қойды.

10 шілде

Мемлекет басшысы «Е.Ж. Имантаев туралы» №1403, «Е.А. Сағындықовты Ақтөбе облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №1404 жарлықтарына қол қойды.

12 шілде

Мемлекет басшысы «С. Әбдірахманов туралы» №1405, «А. Сәрсенбайұлын Қазақстан Республикасының Ақпарат министрі қызметіне

тағайындау туралы» №1406, «Э.Ш. Хуршудянды Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №1407 жарлықтарына қол қойды.

13–20 шілде

Мемлекет басшысы қысқамерзімді демалыста болды.

20 шілде

Мемлекет басшысы Алматы қаласында жұмыс сапарымен болды. Онда облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен 2004 жылдың бірінші жартыжылдығындағы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Кеңес барысында Н.Ә. Назарбаев әкімдерді агроөнеркәсіп секторына және муниципалдық тұрғын үй құрылысына баса назар аударуға шақырды.

21 шілде

Мемлекет басшысы Алматы қаласына жұмыс сапары барысында жетекші республикалық бұқаралық ақпарат құралдарының басшыларымен кездесті.

Талқылаудың басты тақырыбы алдымен, БАҚ қызметін заңнамалық реттеу және алдағы парламент сайлауының кампаниясына масс-медианың қатысуы жағынан, қоғамдағы БАҚ рөлін нығайту мәселесі болды.

Н.Ә. Назарбаев қазақстандық БАҚ-ты сайлау науқанын әділ жариялауға шақырды. «Егер БАҚ — билік болса, онда билік ретінде халық алдында жауапты екенін жадыда ұстау керек», — деп мәлімдеді Президент.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №1408, «Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы» №1409 жарлықтарына қол қойды.

30 шілде

Мемлекет басшысы Грекияда өтетін XXVIII жазғы Олимпиада ойындарына кетер алдында елдің ұлттық олимпиадалық құрамасының спортшыларын қабылдап, оларға жаңа рекордтар мен жеңістер тіледі.

ТАМЫЗ

Дс		2	9	16	23	30
Сс		3	10	17	24	31
Ср		4	11	18	25	
Бс		5	12	19	26	
Жм		6	13	20	27	
Сн		7	14	21	28	
Жк	1	8	15	22	29	

2 тамыз

Мемлекет басшысы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының 2004 жылдың бірінші жартыжылдығындағы қорытындысы жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысына қатысты.

Кеңес барысында Президент Үкіметке индустриалық-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асыруға ұлттық компанияларды тарту бойынша ұсыныс енгізуді, сондай-ақ білім берудің, денсаулық сақтаудың, әлеуметтік қамтудың, тұрғын үй құрылысының, «электронды үкіметтің», көлеңкелі экономиканы заңдастырудың, мемлекеттік қызметкерлер үшін әлеуметтік пакетінің құрылымдық реформа бағдарламаларының жобасын пысықтауды тапсырды.



Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттары Орталық командованиесінің қолбасшысы генерал Дж. Абизаидті қабылдады.

Кездесу барысында әскери саладағы Қазақстан мен АҚШ ынтымақтастығын одан әрі нығайту, НАТО-мен өзара әрекеттестік, қауіпсіздікті қамтамасыз ету, шекараны күзету және лаңкестікке қарсы қызмет саласындағы қосымша көмек бағдарламасының мәселелері қаралды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 27 қыркүйектегі №3120 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1410, «Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы шекара мәселелері бойынша ынтымақтастық және өзара іс-қимыл туралы шартты бекіту туралы» №1411, «Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 25 желтоқсандағы №530 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №1412, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы №29 Жарлығына өзгеріс енгізу және Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 20 маусымдағы №1141 Жарлығының күші жойылды деп тану туралы» №1413 жарлықтарына қол қойды.

3 тамыз

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттары Конгресінің мүшесі Э. Фалеомаваеганы қабылдады.

Әңгіме барысында бұрынғы Семей ядролық полигонының аумағымен іргелес жатқан аймақты

оңалту мәселелеріне және ядролық қаруды таратпау бойынша шараларына ерекше назар аударылды.

Э. Фалеомаваега ядролық сынақтар жүргізілген ауданның қоршаған ортасын зерттеу жөніндегі бірқатар бірлескен жобаларды жүзеге асыруға АҚШ 180 млн. доллар бөлуді жоспарлап отырғанын мәлімдеді.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы қолбасшысының бірінші орынбасары Ю.А. Хитринді қабылдады. Ол зейнет жасына жетуіне байланысты отставкаға кететіндігі туралы өтініш жасады.

Президент Ю.А. Хитриннің өтінішін қанағаттандырды және қызметі үшін оған алғыс айтты.

Мемлекет басшысы «Алматы облысының көп балалы аналарын «Алтын алқа» алқасымен наградтау туралы» №1414, «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1415 жарлықтарына қол қойды.

4 тамыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Е.И. Аманды қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан-Германия сауда-экономикалық қарым-қатынастарын дамытуға Германияда тұратын Қазақстаннан шыққандарды және Қазақстан экономикасының қалыптасу үдерісіне қатысқысы келетіндерді тарту перспективалары талқыланды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты В.Я. Дворецкийді қабылдап, онымен саяси реформалардың жүргізілуі, көппартиялылық жүйесінің даму перспективалары мәселелерін, саяси бәсекелестік принциптерін талқылады.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты В.Н. Веснинді қабылдады.

Әңгіме барысында негізгі қорлардың жағдайы мен жаңарту мәселелері талқылады.

5 тамыз

Мемлекет басшысы Халықаралық бизнес университетінің президенті, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, профессор К.Ә. Сағадиевті қабылдады.

Кездесу барысында соңғы жылдарда қабылданған ауылды көркейту және индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламаларын жүзеге асыру жолдары туралы пікір алмасты. Білім беру мәселелеріне, ең алдымен мектептер мен жоғарғы оқу орындарының ғылыми-техникалық негізін нығайту және оларды кадрлармен жасақтау мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Мемлекет басшысы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Заң институтының директоры М.А. Сәрсембаевты қабылдап, онымен ұлттық мүддені халықаралық-құқықтық қорғау мәселелерін талқылады.

Мемлекет басшысы Өзбекстан Республикасының Президенті И.А. Каримовпен телефон арқылы сөйлесті. Онымен өңірлік қауіпсіздік мәселелерін талқылады.

И.А. Каримов 2004 жылғы 29 наурызда Бұқара және Ташкент қалаларында болған лаңкестік әрекетті тергеу барысы жайлы хабардар етті. Мемлекет басшылары лаңкестікке және экстремизмге қарсы әрекеттерді үйлестіру туралы келісті, сондай-ақ 2004 жылғы 16 қыркүйекте Астана қаласында өтетін ТМД мемлекеттері басшыларының саммиті мәселелері жөнінде пікір алмасты.

Сол күні Мемлекет басшысы Астана қаласының бірқатар нысандарын аралады. Атап айтқанда шағын қабатты құрылыстар мен абаттандыру заттарын шығаратын зауытта, салынып жатқан Ислам мәдени орталығында және «Мейірім» көп салалы медициналық орталығында болды.

Мемлекет басшысы «М.Б. Тілеубердіні Қазақстан Республикасының Малайзиядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №1416,

«Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясы) арнайы мемлекеттік мұрағатын құру туралы» №1417 жарлықтарына қол қойды.

6 тамыз

Мемлекет басшысы Қазақстанның теміржол көлігінің жұмысшылары мен ардагерлерін қабылдады.

Кездесу барысында Президент басымдықты жобалардың қатарына Жезқазған және Қызылорда қалаларының арасындағы теміржол құрылысын жатқызды, сондай-ақ Қазақстанның каспийлік жағалауын Қытаймен байланыстыруға мүмкіндік беретін тар табанды магистраль жобасын да атап өтті.

Өз кезегінде Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрі Қ.Ы. Нағманов елдің теміржолшыларының атынан Н.Ә. Назарбаевқа «Қазақстан темір жолына 100 жыл» мерекелік медалін табыс етті.

«Қазақстан темір жолына 100 жыл» мерекелік медалі Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 30 сәуіріндегі Жарлығымен бекітілген. Медальмен Қазақстанның теміржол көлігінің дамуына елеулі үлес қосқан Қазақстан Республикасының азаматтары және шетел азаматтары марапатталады.

Мемлекет басшысы Қазақстан темір жолының 100 жылдығына арналған салтанатты жиналысқа қатысып, теміржол саласының жұмысшыларын мерекелерімен құттықтады.

Н.Ә. Назарбаев өз сөзінде: «Құрышты магистральдің дамуы еліміздің экономикалық әлеуетінің жалпы өсімімен тікелей байланысты, өнеркәсібі және ауыл шаруашылығы дамыған бүгінгі Қазақстанды теміржолсыз елестету мүмкін емес. Қазақстанның темір жолдарын «ел экономикасының алтын арқауы» деп кезінде бекер айтпаған», — деді (Қосымшаны қараңыз).

Мемлекет басшысы «А.О. Шәкіров туралы» №1418 Жарлығына қол қойды.

9 тамыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс агенттігінің төрағасы Б.Б. Кәнешевті қабылдады. Ол телекоммуникация

саласының либералдануы бойынша жұмыстар, атап айтқанда «электронды үкімет» тұжырымдамасын жүзеге асыру, мобильді және ауылдық байланыс саласына жаңа технологиялар енгізу барысы жайлы хабардар етті.

Мемлекет басшысы «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ президенті М.Е. Жәкішевті қабылдады. Ол уран өнеркәсібінің алдағы 5–6 жылға арналған перспективалы даму бағдарламасы жайында хабардар етті.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының облыстық соттарының судьяларын, Солтүстік Қазақстан облысы Есіл аудандық сотының төрағасын қызметке тағайындау, сондай-ақ аудандық және оларға теңестірілген соттарының судьяларын қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы» №1419 Жарлығына қол қойды.

10 тамыз

Мемлекет басшысы Германия экономикасының шығыс комитетінің төрағасы К. Мангольдті қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан мен Германияның сауда-экономикалық ынтымақтастығын кеңейту мәселелері қаралды, сондай-ақ Қазақстанның мұнай-газ саласына неміс жабдықтарын, ауылшаруашылық техникасын және автомобиль жеткізу жөнінде 2004 жылғы сәуірде Ганновер жәрмеңкесінде жасалған келісім-шарттардың алғашқы қорытындылары жасалды.

11 тамыз

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №1420, «Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы» №1421 жарлықтарына қол қойды.

12 тамыз

Мемлекет басшысы БҰҰ-ның Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымының бас директоры Ж. Диуфты қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан мен БҰҰ-ның азық-түлік ұйымының байланысын кеңейту,

сондай-ақ Қазақстандағы ауыл шаруашылығын дамыту мәселелері бойынша пікір алмасты.

Сол күні Мемлекет басшысы Ақтөбе облысына жұмыс сапарымен келді.

Президент рафинадталған өсімдік майын шығаратын және өңдейтін «Turkuaz Edible Oil Industries» ЖШС-сында болды. Н.Ә. Назарбаев Қазақстан экономикасы үшін жаңа зауыттың маңызын жоғары бағалады, себебі қазіргі таңда елімізде тұтынылатын өсімдік майының жартысынан көбі импортталады. Президент облыста ауылшаруашылық құрылымдары күнбағыстың, мақсарының, рапстың, сояның және т.б. майлы өсімдіктердің дәндерін жеткізетіндей өсімдік майын өндіретін кластер құруды ұсынды.

Одан соң Мемлекет басшысы «Қуаныш» сауықтыру орталығында және «Томирис» мәдени орталығында болды. Онда 2007 жылға дейінгі тұрғын үй құрылыс өңірлік бағдарламасының жүзеге асуымен танысты және облыстың кәсіпкерлерімен кездесті. Н.Ә. Назарбаев жиналғандардың алдында сөйлеген сөзінде «2004 жыл — 2015 жылға дейін есептелген индустриалық-инновациялық стратегияның жүзеге асуының алғашқы жылы болып табылатынын ерекше атап өтті. ...Индустриялық-инновациялық бағдарлама елге шикізатқа бағытталудан құтылуға және басқа экономиканы құруға мүмкіндік береді. Себебі, жер астындағы кез-келген шикізат әдетте таусылады және қалпына келмейді. Егер біздің еліміз индустриялық бағдарламаны дер кезінде дамытпаса, артта қалады. Бізге бәсекелес әлемде қай саладағы бізге ыңғайлы орын бар деген сұраққа жауап табу керек».

13–19 тамыз

Мемлекет басшысы жұмыс сапарымен Грекия Республикасында болып, осы елдің астанасы Афины қаласында құрметті қонақ ретінде XXVIII жазғы Олимпиада ойындарына қатысты.

XXVIII жазғы Олимпиада ойындары 2004 жылдың 13–29 тамыз аралығында өтті. Жарысқа 201 елден 10 625 спортшы қатысты. Барлығы 28 спорт түрінен 301 жүлде комплектісі ойнатылды. Олимпиада ойындарын көруге 3 875 479 адам келді.

Ойындардың қорытындысы бойынша Қазақстан құрамасы 8 медаль жеңіп алды, оның ішінде 1 алтын, 4 күміс және 3 қола медаль бар.

Мемлекет басшысы Грекия Республикасына жұмыс сапары барысында Румыния Президенті И. Илиескумен, АҚШ бұрынғы Президенті Дж. Бушпен (үлкені), АҚШ Президентінің ұлттық қауіпсіздік жөніндегі бұрынғы кеңесшісі генерал Б. Скоукрофтпен, Израиль Мемлекетінің бұрынғы Премьер-министрі Ш. Переспен, Афины қаласының мэрі Д. Бакоянимен екіжақты кездесулер өткізді.

21 тамыз

Мемлекет басшысы Батыс Қазақстан облысында жұмыс сапарымен болды.

Сапар бағдарламасы аясында Н.Ә. Назарбаев облыстың және қаланың өнеркәсіп орындары үшін білікті жұмысшы кадрларды дайындайтын Орал қаласының №1 кәсіптік мектебінде болды; «Технопарк «Алгоритм» ЖШС-сында болып, онда индустриялық-инновациялық дамудың облыстық бағдарламасымен танысты; Батыс Қазақстан облыстық өлкетану мұражайының экспонаттарын қарады; «Атриум» жаңа сауда, ойын-сауық орталығының ашылуына қатысты.

Сапар соңында Президент облыс активімен кездесу өткізді. Оған Орал қаласының және аудандардың әкімдері, облыстық және қалалық мәслихат депутаттары, облыстық мекемелер мен ұйымдардың басшылары және БАҚ өкілдері қатысты.

23 тамыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Д.К. Ахметовтің, Экономика және бюджетті жобалау министрі Қ.Н. Келімбетовтің және Қаржы министрі А.Ғ. Дунаевтың қатысуымен 2005 жылға арналған республикалық бюджет жобасын дайындау мәселелері бойынша жұмыс кеңесін өткізді.

24 тамыз

Мемлекет басшысы «М. Саффариді Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №1422, «М. Камхиді Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №1423, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №1424, «Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 21 сәуірдегі №378 Жарлығына толықтырулар мен

өзгерістер енгізу туралы» №1425, «Республикалық бюджет комиссиясы туралы ережені бекіту туралы» №1426 жарлықтарына қол қойды.

25 тамыз

Мемлекет басшысы ТМД Атқару комитетінің төрағасы — ТМД Атқарушы хатшысы В.Б. Рушайлоны қабылдады.

Әңгіме барысында Достастықтың жұмыс органдарын реформалау және оңтайландыру негізіндегі ТМД Атқару Комитетінің мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы ДСҰ директоры С. Панитчпакдиді қабылдады және онымен Қазақстанның ДСҰ-ға кіру перспективаларын талқылады. Аталған үдерістің мерзімі және шарттары негізінен ЕурАзЭҚ елдерінің келісілген кеден саясатына байланысты екені атап өтілді.

Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ) — халықаралық ұйым, мүше мемлекеттердің сауда-саяси қатынастарын реттеу және халықаралық сауданы либералдау мақсатында 1995 жылы құрылған. ДСҰ — 1974 жылы жасалған және шамамен 50 жылға жуық уақыт бойы халықаралық ұйым қызметін атқарып келген тариф және сауда жөніндегі Бас келісімнің құқығын иемденуші болып табылады.

26 тамыз

Мемлекет басшысы Қостанай облысында жұмыс сапарымен болды.

Президент Ауыл шаруашылығының Солтүстік-батыс ғылыми-практикалық орталығында болды. Онда егінді алқапты аралап шықты және облыстың ауылшаруашылық өндірушілерімен және аудан әкімдерімен кездесті.

Одан соң Н.Ә. Назарбаев Қостанай қаласына келді. Онда жөнделген №1 орта мектепті және УЕФА талаптарына сай етіп жөнделген қалалық стадионды аралады.

Жұмыс сапарының соңына қарай Мемлекет басшысы Рудный қаласына соқты. Онда «Соколов-Сарыбай кен-байыту өндірістік бірлестігі» АҚ-ның 50 жылдығына арналған салтанатты жиынға қатысты. Кеншілердің алдында сөйлеген сөзінде: «Кәсіпорынның 50 жыл тарихының, кем дегенде, 40 жылы менің «Қарметте» басталған еңбек өмірбаяныммен байла-

ныcты. Өз уақытында «Соколовка» бүкіл КСРО қара металлургиясының тірегі болды және Қазақстанда бұл саланың тууын алдын ала анықтап қойды. Сол Соколов-Сарыбай кен-орны ашылып, игерілгеннен бері мұнда көп маңызды оқиға болды», — деді Н.Ә. Назарбаев. Өндіріс озаттарының тобына Елбасы өз қолымен жаңа автомобиль кілттерін табыс етті.

Мемлекет басшысы «Қ.Е. Омаровты Қазақстан Республикасының Үндістандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №1427 Жарлығына қол қойды.

28 тамыз

Мемлекет басшысы Жапония Сыртқы істер министрі Й. Кавагучиді қабылдады. Ол Қазақстанға Астана қаласында өтетін «Орталық Азия — Жапония» диалогы аясындағы сыртқы істер министрлерінің алғашқы кедесуіне қатысу үшін келген болатын.

Әңгіме барысында аяқталған сыртқы істер министрлерінің кездесу қорытындылары және «Орталық Азия — Жапония» диалогының алдағы уақыттағы даму перспективалары талқыланды.

Бұрынғы Семей ядролық полигоны қызметінің зардаптарын жою ісіндегі көмегі үшін Н.Ә. Назарбаев Жапония Үкіметіне ризашылығын білдірді.

Мемлекет басшысы «Орталық Азия ынтымақтастығы» ұйымына мүше мемлекеттердің Сыртқы істер министрлері Кеңесінің отырысына қатысушыларды қабылдады және олармен ОАЫ аясындағы ынтымақтастықтың даму перспективаларын талқылады.

Кездесу барысында Н.Ә. Назарбаев лаңкестіктің, есірткі тасымалының және қару саудасының болуына қарсы тұру үшін және өңірдегі тұрақтылықты нығайту ісінде ортақ мақсатқа жету үшін әрекеттердің үйлесімділігін күшейту керектігіне назар аударды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы туралы Ережені бекіту туралы» №1428, «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №1429, «Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы» №1430, «Қазақстан

Республикасы Тұңғыш Президентінің мұражайын құру туралы» №1431 жарлықтарына қол қойды.

31 тамыз

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің кезекті отырысына төрағалық етті.

Отырыста Қазақстанның сыртқы саясат тұжырымдамасын жетілдіру мәселелері, сондай-ақ діни экстремизмнің таралуына және енуіне қарсы тұру шаралары қаралды.

Елбасы халық арасында экстремистік идеялардың таралуының алдын алу лаңкестікке қарсы күрестегі маңызды бағыт екенін атап өтті.

Мемлекет басшысы Қазақстанның ұлттық-мәдени бірлестіктерінің басшыларын қабылдады және мәдени-ағартушылық жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу үшін 2004 жылдың 19 президенттік грантын тапсырды.

Мемлекет басшысы «Тың және тыңайған жерлерді игеруге қатысқан ардагерлерді «Тыңға 50 жыл» мерекелік медалімен наградтау туралы» №1432 Жарлығына қол қойды.

ҚЫРКҮЙЕК



Дс		6	13	20	27
Сс		7	14	21	28
Ср	1	8	15	22	29
Бс	2	9	16	23	30
Жм	3	10	17	24	
Сн	4	11	18	25	
Жк	5	12	19	26	

1 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысына қатысты және екінші шақырылым Парламентінің VI сессиясын ашты.

Н.Ә. Назарбаев 2004 жылдың 19 қыркүйегіне белгіленген Парламент сайлауының қарсаңында депутаттардың алдында сөйлеген сөзінде: «... Демократиялық, адал әрі таза сайлау үшін барлық қажетті алғышарттар мен мүмкіндіктер жасалды. ...Оның адал бәсекелестікте сәтті өтетіндігіне толық сенім бар, ал біздің азаматтар оған белсенді түрде қатысып және тағы да тұрақтылық пен өркендеу үшін дауыс береді», — деді (Қосымшаны қараңыз).

Мемлекет басшысы Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Испания Королі Хуан Карлос I кездесті. Олар екі мемлекет үшін өзара пайдалы халықаралық және өңірлік өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің төрағасы О.Н. Өксікбаевты және Астана қаласында өтетін ТМД қатысушы мемлекеттерінің Қаржылық бақылау жоғарғы органдары басшылары Кеңесінің V сессиясына қатысу үшін келген Ресей Федерациясы Есеп палатасының төрағасы С.В. Степашинді қабылдады.

Кездесу барысында осы күндері Қазақстан астанасында өткен Кеңестің V сессиясы жұмысының негізгі қорытындылары,сондай-ақ Қазақстанның Есеп комитетінің қызметін кеңейту және нығайту мәселелері талқыланды.

Сонымен қатар С.В. Степашин Ресей Есеп палатасы мен Қазақстанның Есеп комитетінің өзара ынтымақтастығы туралы келісімге қол қою ниеті туралы хабардар етті.

Мемлекет басшысы Қазақстандағы дипломатиялық миссиясының аяқталуына байланысты Иран Исламдық Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі М. Саффариді қабылдады.

Н.Ә. Назарбаев дипломатқа екі елдің игілігіне жасалған жемісті қызметі үшін ризашылығын білдірді.

Мемлекет басшысы 2004 жылғы 31 тамызда Мәскеу қаласындағы «Рижская» метро стансасында болған лаңкестік әрекет нәтижесінде көптеген адамдардың қазасына байланысты Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинге көңіл айту жеделхатын жолдады.

Жеделхатта: «Нәтижесінде бейбіт азаматтар қаза болатын халықаралық лаңкестердің залымдық әрекеттері, қазіргі заманның осы қаупіне қарсы күресте біздің одан әрі күш біріктіруіміз керектігі туралы пікірді нығайтады», — делінген.

6 қыркүйек

Мемлекет басшысы Оман Сұлтандығының Сыртқы істер министрі Юсуф бен Алауи бен Абдалланы қабылдады.

Кездесу барысында екіжақты байланысты одан әрі кеңейту, сауда, экономикалық және гуманитарлық саладағы ынтымақтастықты тереңдету мәселелері қаралды. Атап айтқанда, әңгіме Каспий қайраңының қазақстандық секторын игеру жөніндегі инвестициялық жобалар туралы, инвестицияны қорғау саласындағы және екі еселік салық салуды болдырмау үшін келісімге қол қою, қазақстандық өнімді әлемдік нарыққа енгізу үшін Оманның порттарын ұсыну жайында өрбіді.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Ж.Ә. Құлекеевті қабылдады.

Кездесу барысында орта және жоғарғы білім беру орындарын бағалау мақсатында министрліктің тәуелсіз бақылауын ұйымдастыру, сондай-ақ 2010 жылға дейін Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жасау мәселелері талқыланды.

Кездесу соңында Елбасы білім беру жүйесін одан әрі жетілдіру бойынша бірқатар тапсырмалар берді.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрі Қ.Ы. Нағмановты қабылдады. Ол министрлік қызметі туралы есебімен таныстырды.

Сонымен қатар Қазақстанның солтүстік (астықты) және орталық (өнеркәсіпті) аймағын елдің батысымен Ресей темір жолына шығуынсыз қысқа маршрутпен байланыстыратын «Хромтау-Алтынсарин» жаңа темір-жол желісінің құрылысы мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік кеңесінің кезектен тыс отырысына төрағалық етті.

2004 жылғы 1–3 қыркүйекте Ресейдің Беслан қаласында болған лаңкестік әрекетке байланысты Президент құзыретті органдарға лаңкестік және экстремистік қызметтің алдын алу бойынша пәрменді шаралар қабылдауды, мемлекеттік органдардың өзара әрекеттестігінің сәйкес жүйесін құруды, көшіқон үдерістерін бақылау және мемлекеттік шекараны күзетуді қамтамасыз ету саласына жаңа технологияларды енгізуді тапсырды.

2004 жылдың 1–3 қыркүйегінде лаңкестер Беслан қаласындағы №1 мектеп ғимаратын басып алып, онда 1,3 мың тұтқынды ұстап отырды. Лаңкестік әрекет нәтижесінде шамамен 350 адам қаза тапты, оның жартысы балалар болатын. 500-ден астам адам жараланды.

Мемлекет басшысы 2004 жылдың 1–3 қыркүйегінде Ресей Федерациясының Солтүстік Осетияның Беслан қаласында болған қайғылы оқиғаға байланысты Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинге көңіл айту жеделхатын жолдады.

Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқының және жеке өзінің атынан қаза болғандардың туған-туыстары мен жақындарына қайғырып көңіл айтты және лаңкестікпен күреске Қазақстанның жан-жақты көмек көрсетуге әзір екендігін білдірді.

Мемлекет басшысы Астана қаласындағы Ресей Федерациясының Елшілігіне барып көңіл айту кітабына жазба қалдырды. Онда: «Барлық қазақстандықтардың атынан Ресей басшылығына, барлық ресейліктерге Мәскеу және Беслан қалаларындағы халықаралық лаңкестердің рақымсыз, жабайы әрекетінің көптеген құрбандарына байланысты қайғыра көңіл айтамын.

Қазақстан халықаралық лаңкестерге қарсы әділ күресте Ресей жағында болып келді және солай болып қала береді.

Біз қайғылы оқиға құрбандарына және олардың туысқандарына жан-жақты көмек көрсетуге дайынбыз. Біз сіздермен біргеміз», — делінген.

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен телефон арқылы сөйлесті және жүздеген кінәсіз адамдардың өмірін қиған Бесландағы қайғылы оқиғаға байланысты көңіл айтты.

Екі ел президенттері Астанада 2004 жылдың 16 қыркүйегінде өтетін ТМД елдері саммитінде діни экстремизммен және халықаралық лаңкестікпен күрес жөнінде нақты шаралар әзірлеу жөніндегі мәселелерді талқылауға келісті.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 17 мамырдағы №873 Жарлығына толықтырулар енгізу туралы» №1434 Жарлығына қол қойды.

7 қыркүйек

Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен Қазақстан әйелдерінің IV Форумына қатысты.

Форумда сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев елдегі гендерлік ахуалды жақсарту мақсатында Үкіметпен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Отбасы және әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссияға өзімізде бар гендерлік саясат тұжырымдамасының негізінде мемлекеттік стратегияны жасауды және оны 2005 жылдан бастап жүзеге асыра бастауды тапсырды.

Мемлекет басшысы Израиль Мемлекетінің бас раввині Й. Мецгерді және Америка филантропы Р. Лаудерді қабылдады. Олар өркениет арасындағы сұхбатқа қосқан көрнекті үлесі үшін Елбасына Маймонид атындағы халықаралық сыйлықты табыс етті.

Бас раввин Маймонид атындағы сыйлықты халықаралық комитет жетекші еврей ұйымдарының өкілдері мен әлем қауымын біріктірген философ Рабби Моше бен Маймон сияқты бейбітшілікке

ұмтылған адам ретінде Н.Ә. Назарбаевқа табыс етуді бірауыздан құптағандығын атап өтті. Бұл оқиға Н.Ә. Назарбаевтың конфессияаралық бейбітшілік орнату мен халықтар арасындағы сұхбатты дамыту бойынша қажырлы еңбегіне деген құрмет пен алғысын білдіреді.

Мемлекет басшысы Астана қаласындағы Орталық Азиядағы ең үлкен синагоганың ашылуына қатысты.

Салтанатты жиында сөйлеген сөзінде: «Қазақстан бүгінгі таңда 45 діни конфессия мен 130 халық өкілдерінің достығы мен өзара сенімінің және еңбегінің арқасында дамуда. Астанада Ислам мәдени орталығы тұрғызылған, православтық шіркеу және католиктік костел жұмыс істеуде. Иудаизм өкілдері де өздерінің храмына ие болды. Егер барлық адамдар қазақстандықтар сияқты өмір сүретін болса, әлемде бейбітшілік пен тыныштық орнайтын еді. Әрдайым осылай болғай!», — деді.

Мемлекет басшысы Астана қаласының №50 орта мектебінде болып, қазіргі заманғы спорт және музыка залдарын, компьютерлік сыныптарын, емдеу-сауықтыру кешенін және бассейнді қарап шықты.

Мемлекет басшысы «Ф. Враницкийді I дәрежелі «Достық» орденімен наградтау туралы» №1433, «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына толықтырулар енгізу туралы» №1435, «Ф. Ачкураны Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №1436 жарлықтарына қол қойды.

8 қыркүйек

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Қазақстанға ресми сапармен келген Чехия Республикасының Президенті В. Клауспен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында тараптар әлеуметтік-экономикалық және гуманитарлық саладағы екіжақты ынтымақтастық жағдайы мен оны кеңейту перспективаларын талқылады, сондай-ақ кең ауқымды халықаралық және аймақтық мәселер жөнінде пікір алмасты.

Келіссөздер қорытындысы бойынша Чехия Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасында өзара қарым-қатынас негіздері туралы Декларацияға, сондай-ақ экономикалық, өнеркәсіптік және ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы ведомствоаралық келісімге қол қойылды.

Сол күні Мемлекет басшысы Чехия Республикасының Президенті В. Клауспен бірге әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде болды. Онда университеттің 70 жылдығына арналған салтанатты жиналысқа қатысты (Қосымшаны қараңыз).

9 қыркүйек

Мемлекет басшысы Австрия Республикасында ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Вена қаласында БҰҰ-ның Веналық бөліміне барды. Онда МАГАТЭ бас директоры М. әл-Барадеимен кездесті және бұрынғы Семей ядролық полигонының аумағымен іргелес жатқан аймақты оңалту мәселелерін, сондай-ақ Қазақстанның Ұлттық ядролық орталығының қызметін жетілдіру перспективаларын талқылады.

Одан соң Н.Ә. Назарбаев ЕҚЫҰ төрағасы Я. Кубиш-пен кездесті. Әңгіме барысында Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығының перспективалары, ортаазиялық өңірдегі тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселелерін және лаңкестікпен және есірткі құралдарының заңсыз айналымына қарсы күрес жолдарын талқылады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір аудандық және оларға теңестірілген соттарын құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы» №1437 Жарлығына қол қойды.

10 қыркүйек

Мемлекет басшысы Австрия Республикасына ресми сапар барысында Федералды Президент Х. Фишермен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында жаһандық және өңірлік қауіпсіздіктің өзекті мәселелері, сондай-ақ алдымен энергетика саласындағы екіжақты сауда-экономикалық

ынтымақтастықты кеңейту перспективалары бойынша пікір алмасты.

Келіссөздердің қорытындысы бойынша табыс пен капиталға салынатын салыққа қатысты Австрия Республикасы мен Қазақстан Республикасы арасындағы Конвенцияға, сондай-ақ Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі комиссия құруды қарастыратын экономикалық, ауылшаруашылық, табиғатты қорғау, өнеркәсіптік, техникалық және технологиялық ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімге қол қойылды.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Вена қаласындағы Өнер тарихының мұражайында болды.

11 қыркүйек

Мемлекет басшысы Австрия Республикасына ресми сапар барысында Федералды канцлер В. Шюсселмен кездесіп, экономикалық, ғылыми-техникалық және гуманитарлық саладағы екіжақты ынтымақтастық жағдайы мен перспективаларын талқылады. Тараптар Қазақстан мен Австрия ғылым және білім, туризм және өнеркәсіптің жоғарытехнологиялы салаларында үлкен әлеуетке ие деген пікірге келді.

13 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісіне сайлаудағы электоральды науқан аясында партия ұйымдастырған «Отан» Республикалық саяси партиясы жақтаушыларының форумына қатысты.

Н.Ә. Назарбаев сөйлеген сөзінде: «Реформаның қиын жылдарында «Отан» партиясы құрылған күнінен бастап менің бірізді, адал жақтасым болды. Біздің алдымызда үлкен тапсырмалар тұр. Біз ТМД-дағы ең жақсы денсаулық сақтауға, білім беруге, қолжетімді тұрғын үйге, жоғары еңбекақыға және зейнетақыға ұмтылып келеміз. Біз оған жетеміз, елдің стратегиясы осындай, «Отан» партиясының бағдарламасы осындай», — деп атап өтті (Қосымшаны қараңыз).

Мемлекет басшысы «Электр желілерін басқару жөніндегі Қазақстан компаниясы «KEGOC» АҚ президенті Қ.А. Бозымбаевты қабылдады. Ол компания

қызметінің 2004 жылғы 8 айының қорытындысы, сондай-ақ «Солтүстік-Оңтүстік» жаңа жоғарывольтті электр тарату желісі құрылысының барысы жайында хабардар етті.

Мемлекет басшысы «Экспортты несиелерді және инвестицияларды сақтандыру жөніндегі мемлекеттік сақтандыру корпорациясы» АҚ басқармасының төрағасы Ә.А. Смайыловты қабылдады. Ол корпорация қызметі туралы есеппен таныстырды.

Кездесу қорытындысы бойынша Президент даму институтының алдына алдағы кезеңге бірқатар тапсырмалар қойды, соның ішінде халықаралық ынтымақтастықты кеңейту, корпорация жұмысының көрсеткіштерін халықаралық стандартқа дейін көтеру, белсенді түсіндіру жұмыстары бар.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» №1438 Жарлығына қол қойды.

14 қыркүйек



Мемлекет басшысы Қазақстанға ТМД мемлекеттері басшылары Кеңесінің отырысына қатысу үшін келген Украина Президенті Л.Д. Кучмамен кездесті.

Тараптар Қазақстан-Украина қатынастарының жағдайы туралы, сондай-ақ 2004 жылдың 16 қыркүйегінде болатын ТМД мемлекеттері басшылары Кеңесі отырысының күн тәртібі жайында пікір алмасты.

Мемлекет басшысы Қазақстанға 2004 жылдың 15 қыркүйегінде өтетін БЭК қатысушы мемлекеттер басшыларының саммитіне қатысу үшін келген БЭК-тің Жоғары деңгейдегі тобының мүшелерін қабылдады. Олардың қатарында Беларусь Республикасының Экономика министрі — Премьер-министрінің орынбасары А.В. Кобяков, Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары С.М. Мыңбаев, Ресей Федерациясы Өнеркәсіп және энергетика министрі В.Б. Христенко, Украинаның Қаржы министрі — Премьер-министрінің бірінші орынбасары Н.Я. Азаров болды.

Кездесу барысында бұрын қабылданған келісімдердің атқарылу қорытындылары, сондай-ақ БЭК саммитінде қарастырылуы көзделген құжаттар қаралды.

Мемлекет басшысы «1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 60 жылдығы құрметіне арналған мерекелік медаль туралы» №1439 Жарлығына қол қойды.

15 қыркүйек

Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен БЭК қалыптастыру жөніндегі Келісімнің мүше мемлекеттері басшыларының саммитіне қатысты.

Отырыс барысында Н.Ә. Назарбаев: «Біз өткен онжылдықта тарап кеттік. Бүгін біз параллель бағытта жүру керек екендігін түсіндік. Ол үшін бізде табиғи және адами ресурстар, ірі энергетикалық және көліктік әлеует, ғылыми-техникалық мүмкіндік, біртұтас ақпараттық-мәдени кеңістік бар. Мұндай артықшылықтар ешқандай елдерде болған жоқ», — деп атап өтті.

Саммиттің қорытындысы бойынша 2005 жылдың 1 қаңтарынан бастап өзара сауда жасау кезінде тауар жіберілетін елде қосалқы құн салығын алуға өту туралы шешім қабылданды. Сондай-ақ экономикалық ықпалдасуды одан әрі тереңдетуге бағытталған және алғашқы кезекте қол қоюға жататын 29 халықаралық құжаттың тізімі мақұлданды.

Бірыңғай экономикалық кеңістік (БЭК) — халықаралық экономикалық ұйым, мақсаты, аты айтып тұрғандай, мүше мемлекеттердің бірыңғай экономикалық кеңістігін құру.

БЭК қалыптастыру туралы келісімге 2003 жылғы 19 қыркүйекте Ялта қаласында Беларусь, Қазақстан, Ресей және Украина Президенттері қол қойды.

БЭК аясында бірінші кезеңде мүше мемлекеттерден келетін тауар импортына қатысты еркін сауда режимін қамтамасыз ету, кеден одағының және біртұтас бәсекелестік ортаны қалыптастыру алғышарттарын дайындау, ұлттық заңнамалармен үйлестіру бойынша шараларды жүзеге асыру. Екінші кезеңде — алымсыз және шексіз еркін сауда аймағын қалыптастыруды аяқтау, үйлестірілген бәсекелестік саясатын жүргізу, бірыңғай кеден тарифі бар кедендік одақ құру. Үшінші, соңғы кезеңде, тауарлардың, қызметтердің, капиталдың және жұмыс күшінің еркін қозғалысын қамтамасыз ету. «Төрттік» мемлекеттердің интеграциялық өзара әрекеттестігін тереңдету шарасы бойынша, мүше

мемлекеттер өз еріктерімен өкілеттіліктерін беретін бірыңғай реттеу органы құрылуы тиіс.
Құрамына үкімет пен Ұлттық координаторлар институты басшыларының орынбасарлары кіретін Жоғары деңгейдегі топ БЭК органдары болып табылады.
Сонымен бірге, 2006 жылы БЭК-тен Украинаның шығуына байланысты және БЭК пен ЕурАзЭҚ мақсаттарының ұқсастығын ескере отырып, оларды біріктіру туралы шешім қабылданды.

Мемлекет басшысы «Кешірім жасау туралы» №1440, «Кешірім жасау жөніндегі өтінішін қанағаттандырудан бас тарту туралы» №1441, «Кешірім жасау актісін қолданбау туралы» №1442 жарлықтарына қол қойды.

16 қыркүйек



Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен ТМД мемлекеттері басшылары Кеңесінің отырысына қатысты.

Саммит барысында Н.Ә. Назарбаев ТМД-ны реформалау бойынша бірқатар ұсыныстарды алға тартты. Олардың ішінде — ТМД атқару органдарының құрылымын түбегейлі реформалау, Достастық аясында еркін сауда аймағын құру,ТМД Қауіпсіздік кеңесін құру, Экономикалық сотты және Мемлекетаралық статистикалық комитетті тарату бар.

Қазақстан Президенті: «ұсыныс — соңғы сатыдағы ақиқат емес. Оларды Сыртқы істер министрліктері қарайды. ТМД-ның тиімділігін арттыру үшін бұл ұйымның органдарын реформалау туралы шешімді бір жылдан кейін мүмкін ерте қабылдай аламыз», — деп атап өтті (Қосымшаны қараңыз).

Саммиттің қорытындысы бойынша ТМД елдерінің заңсыз көші-қонға қарсы әрекет тұжырымдамасы, 2005–2007 жылдарға қылмысқа және есірткі және психотропты құралдарының және олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күрес мемлекетаралық бағдарламалары, 1941–1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы Жеңісінің 60 жылдығына байланысты ТМД мемлекеттері басшыларының Достастық халқына және халықаралық қауымдастыққа жолданымы қабылданды.

Мемлекет басшысы Грузия Президенті М. Саакашвилимен екіжақты кездесу өткізді.

Келіссөздер барысында кейбір халықаралық мәселелер, Қазақстан-Грузин қатынастарының даму перспективалары, әлеуметтік-экономикалық және гуманитарлық саладағы қатынастарды кеңейту туралы тыңғылықты пікір алмасу болды.

17 қыркүйек

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Америка Құрама Штаттарының Төтенше және Өкілетті Елшісі Д. Ордвей мен Египет Араб Республикасының Төтенше және Өкілетті Елшісі Абдел Маугуд Ахмед Махмуд әл-Хабашиден сенім грамоталарын қабылдады.

Президент дипломаттарды Қазақстандағы миссиясының басталуымен құттықтады және оларға жұмыста сәттілік тіледі.

Мемлекет басшысы мемлекет аппаратын реформалау мәселесі бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңейтілген отырысына қатысты.

Отырыста сөйлеген сөзінде Президент реформалаудың негізгі бағыттары ретінде басқарудың орталық деңгей құрылымын оңтайландыруды, мемлекеттік деңгейлер арасындағы өкілеттілікті шектеуді, жергілікті басқару құрылымын реформалауды, дебюрократизацияны, мемлекеттік қызметті жетілдіруді, экономиканың мемлекеттік секторын басқару сапасын арттыруды атап өтті.

Мемлекет басшысы «Республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есепті жасау және ұсыну ережесін бекіту туралы» №1443 Жарлығына қол қойды.

18 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжіліс сайлауын бақылауға келген шетелдік бақылаушылар тобын қабылдады. Оның құрамында Еуропарламент депутаттары Д. Боуис және С. Стивенсон, Еуропа Кеңесінің Парламенттік ассамблеясының төрағасы (ЕКАТ) Т. Ивински және ЕКАТ депутаты Т. де Зулует, сондай-ақ Шотландия Парламентінің депутаты Б. Монтейта болды.

Кездесу барысында Қазақстандағы сайлау барысы, сайлау заңнамасының ерекшеліктері және

Қазақстанда енгізілген дауыс берудің электронды жүйесі талқыланды.

19 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің сайлауына дауыс беруге қатысты.

Парламенттік сайлаудың қорытындысы бойынша «Отан» РСП сайлаушылардың 67,5%, «АИСТ» блогы — 18,2%, Асар» — 5,2%, «Ақ жол» — 2,6%, Қазақстан демократиялық партиясы — 1,3 %, өзін-өзі ұсынғандар — 5,2% дауысқа ие болды.

20 қыркүйек



Мемлекет басшысы Қазақстанға мемлекеттік сапармен келген Корея Республикасының Президенті Но Му Хенмен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында көмірсутек шикізаты кен орнын бірлесе өңдеу, электронды және телекоммуникация саласында өндірістер құру мәселелері туралы пікір алмасты.

Екі ел басшылары келіссөздерінің қорытындысы бойынша Бірлескен мәлімдеме қабылданды, сондай-ақ атом энергиясын бейбіт қолдану аймағы, ақпарат пен коммуникация облысында және жаңа материалдар өндірісі бойынша ынтымақтастық туралы үкіметаралық келісімге қол қойылды.

Мемлекет басшысы ТМД Атқарушы органының төрағасы, ТМД атқарушы хатшысы В.Б. Рушайлоны қабылдады. Ол ТМД миссиясының Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісін сайлау барысын бақылау нәтижелері туралы хабардар етті.

21 қыркүйек

Мемлекет басшысы 2003–2005 жылдарға арналған Мемлекеттік агроазық-түлік бағдарламасын жүзеге асыру мәселелері бойынша кеңес өткізді.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрі С.Ә. Үмбетов, Алматы облысының әкімі Ш.К. Құлмаханов және Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Т.А. Мансұров өз есептерін берді.

Президент ауылшаруашылық кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін және өнімділігін арттыру, олардың халықаралық сапа стандартына өтуін жандандыру, олардың өнімін экспортқа бағыттау, сондай-

ақ бақша шаруашылығы мен жүзім шаруашылығын қалпына келтіру қажеттігін атап өтті.

Сонымен қатар ауылдағы жұмыссыздық, ауыл инфрақұрылымын, телекоммуникациясын, жолдарын дамыту, ауыз сумен және электр энергиясымен қамту мәселелері қаралды.

Мемлекет басшысы «Бір топ спортшыларды Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтау туралы» №1444, «Алматы облысының көп балалы аналарын «Алтын алқа» алқасымен наградтау туралы» №1445 жарлықтарына қол қойды.

22 қыркүйек

Мемлекет басшысы «ExxonMobil Corporation» компаниясының директорлар кеңесінің төрағасы Л. Рэймондты қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстанның мұнай-газ секторының даму перспективалары, сонымен қатар елдің газ және мұнай өндіретін аймақтарының орналасу және инфрақұрылымын жетілдіру мәселелері қарастырылды.

Мемлекет басшысы Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының ректоры Ш.К. Беркімбаеваны қабылдады.

Кездесуде жоғарғы оқу орнының 60 жылдық мерейтойын тойлауға дайындық барысына байланысты мәселелер, сондай-ақ педагогикалық кадрлар дайындау мәселелері қарастырылды.

Мемлекет басшысы «Қазақпарат» Ұлттық компаниясы» АҚ президенті Ғ.М. Шалахметовты қабылдады. Ол компанияның даму перспективалары жайлы хабардар етті және әлемдік жетекші ақпараттық агенттіктердің уәкілдіктері орналасатын жеке ғимарат құрылысының жоспарымен бөлісті.

23 қыркүйек

Мемлекет басшысы 2004 жылдың 13–29 тамызы аралығында Грекия астанасы Афины қаласында өткен XXVIII жазғы Олимпиада ойындарының қатысушылары мен жүлдегерлерін қабылдады.

Бокстан олимпиада чемпионы Б. Артаев Президентке Ойындардың ашылу салтанатында олимпиадалық құрама ұстаған байрақты табыс етті және олимпиадашылар атынан Мемлекет басшысы мен Қазақстан халқына көрсеткен қолдауы үшін алғыс білдірді.

Н.Ә. Назарбаев олимпиадашыларды құттықтады және Б. Артаевқа I дәрежелі «Барыс» орденін; Г. Лалиевке, Г. Головкинге, Г. Цурцумия және С. Филимоновқа — «Құрмет» орденін; Д. Карповқа, С. Елеуовке және М. Манукянға — «Ерен еңбегі үшін» медалін табыс етті (Қосымшаны қараңыз).

1

2

3

4

5

6

«Барыс» ордені 1999 жылы үш дәрежелі болып бекітілді. I, II, III дәрежелі «Барыс» орденімен марапаттау Қазақстан Республикасының мемлекеттігі мен егемендігін нығайту ісіне; бейбітшілікті, қоғамның топтасуы мен Қазақстан халқының бірлігін қамтамасыз етуге; мемлекеттік, өндірістік, ғылыми, әлеуметтік-мәдени және қоғамдық қызметте; халықтар арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға; ұлттық мәдениеттерді жақындастыру мен өзара байытуға; мемлекеттер арасындағы достық қатынастарды дамытуға сіңірген ерекше еңбегі үшін жүргізіледі.

I дәрежелі «Барыс» ордені жұлдыздан(1-сурет) және иыққа асатын лентадағы белгіден (2-сурет), II дәрежелі «Барыс» ордені тақташасындағы белгіден (3-сурет), III дәрежелі «Барыс» ордені мойынға асатын лентадағы белгіден (4-сурет) тұрады.

«Құрмет» ордені (5-сурет) 1993 жылы бекітілген. «Құрмет» орденімен азаматтар экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылым мен мәдениетті, білім беру ісін дамытуға сіңірген еңбегі, мемлекеттік қызметтегі үлгілі қызметі және белсенді қоғамдық қызметі үшін марапатталады.

«Ерен еңбегі үшін» медалі (6-сурет) 1993 жылы бекітілген. «Ерен еңбегі үшін» медалімен азаматтар экономикадағы, әлеуметтік саладағы, ғылымдағы, мәдениеттегі және мемлекеттегі қызметтегі еңбек жетістіктері үшін марапатталады.

Мемлекет басшысы «Еуразиялық экономикалық қауымдастыққа мүше мемлекеттердің құнды қағаздар нарығындағы ынтымақтастығы жөніндегі келісімді бекіту туралы» №1446 Жарлығына қол қойды.

24 қыркүйек

Мемлекет басшысы Алматы облысында Қытаймен шекарада орналасқан «Қорғас» кеден бекетінде болды.

Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің төрағасы Б.М. Сапарбаев Н.Ә. Назарбаев-

ты үлкен жүкті автомобильдерді сканерлеуге мүмкіндік беретін «TC-SCAN» инспекциялық-тексермелеу кешенімен және «Янтарь-ЛА» радиоактивті материалдарды табуға арналған әмбебап стационарлық жүйесімен таныстырды.

Одан соң Президент Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық аудан аймағына жұмыс сапарымен барды, онда ШҰАА партия комитетінің бірінші хатшысы Ван Лэцюанмен бірге бірлескен Қазақстан-Қытай кәсіпорын қызметімен танысты, сондай-ақ Инин қаласында өткен шекаралық «Қорғас» Халықаралық ынтымақтастық орталығын құру туралы үкіметаралық келісімге қол қою рәсіміне қатысты.

Күн соңында Н.Ә. Назарбаев ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаомен телефон арқылы сөйлесті.

27 қыркүйек

Мемлекет басшысы Германия Федеративтік Республикасының «Schwebisch Hall» құрылыс жинақ компаниясы басқармасының төрағасы А. Эрдландты қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстанның Мемлекеттік тұрғын-үй құрылыс жинақ банкінің акциялық бақылау пакетін неміс компаниясының сатып алу мүмкіндігі талқыланды.

28 қыркүйек

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Израиль Мемлекетінің, Польша Республикасының және Канаданың Төтенше және Өкілетті Елшілері — М. Лотемнен, В.Я. Соколовскийден және А. Биоликтен сенім грамоталарын қабылдады.

Мемлекет басшысы мемлекеттік басқару құрылымын жетілдіру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелерімен кеңес өткізді және мемлекеттік аппарат тиімділігін арттыру тетігі және мемлекеттік басқару органдарының құрылымын қайта ұйымдастыру бойынша шаралар туралы ақпартты тыңдады.

29 қыркүйек

Мемлекет басшысы Қытай ұлттық мұнай-газ корпорациясының (ҚҰМК) бас директоры Чэнь Гэнді

қабылдады. Ол «Атасу-Алашанькоу» мұнай құбырының құрылысы басталғаны жайында хабардар етті.

«Атасу-Алашанькоу» ұзындығы 992 километр және жобалық өткізгіштік қуаты жылына 20 млн. тонна болатын, ең алдымен «Қазақстан-Қытай» мұнай құбыры магистралін білдіретін Қазақстанның каспийлік кен орындарын Қытаймен байланыстыруға арналған мұнай құбыры.

Мемлекет басшысы Қазақстанға «Шәкен жұлдыздары» II қазақстандық кинофестивалінің құрметті қонағы ретінде келген танымал Франция кино әртісі М. Мерсьені қабылдады.

Мемлекет басшысы «Р. әл-Жадиді Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №1447, «Н.И. Рыжковты II дәрежелі «Достық» орденімен наградтау туралы» №1448, «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №1449, «А. Сәрсенбайұлы туралы» №1450, «Д.Қ. Қасейінов туралы» №1451, «Е.М. Қосыбаевты Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрі қызметіне тағайындау туралы» №1452 жарлықтарына қол қойды.

30 қыркүйек

Мемлекет басшысы «М.Ж. Көпеевті Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі министрі қызметіне тағайындау туралы» №1453 Жарлығына қол қойды.

ҚАЗАН



Дс		4	11	18	25
Сс		5	12	19	26
Ср		6	13	20	27
Бс		7	14	21	28
Жм	1	8	15	22	29
Сн	2	9	16	23	30
Жк	3	10	17	24	31

2 қазан

Мемлекет басшысы «Қ.Қ. Әбусейітовті Қазақстан Республикасының Швейцария Конфедерациясындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне, Женева қаласындағы (Швейцария) Біріккен Ұлттар Ұйымының бөлімшесі мен басқа да халықаралық ұйымдар жанындағы Қазақстан Республикасының Тұрақты өкілі міндетін қоса атқарушы қызметіне тағайындау туралы» №1454, «Н.Ж. Дәненовті Қазақстан Республикасының Испания Корольдігіндегі Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №1455, «А.Н. Хамзаевты Қазақстан Республикасының Италия Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі қызметіне тағайындау туралы» №1456 жарлықтарына қол қойды.

4 қазан

Мемлекет басшысы «ЕурАзЭҚ Іскерлік кеңесі» қауымдастығының Үйлестіру кеңесінің төрағасы О.Н. Сосковецті және Бүкілресейлік қауіпсіздік, қорғаныс және құқықтық тәртіп мәселелері академиясының Президенті В. Шевченконы қабылдады. Олар Қазақстан мен Ресей арасындағы достықты нығайтуға және дамытуға қосқан үлкен жеке үлесі мен көрнекті еңбегі үшін Н.Ә. Назарбаевқа I дәрежелі «Ұлы Петр» орденін және оны академияның толық мүшесі етіп сайлау туралы дипломды табыс етті.

«Ұлы Петр» орденін 2001 жылы «Бүкілресейлік қауіпсіздік, қорғаныс және құқықтық тәртіп мәселелері академиясы» қоғамдық ұйымы бекіткен. 3 дәрежесі бар. Орденмен Ресей және шетел азаматтары Ресей алдындағы көрнекті еңбегі үшін марапатталады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы Халықаралық қылмыстық соттың билігіне адамдарды тапсыру туралы келісімді бекіту туралы» №598-II, «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің аумақтарында терроризмге қарсы бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу тәртібі туралы ережені бекіту жөніндегі хаттаманы бекіту туралы» №599-II, «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» Қазақстан Республикасының Заңына толықтырулар енгізу туралы» №600-II заңдарына қол қойды.

5 қазан

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясы Сауда-өнеркәсіп палатасының президенті Е.М. Примаковты және Қазақстан Сауда-өнеркәсіптік палаталары одағының президенті Х.К. Рақышевты қабылдады. Олар сол күні Астана қаласында өткен екі елдің сауда-өнеркәсіптік палаталарының бірлескен мәжілісінің қорытындылары жайында хабардар етті.

Әңгіме барысында екіжақты сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейту және екі елдің сауда-экономикалық палаталарының экономикалық ықпалдастықты тереңдетуге қатысу мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің төрағасы Б.Б. Жәмішевті қабылдады. Ол елдің қаржы нарығының жағдайы мен агенттік жұмысының нәтижелері жайында баяндады.

Кездесуде сондай-ақ, банк жүйесінің активтері мен сыртқы қарыздардың елеулі өсуімен ере жүретін тәуекелдер туралы мәселелер; жинақтаушы зейнетақы жүйесін әрі қарай дамыту және зейнетақы қорларының инвестициялық мүмкіндіктерін кеңейту; сақтандыру нарығын одан әрі дамыту мәселелері талқыланды.

Президент агенттікке Қазақстанның қаржылық секторын тиімді дамытуды қамтамасыз ету мақсатында белгіленген бағыттар бойынша жұмыстарды күшейтуді тапсырды.

7 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Ж.К. Қалиевты қабылдады. Ол Мәжілістің заң жобалау жұмысының барысы жайында хабардар етті және бірқатар өзекті әлеуметтік мәселелерді шешу бойынша ұсынысын жеткізді.

Мемлекет басшысы Қазақстан менеджмент, экономика және болжамдау институтының (ҚМЭБИ) президенті Ч.Й. Бэнгті қабылдады.

Кездесу барысында ҚМЭБИ қызметінің қорытындылары, сондай-ақ Астана қаласының тиімді даму және ұзақ мерзімді жоспарлау мәселелері қарастырылды.

8 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Латвия Республикасының Президенті В. Вике-Фрейбергпен кездесті.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы келіссөздер барысында халықаралық саясат және екіжақты ынтымақтастықты кеңейту перспективалары, сондай-ақ латвиялық порттарды пайдаланып энергетикалық ресурстарды тасымалдаудың жаңа маршруттарының кең ауқымды мәселелері бойынша пікір алмасты.

Кездесу соңында Н.Ә. Назарбаев латвиялық тарапқа КСРО мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің мұрағатынан Латвияның репрессияланған азаматтарына қатысты 227 істі берді.

Келіссөздердің қорытындысы бойынша экономикалық және ғылыми-техникалық ынтымақтастық, шетел инвестициясын тартуды және өзара қорғауды ынталандыру, лаңкестікпен, қылмыспен және есірткі, психотроптық құралдар мен олардың прекурсорларының заңсыз айналымына қарсы күрестегі ықпалдастық туралы үкіметаралық келісімдерге қол қойылды.

Мемлекет басшысы Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Ресей Федерациясы Үкіметінің төрағасы М.Е. Фрадковты қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстан-Ресей бірлескен инвестициялық банкін құру мәселелері талқыланды және 2004 жылдың аяғына дейінгі іс жоспары бекітілді. Банкті құру идеясын 2003 жылғы 19 қыркүйекте Ялта қаласында өткен ТМД мемлекеттері басшыларының кеңесі отырысында Н.Ә. Назарбаев алға тартқан болатын.

11 қазан

Мемлекет басшысы Иран Ислам Республикасы Ұлттық қауіпсіздік жоғарғы кеңесінің хатшысы Х. Роуханиді қабылдады.

Әңгіме барысында тараптар халықаралық және өңірлік бірқатар өзекті мәселелер бойынша, сондай-ақ екіжақты ынтымақтастықты кеңейту және тереңдету мәселелері жөнінде пікір алмасты. Кездесуде Каспий өңірінің мәселелеріне баса назар аударылды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі, Президенті Әкімшілігінің басшылығы, орталық

және жергілікті атқару органдары мүшелерінің қатысуымен 2003–2015 жылдарға арналған Индустриялық-инновациялық даму стратегиясының жүзеге асу мәселелері жөнінде кеңес өткізді.

Президент Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі Ә.Р. Жақсыбековтің, Батыс Қазақстан облысының әкімі Н.С. Әшімовтің, Қарағанды облысының әкімі Қ.Е. Мұхамеджановтың есептерін тыңдады.

Кеңес қорытындысы бойынша Н.Ә. Назарбаев әлемдік және өңірлік нарық конъюнктураларын зерттеуге; мемлекеттік органдардың, даму институттарының және өңірлердің өзара әрекеттестігін күшейтуге; ұлттық экономиканың шикізаттық емес секторына трансұлттық компанияларды тартуға және инвестициялық жобаларды таңдау критерийін жасауға қатысты бірқатар нақты тапсырмалар берді.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің төрағасы Ә.Ғ. Сәйденовті қабылдады. Ол банк жұмысының 2004 жылдың 9 айының қорытындысы жайында хабардар етті.

Кездесуде сондай-ақ Ұлттық қорды дамыту тұжырымдамасының жасалу барысы және инфляция деңгейін қоса алғандағы Ұлттық банктің қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді перспективаларының мәселелері қаралды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметкерлерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру ережесін бекіту туралы» №1457, «М.А. Таршаханиді II дәрежелі «Достық» орденімен наградтау туралы» №1458, «Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» №1459 жарлықтарына қол қойды.

12 қазан



Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен Қазақстанның білім және ғылым қызметкерлерінің III съезіне қатысты.

Жиналғандардың алдында сөйлеген сөзінде: «Білім беру мен ғылымды дамыту — бұл саяси және жалпыұлттық тапсырма. Сондықтан да ол

жүзеге ведомстволық жоба ретінде асырыла алмайды», — деп айтып өтті. Н.Ә. Назарбаев білім беруді мектепке дейінгі деңгейден жоғарғы оқу орнынан кейінгі деңгейге дейін түбегейлі қайта құру; жаңа формацияның педагогтарын дайындау; материалдық-техникалық қамту мен компьютерлендірудің заманауи деңгейін қамтамасыз ету; оқулықтар мен оқу құралдарының сапасын жоғарылату; қазақ тілін оқытудың сапасын арттыру; кәсіби-техникалық білім беру желісін жандандыру және ғылыми-зерттеу институттарын университеттердің қарауына беру арқылы реформалау қажеттігін атап көрсетті.

Қорытынды сөзінде Н.Ә. Назарбаев: «Негізін терең зерттеулер құрайтын озық ғылым мен сапалы білім беру арқылы ғана жаңарған елге жетуге және XXI ғасырдың қиын мәселелерін сәтті шешуге болатынына анық көзіміз жетті», — деді (Қосымшаны қараңыз).

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Бас прокуроры Р.Т. Түсіпбековті қабылдады. Ол прокуратура жұмысының 2004 жылдың 9 айындағы қорытындысы мен азаматтардың конституциялық құқығын қорғау жөнінде қабылданған шаралар туралы баяндады.

Мемлекет басшысы «Адамдарды сатуға және үшінші тұлғалардың жезөкшелікті пайдалануына қарсы күрес туралы конвенциясына және Қорытынды хаттамаға қол қою туралы» №1460 Жарлығына қол қойды.

13 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстандағы дипломатиялық миссиясының аяқталуына байланысты Қазақстан Республикасындағы Палестина Мемлекетінің Төтенше және Өкілетті елшісі М.А. Таршаханиді қабылдап, екіжақты қарым-қатынасты нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін II дәрежелі «Достық» орденін табыс етті.

Мемлекет басшысы Бүкіләлемдік қазақтар қауымдастығы басқармасы төрағасының бірінші орынбасары Т.А. Мамашевты қабылдады. Оған

қауымдастық жұмысының негізгі бағыттары бойынша бірқатар тапсырмалар берді.

Сол күні Мемлекет басшысы «BG Group» компаниясы басқармасының төрағасы сэр Р. Уилсонды қабылдады.

Кездесу барысында компанияның Қазақстандағы сомасы 1,5 млрд. доллардан асатын ағымдық жобалары талқыланды.

14 қазан

Мемлекет басшысы саяси мемлекеттік қызметкерлер тобымен, олардың министр, облыс әкімі және Президент Әкімшілігінің жауапты қызметкерлері лауазымдарына тағайындалуына байланысты Қазақстан халқына және ел Президентіне ант беру рәсіміне қатысты.

Н.Ә. Назарбаев алдағы уақыттағы қызметтеріне табыс тілей отырып, олардың ұлттық экономикалық дамуының жаңа сатысындағы, индустриялық-инновациялық, аграрлық, тұрғын үй, мәдени мұра — маңызды мемлекеттік бағдарламаларын жүзеге асырудағы, елдің тарихи дамуындағы маңызды сәтінде жұмысқа кіріскенін атап өтті.

Мемлекет басшысы Қазақстан облыстарының, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен 2004 жылғы 9 айдағы елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындысы бойынша жұмыс кеңесін өткізді.

Кеңес барысында Президент ЖІӨ-нің өсімі 9,4%, өнеркәсіп өнімінің өсімі — 10,5%, ал негізгі капиталға инвестицияның өсуі — 10% өскенін разылықпен белгіледі. Бұл ретте Н.Ә. Назарбаев индустриялық-инновациялық, аграрлық және тұрғын-үй бағдарламаларын одан әрі жүзеге асыру қажеттігіне ерекше назар аударды.

Мемлекет басшысы Германия Федеративтік Республикасы Бундестагы төрағасының орынбасары А. Фольмерді және депутаттары Х.-У. Клозе мен Й. Херстерді қабылдады.

Кездесу барысында халықаралық саясат, өңірлік қауіпсіздік және екіжақты ынтымақтастықты кеңейтудің өзекті мәселелері бойынша пікір алмасты.

15 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстанға жұмыс сапарымен келген Башқұртстан Республикасының Президенті М.Г. Рахимовпен кездесті.

Кездесу барысында ең алдымен мұнай-газ секторы мен машина жасау саласындағы Қазақстан мен Башқұртстан арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейту мәселелері бойынша тыңғылықты пікір алмасу болды.

18 қазан

Мемлекет басшысы Тәжікстан Республикасының астанасы Душанбе қаласында өткен «Орталық Азия ынтымақтастығы» ұйымының мемлекет басшыларының саммитіне қатысты.

Саммитте ОАЫ-ға Ресейдің қосылуы туралы хаттамаға қол қойылды. Сонымен бірге мемлекет басшылары Су-энергетикалық, азық-түлік және көлік-коммуникациялық консорциум құру тұжырымдамасын мақұлдады, сондай-ақ өз елдерінің үкіметіне ОАЫ мүше мемлекеттерінің аумағындағы қызметтері тоқтатылуға тиіс лаңкестік және экстремистік ұйымдардың тізімін беруді тапсырды.

«Бүгінгі қабылданған шешімдердің жүзеге асырылуы ОАЫ аясындағы ынтымақтастықты жаңа деңгейге көтеретініне сенімдімін», — деп атап өтті Н.Ә. Назарбаев (Қосымшаны қараңыз).

«Орталық Азия ынтымақтастығы» ұйымы (ОАЫ) — халықаралық өңірлік ұйым.

ОАЫ-ны бекіту туралы Келісімге 2002 жылғы 28 ақпанда Алматы қаласында қол қойылды. Жаңа құрылым 1994 жылы құрылған «Орталық Азиялық экономикалық қоғамдастығы» тараған ұйымның құқығын иемденуші. ОАЫ құрамына Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан кірді.

2004 жылғы 18 қазанда ОАЫ-ға Ресей қосылды.

ОАЫ ұйымының органдары: Мемлекет басшылары мен Премьер-министрлері кеңесі, Сыртқы істер министрлері кеңесі, Ұлттық үйлестірушілер комитеті және күш құрылымдары мен ұлттық қауіпсіздік қызметі басшыларының тұрақты жұмыс істейтін жиналысы.

2005 жылғы 6 қазанда Санкт-Петербург қаласындағы ОАЫ саммитінде ОАЫ-ны ЕурАзЭҚ-пен біріктіру туралы шешім қабылданды.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Оңтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапарымен барып, облыс активімен жиын өткізді.

19 қазан

Оңтүстік Қазақстанға жұмыс сапары барысында Мемлекет басшысы Шымкент қаласындағы жаңа «Нұрсат» ықшам ауданында болды; Д.А. Қонаев бульварын аралап шықты. Онда муниципалдық тұрғын үй құрылысы аясында салынған жаңа тұрғын үй пәтерлерінің кілттерін зейнеткерлерге, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлеріне, көп балалы аналарға, ардагерлерге табыс ету рәсіміне қатысты; облыстық перинаталдық орталықта болды, сондай-ақ инвестициялық жобаны жүзеге асырған, мақта талшығын иірілген жіпке қайта өңдейтін «Ютекс» кәсіпорнының жұмысымен танысты.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Алматы қаласына келіп, өзінің алматылық резиденциясында бірқатар екіжақты кездесулер өткізді.

НАТО бас хатшысы Я. Схеффермен кездесу барысында өңірлік қауіпсіздікті және тұрақтылықты нығайтуда Қазақстан мен НАТО күштерін үйлестіру мәселелері, сондай-ақ әскери кадрларды дайындаудағы ықпалдастықты тереңдету және техникалық құралдармен қамтамасыз етудің өзекті мәселелері талқыланды.

Президенттің келесі әңгімелестері Оман Сұлтандығының Сауда және өнеркәсіп министрі, «Oman Oil Company» ұлттық мұнай-газ компаниясы басқармасының төрағасы Макбул бен Әли бен Сұлтан және осы елдің Мұнай және газ министрі Мұхаммад Хамад ар-Рамхи болды.

Кездесуде Батыс Қазақстандағы, сондай-ақ Каспий теңізінің қазақстандық секторы қайраңындағы кен орындарын бірлесіп игеру мәселелері қозғалды.

20 қазан

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Ю.А. Гагарин атындағы ғарышкерлерді дайындайтын Ресей ғылыми-зерттеу орталығының ғарышкерлер отрядының командирі Ю.В. Лончаковты және Қазақстанның ғарышкерлікке үміткерлері А.А. Айымбетов пен М.Р. Аймахановты қабылдады.

Кездесу барысында ұлттық ғарышкерлікті және Қазақстанның қолданбалы ғарыштық бағдарламаларын дамыту жоспары талқыланды.

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Қазақстанға ресми сапармен келген Таиланд

Корольдігінің Сыртқы істер министрі С. Сатиратайды қабылдады.

Кездесу барысында тараптар туризм, әуе қатынасы, инвестициялық саясат, энергетика саласындағы ынтымақтастықты кеңейту мәселелері жөнінде пікір алмасты.

21 қазан

Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденция-сында АӨСШК мүше мемлекеттерінің Сыртқы істер министрлерімен бірқатар екіжақты кездесулер өткізді.

Пәкстан Ислам Республикасының Сыртқы істер министрі М.Х. Бахтиярмен кездесу барысында екіжақты қарым-қатынасты дамыту және өңірдегі тұрақтылықты нығайту шараларын әзірлеу мәселелері талқыланды.

Үндістан Республикасының Сыртқы істер министрі Н. Сингхпен кездесуінде Н.Ә. Назарбаев Қазақстан-Үндістан қарым-қатынастарын тереңдету мен кеңейтудің және энергетика, жоғары ақпараттық технологиялар саласында бірлескен өндірістерін құру қажеттілігіне баса назар аударды.

Н.Ә. Назарбаевтың Қытай Халық Республикасының Сыртқы істер министрі Ли Чжаосинмен кездесуі Қазақстаннан ҚХР-ға мұнай құбырының құрылысын жылдамдату және ШЫҰ аясында іс-қимылдарды үйлестіруді тереңдету мәселелеріне арналды.

Н.Ә. Назарбаевтың Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрі С.В. Лавровпен әңгімесінде бұрын қол жеткізілген екі елдің мемлекеттік шекарасын делимитациялау туралы уағдаластығы, энергетика және жоғары технологиялар саласындағы жобалардың жүзеге асырылуы мәселелеріне басты назар аударылды.

Сол күні Мемлекет басшысы өзінің алматылық резиденциясында Қазақстанның ғылыми және шығармашылық зиялылар өкілдерінің үлкен тобын қабылдады. Олармен ел алдындағы өзекті мәселелер мен стратегиялық міндеттерді талқылады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасындағы Тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005–2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының

іске асырылуын бақылау жөніндегі Мемлекеттік комиссия құру туралы» №1461 Жарлығына қол қойды.

22 қазан

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен АӨСШК мүше мемлекеттері Сыртқы істер министрлерінің отырысына қатысты.

Кездесуді аша отырып, Н.Ә. Назарбаев: «...АӨСШК сыртқы саясат ведомства басшыларының форумы халықаралық жағдайдың қатты шиеленіскен кезінде өтуде. Мемлекетаралық қатынастардың барлық жүйесі, әлемдік құрылымның негізгі принциптері үлкен сынға түскелі тұр. Қаталдығы жағынан теңдессіз лаңкестік әрекеттердің өспелі толқыны, жаппай қырып жою қаруының жауынгерлік топтың қолына түсу қаупі, қылмыстық синдикаттардың қызметі, экологиялық жағдайдың нашарлауы, кедейшілік, ауру — осының барлығы біздің халықтарымыздың иығына ауыр салмақ болмақ. Бұл қатерлердің көлемі мен динамикасы өңірлік және жаһандық қауіпсіздікті нығайтуда халықаралық қоғамдыстықтың күш жұмсауына үлкен тиімділік беру мәселелері жайлы ойлануға мәжбүрлейді.

...Біз құрылып келе жатқан жаһандық бейбіт тәртіпке сай келетін құрлықтағы халықаралық қатынастардың жаңа жүйесінің құрылымын жасаймыз. ...Барлығымызды халықтар мен мемлекеттер арасындағы өзара қарым-қатынасты және халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету принциптері мен жағдайларын барлық құрлыққа бірыңғай етіп тарату үшін ауыр жұмыс күтіп тұр», — деп атап өтті (Қосымшаны қараңыз).

Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесін (АӨСШК) шақыру бастамасын 1992 жылғы қазанда БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының 47-сессиясының мінбесінде Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев ұсынды.

Форумның басты мақсаты — Азия құрлығындағы ынтымақтастықты нығайту және өңірлік өзекті мәселелерді бірлесе шешу үшін сұхбаттық тетікті құру.

АӨСШК-тің бірінші саммиті 2002 жылғы 3–5 маусымда Алматы қаласында өтті. Оның басты қорытындысы форумның принциптері мен негізгі мақсаттарын анықтайтын құжат — Алматы актісінің қабылдануы болды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне кеменің немесе жасалып жатқан

кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №601-II Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Ж.С. Кәрібжановқа Төтенше және Өкілетті Елші дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №1462, «Е.Х. Қазыхановқа I сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №1463, «Р.С. Жиенбаевқа II сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №1464 жарлықтарына қол қойды.

25 қазан



Мемлекет басшысы Швеция Корольдігінде ресми сапармен болып, осы елдің астанасы Стокгольм қаласында Премьер-министр Й. Перссонмен кездесті.

Келіссөздер барысында инвестицияны өзара қорғау және тарту, сондай-ақ жолаушылар мен жүкті халықаралық автомобильдік тасымалдауды дамыту туралы келісімдерге қол қойылды.

Келіссөздердің қорытындысы бойынша баспасөз конференциясында Н.Ә. Назарбаев: «Біздің мақсаттарымыздың бірі — «стан» болып аяқталатын елдер басқа елдерден саяси либералдануы жағынан да, экономикалық либералдануы жағынан да әздыкөпті айрықшаланатынына шведтердің көзін жеткізу. Бұл ел — Қазақстан. ...Бізде Швецияда жоқ үлкен шикізат қоры бар. Мұнда бізде жоқ жоғары технологиялар, қызмет көрсету, өңдеу индустриясы бар. Біз осы екі елдің артықшылықтарын бәрімізге пайдалы болатындай етіп біріктіргіміз келеді», — деп атап өтті.

Түстен кейін Мемлекет басшысы Швецияда тұратын қазақ диаспорасының өкілдерімен кездесті. Одан соң шведтің ірі компанияларының басшыларымен кездесіп, олармен келіссөздер жүргізді.

26 қазан

Мемлекет басшысы Швеция Корольдігіне ресми сапары барысында Парламент спикері Б. фон Сидоумен кездесіп, парламентаралық байланыстарды кеңейту мен мемлекетаралық және саяси байланыстарды тереңдету мәселелерін талқылады.

Одан соң Н.Ә. Назарбаев Швеция Королі Карл Густавпен кездесті. Кездесу барысында екі ел үшін өзара

пайдалы халықаралық саясат мәселелері бойынша тығыз пікір алмасты.

Түстен кейін Мемлекет басшысы «Қазақстан-Швеция: инвестициялық мүмкіндіктер» бизнес-форумына қатысты.

Сапар соңында Н.Ә. Назарбаев Швецияның ескі және танымал компанияларының бірі «Ericsson» компаниясын және швециялық Силикон алқабымен аталған «Kista» технологиялық паркінде болды.

28 қазан

Мемлекет басшысы елімізге Қазақстандағы Татарстан күндеріне қатысу үшін ресми сапармен келген Татарстан Президенті Республикасы М.Ш. Шаймиевпен кездесті.

Шағын құрамдағы келіссөздер барысында екіжақты сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты одан әрі кеңейту перспективалары қарастырылды.

29 қазан

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Америка Құрама Штаттарының Мемлекеттік хатшысының бірінші орынбасары Р. Армитаджды қабылдады.

Кездесу барысында екіжақты қарым-қатынастың кең ауқымды мәселелері, сондай-ақ өңірлік және халықаралық қауіпсіздік мәселелері талқыланды.

Американдық дипломат Қазақстан басшылығы мен халқына Ирак пен Ауғанстандағы лаңкестікке қарсы саясатты қолдағаны үшін алғысын білдірді.

ҚАРАША



Дс	1	8	15	22	29
Сс	2	9	16	23	30
Ср	3	10	17	24	
Бс	4	11	18	25	
Жм	5	12	19	26	
Сн	6	13	20	27	
Жк	7	14	21	28	

1 қараша

Мемлекет басшысы үшінші шақырылымдағы Қазақстан Республикасы Парламентінің I сессиясы қарсаңында Мәжілістің алдыңғы құрамының депутаттарымен кездесті.

Президент мәжілісмендерге алғысын айтты және реформаны жүргізуді қамтамасыз еткен маңызды 600 заңды қабылдау бойынша үлкен іс атқарылғандығын атап өтті.

Мемлекет басшысы Азиялық даму банкінің президенті Т. Чиноны қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстанның қаржылық секторын, көлік желісін, ауылдық аумақты дамытуға бағытталған жаңа жобаларды инвестициялауға банктің қатысу перспективалары қаралды.

Мемлекет басшысы Өзбекстан Республикасының Қазақстан Республикасындағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Т. Бутояровты қабылдады.

Кездесу барысында екіжақты қарым-қатынасты нығайту, мемлекеттік шекараны демаркациялау және делимитациялау, сондай-ақ сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейту мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі Е.А. Досаевты қабылдады. Ол министрлік жұмысының 2004 жылдың 9 айындағы қорытындысы жайында баяндады.

Кездесу барысында сондай-ақ денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005–2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, медициналық білім берудің жаңа тұжырымдамасын әзірлеу және жүзеге асыру, көрсетілетін қызмет сапасы мәселелері қарастырылды.

Мемлекет басшысы «Үшінші шақырылымдағы Қазақстан Республикасы Парламентінің бірінші сессиясын шақыру туралы» №1465, «Ерекше стратегиялық маңызы бар су шаруашылығы құрылыстарының тізбесі туралы» №1466 жарлықтарына қол қойды.

2 қараша

Мемлекет басшысы Бельгия Корольдігі Сенатының төрағасы А.-М. Лизинді қабылдады.

Әңгіме барысында екі елдің парламентаралық байланыстарын дамыту, сауда-экономикалық ынтымақтастықты кеңейту және Еуропалық ғарыш агенттігінің «Байқоңыр» ғарыш айлағын пайдалануға қатысу перспективалары талқыланды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Демократия және азаматтық қоғам мәселелері жөніндегі ұлттық комиссия туралы» №1467 Жарлығына қол қойды.

3 қараша

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысына қатысты және үшінші шақырылымдағы Парламенттің I сессиясын ашты.

Президент сөйлеген сөзінде алдағы 5 жылға арналған міндеттер блогын алға қойды. Олардың қатарында қазақстандықтардың білім беру деңгейін арттыру, халықтың денсаулығын жақсарту, сондай-ақ тұрақты экономикалық тиімді, әлеуметтік әділ үш деңгейлі әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесін құру бар.

Н.Ә. Назарбаев: «Қазақстан алдағы онжылдық ішінде азаматтарымыз әрқашан мақтан ететіндей елге айналуы үшін әлі көп жұмыс жасау керек. Бізде реформаларды жүргізу, оның мерзімі мен жүзеге асыру тетігі жөнінде әртүрлі көзқарастар болуы мүмкін. Бірақ ілгерілеу үшін, еліміздің болашағы үшін бірігуіміз керек. Біздің ұрпақтарымызда дұрыс даму жолын таңдайтын және Қазақстанды әлемнің дамыған, өскелең елдерінің қатарына қосатын бірегей мүмкіндік бар. Ал ол үшін нығаю мен ауызбірлік, тұрақтылық пен тыныштық керек...», — деп атап өтті (Қосымшаны қараңыз).

4 қараша

Мемлекет басшысы Дж. Бушқа Америка Құрама Штаттарының Президенті лауазымына қайта сайлануына байланысты жеделхат жолдады.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының төрағасы Қ.Ә. Мәмиді қабылдады.

Кездесу барысында Қазақстанның сот жүйесін одан әрі жетілдіру, өңірлерде арнайы әкімшілік соттар мен алқа билер сотын енгізу, Жоғарғы соттың судьяларының кадрлық құрамын оңтайландыру және тиімділігін артты-

ру мәселелері қаралды. Елбасы ең алдымен ашықтық пен сот ісін жүргізуді жеңілдету жағынан сот жүйесін одан әрі жетілдіру қажеттігін атап өтті.

Мемлекет басшысы «Қазақстанның даму банкі» АҚ президенті Қ.Б. Шалғымбаевты қабылдады.

Кездесу барысында мемлекеттік даму институттарының қызметі, сондай-ақ сыртқы нарыққа шығу жөніндегі банк тұжырымдамасының жобасы талқыланды.

Мемлекет басшысы «Чехия Республикасында Қазақстан Республикасының Дипломатиялық миссиясын қайта ұйымдастыру туралы» №1468 Жарлығына қол қойды.

8 қараша

Мемлекет басшысы «Ж.Қ. Түймебаевқа I сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №1469, «А.С. Қадырбековке II сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №1470 жарлықтарына қол қойды.

9 қараша

Мемлекет басшысы Франция Республикасының Индустрия министрі П. Деведжянды қабылдады.

Кездесу барысында екі елдің сауда-экономикалық ынтымақтастығын кеңейту перспективалары қарастырылды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Экономика және бюджетті жоспарлау министрі Қ.Н. Келімбетовті қабылдады. Ол елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының 2004 жылдың 9 айындағы қорытындысы мен «2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы» Заң жобасы туралы хабардар етті.

Кездесудің қорытындысы бойынша Президент Алматы қаласын өңірлік қаржы орталығы ретінде одан әрі дамыту, елдегі көлеңкелі экономика көлемін қысқарту және салық салу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық базаны жетілдіру бойынша бірқатар нақты тапсырмалар берді.

Мемлекет басшысы «Республикалық және облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттері арасындағы 2005–2007 жылдарға

арналған жалпы сипаттағы ресми трансферттердің көлемдері туралы» №602-II, «Техникалық реттеу туралы» №603-II заңдарына қол қойды.

10 қараша

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің төрағасы О.Б. Мұхамеджановты қабылдап, онымен жаңа шақырылымдағы Мәжіліс депутаттарының заң шығарушылық жұмысының жоспарын талқылады.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасында «электрондық үкімет» қалыптастырудың 2005–2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» №1471, «Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің құрылымын жетілдіру жөніндегі кейбір мәселелер туралы» №1472 жарлықтарына қол қойды.

11 қараша

Мемлекет басшысы Палестина көшбасшысы Я. Арафаттың қайтыс болуына байланысты, Палестина Мемлекеті Ұлттық әкімшілік төрағасының міндетін атқарушы Р. Фатухқа көңіл айту жеделхатын жолдады.

Жеделхатта: «Ясир Арафат Таяу Шығыста бейбітшілік орнатуға бар күш-жігерін жұмсаған үздік, қайталанбас саяси қайраткер еді. Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы күндерінде Ясир Арафат Қазақстанға алғашқы келген араб басшыларының бірі, оның тығыз халықаралық байланыс орнатуға көмектесуге тырысуын ел халқы жадында ұстайды. Өз атымнан және Қазақстан халқының атынан Палестинаның тату халқына, марқұмның жақын-туыстарына қайғыра көңіл айтамын», — делінген.

12 қараша

Мемлекет басшысы Алматы қаласында жұмыс сапарымен болып, «Отан» Республикалық саяси партиясының Алматылық кеңсесіне барды. Онда партия аппаратының қызметкерлерімен және Саяси кеңес бюросының мүшелерімен кездесті.

Кездесуде 2004 жылғы 18 шілдеде «Отанның» кезектен тыс VII съезінің екінші отырысында қабылданған «Қазақстан жолы – 2009» сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру жағынан партияның өңірлердегі құрылымдық бөлімшелерінің қызметін жетілдіру мәселелері талқыланды.

14 қараша

Мемлекет басшысы Алматы қаласына жұмыс сапары барысында қаланың орталық мешітінде болып, Қазақстан мұсылмандарын Ораза айт мейрамымен құттықтады.

Н.Ә. Назарбаев мұсылмандарға: «Еліміздің барша мұсылмандарын Рамазан айының аяқталуына байланысты жарқын мейраммен құттықтаймын. Бұл айда олар Аллатағалаға сиынып, дұға оқыды, аманшылық тіледі, өздерінің, отбасының және Отанымыз — Қазақстан Республикасының өмірінің жақсаруын тіледі. Еліміз тәуелсіздік жылдарынан бері бейбітшілік пен келісімде өмір сүріп келеді. Дәл осы бейбітшілік пен келісім ғана өркендеуге, адам өмірін жақсартуға мүмкіндік береді. ...Біз елімізде, соның ішінде исламда да ешқандай экстремистік діни ағымдарға жол бермеуіміз керек. Барлық діни қызметкерлер, барша мұсылмандар қоғамды дүрліктіретін ағымдарға Қазақстанда орын жоқ екенін білуі тиіс. Оларға қарсы тұру — баршаның ісі. Біздің мұсылмандарымыз да осылай ойлайтынына сенімдімін...», — деді.

15 қараша

Мемлекет басшысы Алматы қаласында өткен Қазақстан қаржыгерлерінің IV Конгресіне қатысты.

Конгресс жұмысына сондай-ақ Дүниежүзілік банк Президенті Дж. Вулфенсон, Ұлттық банктің, Қаржылық ұйымдар мен қаржылық нарықты бақылау және реттеу агенттігінің төрағалары, Үкімет мүшелері, Парламент депутаттары, отандық және шетелдік қаржы институттарының, ғылыми және іскерлік ортаның өкілдері қатысты.

Н.Ә. Назарбаев Қазақстан қаржыгерлерін ұлттық валюта — теңгенің кезекті жыл толуымен құттықтай отырып, қаржылық сектордың алдына 7 басым міндет қойды. Олар: қор нарығын уақыт талабына сәйкестендіру, қор нарығында халықпен жұмыс істеу үшін қажет инфрақұрылымды құруға кірісу, жинақтаушы зейнетақы жүйесінің даму бағдарламасын қабылдау, қаржы жүйесінің капиталдануын іске асыру, тәуекелдерді басқарудың заманауи жүйесін енгізу, микронесиені және несиелік серіктестікті дамыту, Алматы қаласында халықаралық қаржы орталығын құру (Қосымшаны қараңыз).

Қазақстан қаржыгерлері IV Конгресінің аясында Мемлекет басшысы Дүниежүзілік банк президенті

Дж. Вулфенсонмен екіжақты негізде кездесу өткізіп, онымен ұлттық экономикадағы құрылымдық түрлендіру және Қазақстанның қаржы секторын дамыту перспективаларын талқылады.

24 қараша

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктердің ара жігін ажырату және бюджеттік қатынастар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №604-II Заңына қол қойды.

29 қараша

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Д.К. Ахметовті қабылдады. Ол елдің ағымдағы экономикалық жағдайы туралы, сондай-ақ 2004 жылдың 15 қарашасында болып өткен Қазақстан қаржыгерлерінің IV Конгресінде айтылған Мемлекет басшысының тапсырмаларының орындалу барысы жайында хабардар етті.

Кездесу кезінде жинақтаушы зейнетақы жүйесінің, тұрғын үй бағдарламасының, инновациялық технологиялар парктерінің, шағын және орта бизнестің, сондай-ақ Алматы қаласында өңірлік қаржы орталығын ұйымдастыруды одан әрі дамыту мәселелері қозғалды.

Мемлекет басшысы «Көп балалы аналарды «Алтын алқа» және «Күміс алқа» алқаларымен наградтау туралы» №1473, «Адамның және азаматтың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғау жүйесін одан әрі жетілдіру туралы» №1474, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 20 наурыздағы №88 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №1475 жарлықтарына қол қойды.

30 қараша

Мемлекет басшысы Қостанай облысында жұмыс сапарымен болды. Онда «Алтынсарин-Хромтау» жаңа теміржол бөлігінің салтанатты ашылу рәсіміне қатысты.

Митингіде сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев: «Жаңа магистраль батыс, шығыс және солтүстік аймақтар арасындағы қашықтықты 2 мың шақырымға, ал жолаушылар үшін 1,5 мың шақырымға қысқартады. Солтүстіктің өнімі батысқа кетеді. Мыңдаған адам жұмысқа ие болады. Астықтың әр тоннасын жеткізу бағасы 20 долларға арзандайды», — деді.

ЖЕЛТОҚСАН

Дс		6	13	20	27
Сс		7	14	21	28
Ср	1	8	15	22	29
Бс	2	9	16	23	30
Жм	3	10	17	24	31
Сн	4	11	18	25	
Жк	5	12	19	26	



1 желтоқсан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасындағы БҰҰДБ тұрақты өкілі Ю. Шоджиді қабылдады.

Кездесу барысында елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына жәрдемдесу және жаңа әдістеме мен озық бағдарламалар негізінде халықтың өмір сүру жағдайын жақсарту бойынша Қазақстандағы халықаралық гуманитарлық ұйымдардың қызметі туралы пікір алмасты.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Үкімет мүшелерімен Каспий теңізінің қазақстандық секторын игерудің мемлекеттік бағдарламасының мәселелері жөнінде мәжіліс өткізді.

Мәжіліс барысында Президент ғылыми және жобалық-технологиялық базаны қалыптастыру, теңіз мұнай операцияларын жүргізуге қазақстандық мамандарды даярлау, жұмыс барысында экологиялық қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау, сондай-ақ бағдарламаны мерзімінде жүзеге асыру бойынша бірқатар нақты тапсырмалар берді.

Каспий теңізінің қазақстандық секторын игерудің мемлекеттік бағдарламасы Каспий теңізінің қазақстандық секторының көмірсутегі ресурстарын ұтымды және қауіпсіз игеру жолымен елдің тұрақты экономикалық өрлеуін қамтамасыз етуге жәрдемдесу және Қазақстан халқының өмір сүру сапасын арттыру, ел индустриясының ілеспе салаларын дамыту мақсатында Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 16 мамырдағы Жарлығымен бекітілген.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі З.Қ. Тұрысбековті қабылдады. Ол қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, ішкі істер органдарының қызметін жетілдіру, сондай-ақ қылмысқа және есірткі бизнесіне қарсы курес жөніндегі республикалық және өңірлік бағдарламаларды жүзеге асыру барысы туралы хабардар етті.

Мемлекет басшысы жаңадан тағайындалған Қазақстан Республикасындағы Грузияның Төтенше және Өкілетті Елшісі З. Шургаиядан сенім грамотасын қабылдады.

Мемлекет басшысы «1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шартқа қатысушы мемлекеттер арасындағы Әскери-техникалық ынтымақтастықтың негізгі қағидаттары туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы бекіту туралы» №1-III, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану және мұнай операцияларын жүргізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №2-III, «2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы» №3-III заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 қазандағы №1216 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» №1476, «Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы №29 Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» №1477, «Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 31 наурыздағы №1327 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» №1478, «А.Ю. Волковқа I сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №1479 жарлықтарына қол қойды.

2 желтоқсан

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің төрағасы Б.Б. Жәмішевті қабылдады. Ол елдің қаржы нарығының ахуалы туралы баяндады.

Кездесу барысында сонымен қатар Қазақстанның ДСҰ-ға кіру, құнды қағаздар нарығын және жинақтаушы зейнетақы жүйесін дамыту мәселелері талқыланды.

Мемлекет басшысы мемлекеттік білім беру несиелерінің көлемін арттыру мәселесі бойынша Қазақстан Республикасының Премьер-министрі, білім және ғылым, қаржы және заң министрлерінің қатысуымен жұмыс мәжілісін өткізді.

Білім және ғылым министрлігінің ұстанымын тыңдай келе, Президент 1999–2003 жылдар аралығында қарыз алған студенттердің мемлекеттік білім беру несиелерінің көлемін арттыру туралы шешімді бұзуды тапсырды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Беларусь Республикасы Үкіметінің арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісімді бекіту туралы» №4-III Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «В.С. Верманы Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №1480, «Д.Ш. Курешиді Қазақстан Республикасының Құрмет грамотасымен наградтау туралы» №1481 жарлықтарына қол қойды.

3 желтоқсан

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен «SOS Kinderdorf International» SOS балалар ауылдарын құру жөніндегі халықаралық қоғам арасындағы шартты бекіту туралы» №5-III, «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Египет Араб Республикасының Үкіметі арасындағы Әуе қатынасы туралы келісімді бекіту туралы» №6-III заңдарына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 28 қарашадағы №730 Жарлығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» №1482 Жарлығына қол қойды.

5 желтоқсан

Мемлекет басшысы Шахтинск қаласындағы «Шахтинская» шахтасындағы жарылыс нәтижесінде 23 кеншінің қайтыс болуына байланысты Қарағанды облысының әкімі К.Е. Мұхамеджановқа көңіл айту жеделхатын жолдады.

Президент қаза болғандардың отбасыларына көңіл айтты және Үкімет пен Қарағанды облысының әкіміне зардап шеккендерге және қайтыс болғандардың отбасыларына барлық қажетті көмекті көрсетулерін тапсырды.

6 желтоқсан

Мемлекет басшысы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының ректоры Ж.Я. Әубәкірованы қабылдады.

Әңгіме барысында музыкалық аспаптар қорының жаңаруы және музыкалық білім беру жүйесін әлемдік

стандарттарға сай етіп реформалау бойынша консерватория қызметінің негізгі қорытындылары талқыланды.

Кездесу соңында Ж.Я. Әубәкірова Президентті ашылуы желтоқсанда болатын консерваторияның Үлкен орган залын көруге шақырды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің бұрынғы депутаты Т.Г. Квятковскаяны қабылдады. Ол өзінің ағымдағы саяси жағдайға қатысты пікірімен және болашақ жоспарымен бөлісті.

Мемлекет басшысы «Отан» Республикалық саяси партиясының парламенттік фракция депутаттарымен кездесті.

Депутаттардың алдында сөйлеген сөзінде Президент: «Партия сайлауда халықтың сеніміне қол жеткізді. Бұл үлкен құрмет және асқан жауапкершілік.

Қазақстандықтардың «Отан» партиясын қолдауы — елдегі жүргізіп отырған саяси және экономикалық реформаларды қолдау деген сөз. Мен Қазақстанның стратегиялық даму бағытын жүргізуде «Отанды» басты тірек деп білемін. Партия реформалар бастамашысы, жаңа идеялар генераторы болып келеді. Сонымен бірге қалыптасқан парламенттік көпшілікке үлкен жауапкершілік артылады. Бұл жылдардағы жетістіктер мен сәтсіздіктер «Отанның» қызметімен байланысты болады, және осыны есте ұстау керек...», — деп атап өтті.

Кездесуде сондай-ақ өз кезегінде «Отан» парламенттік фракциясының басшысы А.С. Таспихов, депутаттар: В.А. Нехорошев, К.Ә. Сағадиев, Т.К. Қосмамбетов, С.Ә. Әбдірахманов, «Отан» жастар қанатының төрағасы Т.М. Бердіоңғаров сөз сөйледі.

Мәжілістің жаңа құрамында «Отан» көшбасшы орынға ие болды. Сайланған 77 депутаттың ішіндегі 53-і «Отанның» өкілдері, соның ішінде 7 орын — партиялық тізім бойынша, 35 — бірмандатты округтер бойынша және 11 — өзін-өзі ұсынғандар.
Сондай-ақ партияда Мәжіліс спикері, вице-спикері және 7 комитет басшыларының 4-і болды

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасы мен Азиялық даму банкінің арасындағы Қарыз туралы

келісімді (Жай операциялар) (Ауылдық аумақтарды сумен жабдықтау және кәріз салалық жобасы) бекіту туралы» №7-III Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Рақымшылық жасау туралы» №1483, «Қазақстан Республикасының ауылдық (селолық) округтері, ауылдары (селолары), кенттері әкімдерінің сайлауын өткізу туралы» №1484, «Қазақстан Республикасының жекелеген аудандары әкімдерінің сайлауын эксперимент ретінде өткізу туралы» №1485, «Кешірім жасау актісін қолданбау туралы» №1486 жарлықтарына қол қойды.

7 желтоқсан

Мемлекет басшысы Канаданың бұрынғы Премьер-министрі Ж. Кретьенді қабылдады.

Кездесу барысында тараптар Қазақстан-Канада ынтымақтастығын кеңейтудегі, соның ішінде Астана қаласындағы алдағы құрылысы аясындағы мәселелерге тоқталды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңес мүшелерімен мәжіліс өткізді. Онда орта мерзімді перспективаға Ұлттық қор қаражатын жұмсау және қалыптастыру тұжырымдамасының жобасы қаралды.

Мәжілісті аша отырып, Президент: «Ұлттық қор — бір жағынан елдің қайта қалпына келмейтін ресурстарынан түскен табыстарды қазіргі және болашақ ұрпақтың біркелкі қолдануы үшін, екінші жағынан болашақта бізге тұрақты табыс әкелетін осы табыстарды қаржылық активтерге айналдыру үшін құрылған. Бүгін активтердің нарықтық құны 4,7 млрд. долларды құрайды және жыл басынан бері 28%-ға өсті. Біз Ұлттық қордың арқасында ішкі экономиканың тұрақтылығын, сондай-ақ әлемдік қоғамдастықтың елімізге деген сенімін нығайтамыз», — деп мәлімдеді.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы» №1487, «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы» №1488, «Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу туралы» №1489 жарлықтарына қол қойды.

8 желтоқсан

Мемлекет басшысы Ресей Федерациясының Президенті В.В. Путинмен телефон арқылы сөйлесті. Келіссөздер барысында тараптар Қазақстандағы Ресей жылы аясында жүзеге асырылған іс-шараларға қысқа қорытынды жасады, болашаққа бірлескен жоспарларды анықтады, екі елдің ЕурАзЭҚ аясындағы өзара әрекеттестік мәселелерін талқылады, сонымен бірге бірқатар халықаралық өзекті мәселелер жайында пікір алмасты.

Мемлекет басшысы елімізге Қазақстандағы Ресей жылының жабылу рәсіміне қатысу үшін келген Ресей Федерациясы Федералды жиналысы Мемлекеттік думасының төрағасы Б.В. Грызловты қабылдады.

Әңгіме барысында екі елдің парламентаралық байланыстарын кеңейту мәселелері және Қазақстан-Ресей қарым-қатынастарының басқа да өзекті мәселелері талқыланды.

Сол күні Мемлекет басшысы Қазақстандағы Ресей жылының аяқталуына арналған салтанатты жиынға қатысты.

Мемлекет басшысы «Т.Ж. Абайділдин туралы» №1490, «В.В. Храпуновты Шығыс Қазақстан облысының әкімі қызметіне тағайындау туралы», №1491, «И.Н. Тасмағамбетовті Алматы қаласының әкімі қызметіне тағайындау туралы» №1492, «А.Р. Жақсыбековті Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы қызметіне тағайындау туралы» №1493 жарлықтарына қол қойды.

9 желтоқсан

Мемлекет басшысы Алматы қаласында жұмыс сапарымен болып, қала активіне Алматы қаласының жаңа әкімі И.Н. Тасмағамбетовті таныстырды.

Сол күні Мемлекет басшысы Шығыс Қазақстан облысына жұмыс сапарымен барып, облыс активіне облыстың жаңа әкімі В.В. Храпуновты таныстырды.

Мемлекет басшысы «Қоршаған ортаны қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өндіріс пен тұтыну қалдықтары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №8-III, «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне табиғи монополиялар субъектілерінің қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №9-III, «Қазақстан Республикасының Қылмыстық, Қылмыстық іс жүргізу, Қылмыстық-атқару кодекстеріне және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне қылмыстық істерді тергеу рәсімдерін жеңілдету, қылмыстардың кейбір құрамдарын қылмыстық сипаттан арылту және әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманы жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №10-III заңдарына қол қойды.

10 желтоқсан

Мемлекет басшысы Астана қаласында өткен Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетел инвесторлары кеңесінің XII пленарлық отырысына төрағалық етті.

Қазақстан экономикасын әртараптандыру мәселелеріне арналған отырыста сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев Қазақстан экономикасы тұрақты экономикалық өсуді көрсеткенін айтты. Жетістіктерді ұстап қалу үшін және арттыру үшін экономиканы әртараптандыру, инфрақұрылымды дамыту және шикізатқа бағытталудан арылу үшін жаңа технологияларды енгізу бойынша шаралар қолданылуда. Және осы мәселе бойынша Қазақстан шетел инвесторларына арқа сүйейді.

Отырыста сондай-ақ Еуропалық даму және қайта құру банкінің президенті Ж. Лемьер, «Chevron-Texaco» корпорациясының басқарма вице-төрағасы П. Робертсон, «BG Group» бас атқарушы директоры Ф. Чапмэн, «LNM Group / Ispat International» президенті Л. Миттал, «Eni S.p.A.» корпорациясының бас өндіруші директоры, «Samsung» корпорациясының президенті Ву Тэк Чанг, «Лукойл» ААҚ президенті В.Ю. Алекперов, Еуразиялық өнеркәсіп қауымдастығының президенті А.А. Машкевич сөз сөйледі.

Отырыстың қорытындысы бойынша Кеңес мүшелерінің қатысуымен Қазақстанда жаңа

экологиялық таза технологияларды қолдануды бағалау жөніндегі арнайы комиссия құру, «Access Industries Inc.» компаниясымен бірлесе Екібастұз қаласында экологиялық таза биомасса өндірісін құру пилоттық жобасын жүзеге асыру, мемлекеттік қызметкерлер мен менеджерлердің басқару құзыретін арттыру мақсатында Тиімді басқару қорын шетел инвесторларымен бірлесе құру, «Ernst & Young CIS Ltd.» компаниясымен бірігіп ISO жаңа стандарттарын оқыту бойынша орталық құру, қазақстандық ұлттық компаниялардың шағын акция пакеттерін эмиссиялау арқылы Қазақстан қор биржасының өтемпаздығы мен белсенділігін арттыру және т.б. туралы шешім қабылданды.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетел инвесторлары кеңесі Қазақстанда жұмыс жасайтын шетел инвесторлары арасында тікелей байланысты қамтамасыз ету, сондай-ақ инвестициялық қызметтерге байланысты проблемалы сұрақтарды шұғыл түрде шешуді қамтамасыз ету мақсатында Мемлекет басшысының 1998 жылғы 30 маусымдағы Жарлығымен құрылған.

Кеңес кеңесші-консультативтік орган болып табылады. Кеңесті оның қызметіне басшылық жасап, күн тәртібін бекітетін және отырыстарына қатысуды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Президенті басқарады.

Кеңес шеңберінде салық салу, заңдылықтар сұрақтары, шетел инвесторларының ағымдағы қызметтері, Қазақстанның инвестициялық имиджін арттыру және мұнай-газ секторы мәселелері бойынша 5 біріккен жұмыс тобы қызмет атқарады.

Кеңестің отырысы жылына 1–2 рет өткізіледі.

Мемлекет басшысы Қазақстан астанасын ауыстыру туралы шешім қабылдағаннан бері 7 жыл толуына байланысты Астана қаласының қоғамдастығының өкілдерін қабылдады.

Жиналғандардың алдында сөйлеген сөзінде Н.Ә. Назарбаев: «1997 жылғы 10 желтоқсанда астананы Алматы қаласынан Астанаға ауыстыру туралы тарихи шешім қабылданған кезде көпшілігі бұл қадамның іске асуына сенімсіздікпен қарады. Күмәнданушылар болды. Көптеген қиындықтар болды. Бірақ олардың бәрі артта қалды. Қазір Қазақстан бұрынғы облыс орталығында не бары 7 жылда болған өзгерістерге таң қала қараған қонақтардың алдында лайықты абыройға ие болып отыр», — деп атап өтті.

Мемлекет басшысы «Қ.Қ. Әбусейітовке I сыныпты Төтенше және Өкілетті Уәкіл дипломатиялық дәрежесін беру туралы» №1494, «Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №1495 жарлықтарына қол қойды.

11 желтоқсан

Мемлекет басшысы «Жоғары әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендер беру туралы» №1496 Жарлығына қол қойды.

13 желтоқсан

Мемлекет басшысы Қазақстанға ресми сапармен келген Ресей Федерациясы Федералды жиналысы Федерация кеңесінің төрағасы С.М. Мироновты қабылдады.

Әңгіме барысында тараптар жоғары технология, ғарыш және экономика саласындағы екіжақты ынтымақтастық жағдайы мен перспективалары талқыланды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Президентінің Парламенттегі Өкілдігінің басшысы Б.Ж. Әбдірайымовты қабылдады.

Кездесу барысында Парламенттің заң шығарушылық қызметін одан әрі жетілдіру жолдары, сондай-ақ оның мемлекеттік билік органдарының жүйесіндегі рөлін арттыру мәселесі талқыланды.

Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №11-III Заңына қол қойды.

Президент сондай-ақ «Ж.Ә. Құлекеев туралы» №1497, «Қазақстан Республикасының облыстық және оған теңестірілген соттарының, сондай-ақ аудандық және оған теңестірілген соттарының төрағалары мен судьяларын қызметке тағайындау және қызметтен босату туралы» №1498, «Б. С. Әйтімованы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі қызметіне тағайындау туралы» №1499 жарлықтарына қол қойды.

14 желтоқсан

Мемлекет басшысы Қазақстанда аккредитацияланған шетел дипломатиялық корпусының өкілдерімен кездесті.

Н.Ә. Назарбаев дипломаттардың алдында сөйлеген сөзінде 2004 жылдың негізгі қорытындыларына және келесі жылдағы елдің даму басымдықтарына толығырақ тоқталды.

Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігінің төрағасы Қ.С. Әбдиевті қабылдады. Ол агенттік құрылымының аумақтық қайта ұйымдастырудың қорытындылары мен болашақ міндеттері жайында хабардар етті.

Мемлекет басшысы «С.М. Мыңбаевты Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары — Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрі қызметіне тағайындау туралы» №1500 Жарлығына қол қойды.

15 желтоқсан

Мемлекет басшысы Тәуелсіздік күнінің қарсаңында қазақстандықтардың үлкен тобына мемлекеттік наградалар табыс етті.

Алтын жұлдыз және «Отан» ордені табыс етілуімен «Халық қаһарманы» атағына Ұлы Отан соғысының қатысушысы, еңбек ардагері Х.Қ. Доспанова ие болды.

«Отан» орденімен Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессоры Б. Жылысбаев, еңбек ардагері З. Омарова, Оңтүстік Қазақстан облысынан «Жұлдыз» шаруа қожалығының басшысы Ж. Сәуірбаев марапатталды.

Тұңғыш рет Қазақстанда «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев» орденіне Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Ә.К. Кекілбаев, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Қ.К. Тоқаев және Алматы қаласының әкімі И.Н. Тасмағамбетов ие болды.

I дәрежелі «Барыс» ордені инженер-мұнайшы С. Өтебаевқа, II дәрежелі «Барыс» — Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Д.К. Ахметов-

ке және Қостанай облысының әкімі С.В. Кулагинге, III дәрежелі «Барыс» — Атырау облысының әкімі А.Е. Мусинге табыс етілді.

1

2

3

4

5

6

7

«Халық қаһарманы» атағы 1993 жылы бекітілген, Қазақстан Республикасының жоғарғы дәрежелі ерекшелік белгісі болып табылады. Атақ Қазақстан Республикасына сіңірген аса көрнекті қызметі үшін, оның бостандығы мен тәуелсіздігі жолындағы азаматтық және жауынгерлік ерліктері үшін беріледі. «Халық қаһарманы» атағына (1-сурет) ие болған тұлғаларға Алтын жұлдыз және «Отан» ордені (2-сурет) тапсырылады.

В-третьих, наша ориентация на создание нескольких серьезных политических партий означает одно — развитие реальной конкурентности. Сколько было мрачных прогнозов о том, что регистрацию пройдет одна или две партии. И где эти мрачные прогнозы? Уже сегодня этот барьер прошли 9 партий. Мы не будем искусственно подгонять количество партий под чьи-то рекомендации, поскольку полагаем, что это естественный процесс. Речь идет о другом, о том, что процесс формирования партий в Казахстане идет совершенно цивилизованным способом и с учетом реального положения вещей в странах, ушедших далеко вперед по пути формирования настоящих партий. Это высоко оценивается, в частности, комиссией европейского парламента, ответственной за развитие связей с Казахстаном. В личном послании на мое имя от руководства комиссии отмечается, что правительство и парламент Казахстана принимают конкретные шаги по пути принятия фундаментальных ценностей современного демократического государства.

Четвертое неверное утверждение состоит в том, что только многопартийная политическая система, в том числе и многопартийное представительство в Парламенте есть панацея от всех бед. В современном мире есть, по крайней мере, три вполне проверенные системы партийного представительства нетоталитарного характера. Это многопартийные системы с одной доминирующей на всех уровнях партией, это двухпартийные системы, которые фактически исключают серьезную роль любой третьей партии, это, наконец, многопартийные системы, в которых особую роль играют блоки партий.

Создание в Казахстане парламентской республики с многочисленными партиями, как предлагают некоторые политики, было бы губительным для нашей страны. Неустойчивые коалиции, постоянные роспуски парламента или правительства — такое могут выдержать только мощные, сложившиеся экономики, но не наше молодое, становящееся государство. К тому же любителям политических экспериментов не лишним было бы помнить о специфике политических процессов в полиэтничных странах в столь непростом регионе мира.

Кратко говоря, единой универсальной модели партийного строительства в мире нет. Есть разные альтернативы и все они демократические. Каждая страна опре-

деляется с выбором альтернативы, исходя из политических традиций, социальной структуры, развитости партий. Казахстану необходимо определяться среди этих альтернатив, также исходя из своих внутренних национальных интересов и объективных факторов.

Наконец, тезис о постоянном доминировании либералов в политической жизни демократических стран. На самом деле мы видим, что в ряде демократических стран сегодня у власти консерваторы, где-то доминируют социал-демократы, а где-то приверженцы либеральной политической теории. Более того, мы видели триумф новых правых в западном мире 15-20 лет назад. Мы видели успех либералов в прошлом десятилетии и поиски третьего пути социал-демократами. Мы видим усиление консервативных элементов в ряде стран сегодня. Мы не берем даже огромный мир, а это огромная часть Азии, Африки, Южной Америки, в которой живет большая часть человечества, и в которой идеи либерализма пока воспринимаются с трудом.

Это не означает, что Казахстан не воспринимает либерализма. Многие элементы либеральной конструкции стали реальностью в Казахстане. Вопрос состоит в том, чтобы не идеализировать эту платформу, а сочетать ее с реальностью. Это подсказывает не только здравый смысл, но и изучение опыта подавляющего числа стран, в том числе и тех, где либералы находятся у власти.

Политическая мифология опасна тем, что вместо реальных социальных и политических проблем навязывает ложную повестку дня. Конечно, рано или поздно надуманность этих мифов будет очевидной всем, но, развивая политические партии в Казахстане, мы не должны допустить радикального столкновения интересов в только складывающемся современном типе общества. Это не соответствует интересам ни бедных, ни богатых, ни среднего класса. Без богатого и защищенного слоя бизнесменов нам не преодолеть бедность, не поднять страну.

Отбирая у богатых, мы не сделаем бедных зажиточными. Все это уже проходили наши отцы и деды.

Если отрешиться от всей этой мифологии, то дальнейшее развитие партий в Казахстане будет подчиняться простой логике.

Во-первых, в среднесрочной перспективе произойдет укрупнение существующих партий. Партии, прошедшие необходимые по закону требования для регистрации, вполне легально будут осуществлять свою деятельность. Но речь идет о действительно массовых общенациональных партиях с реальной поддержкой электората, парламентскими фракциями, серьезным влиянием на общество. Есть партии де-юре и есть партии де-факто. Речь идет о втором типе партий, которые опираются на массовую социальную поддержку, а не просто выполняют требования по регистрации.

Во-вторых, сегодня трудно определить временные горизонты, но общая тенденция также очевидна — по направлению к формированию блоковой партийной системы в Казахстане. Это соответствует интересам самих партий. Сегодня в силу разных причин, прежде всего, интересов развития молодых партий, которые пытаются найти свои идеологические приоритеты, электоральные ниши в преддверии парламентских выборов, каждая из них ориентирована на самостоятельную работу. Однако парламентские выборы 2009 года, конечно, пройдут по иной схеме — на базе мощных консолидированных блоков. Это касается всего спектра партий. Вот

тогда мы можем говорить о новом этапе политических реформ, востребованных временем и историей. Тогда будет ясной и социальная база и политическое лицо серьезных партийных блоков.

В-третьих, политический радикализм в Казахстане постепенно теряет свою социальную базу. Связано это не только с повышением уровня жизни и снижением уровня социальной протестности. Связано это и с тем, что в обществе появились серьезные политические группы, для которых совершенствование существующей политической системы намного важнее, чем попытки кардинальной смены политического строя. Нельзя ставить знак равенства между оппозицией и политическим радикализмом. В любой политической системе, претендующей на демократическое развитие, оппозиция есть абсолютно необходимый элемент.

Существование оппозиционных партий в современном Казахстане есть признак здорового развития общества.

В-четвертых, главное направление партийной работы смещается в регионы. И этот процесс будет усиливаться по ряду причин. Важнейшим здесь является процесс децентрализации и укрепления местного самоуправления.

В-пятых, роль парламентских фракций в будущем парламенте трудно переоценить. Накопленный опыт фракционной деятельности при всем его позитивном значении пока не достаточен для решения новых задач. Фракционный плюрализм в казахстанском парламенте необходим, и это принципиальное убеждение, как бы привлекательно ни выглядела иная модель.

Наконец, мы должны четко соблюдать требования действующей Конституции и ставить жесткий заслон партиям, построенным на националистической или религиозной идеологии. Позиция государства в этом плане твердая и никаких спекуляций по этому поводу быть не должно.

Развитие партий в Казахстане это только часть более общих процессов, в которые вовлечена наша страна. Успехи, достигнутые страной, это не повод к самоуспокоению. Всегда подчеркивал это. Перед нами стоят еще более масштабные задачи. Главная из них — закрепить позитивную динамику развития экономики.

Мы выдвинули грандиозную, но в то же время реальную цель — увеличить объем валового национального продукта к 2010 году в 2 раза, а еще через 5 лет — в 3,5 раза от уровня 2000 года. Следуя этой цели, нам прежде всего необходимо создать благоприятные условия для дальнейшего развития частного сектора экономики, малого и среднего предпринимательства.

В сельском хозяйстве предстоит решить задачу по формированию эффективной и конкурентной системы агробизнеса, реализовать меры по стимулированию развития земледелия, производства сельскохозяйственной техники.

Выполнение задач Государственной программы развития сельских территорий приведет к созданию нормальных условий жизнеобеспечения аула. Государство будет наращивать вложения в сельское образование, здравоохранение, объекты социально-культурной сферы.

Рост экономики позволит добиться повышения благосостояния казахстанцев.

Это главный приоритет социальной политики государства в ближайшие годы. Начиная с этого года, будут регулярно индексироваться размеры пенсий, пособий, минимальной зарплаты с поправкой на уровень инфляции.

Важной задачей является обеспечение широких слоев населения качественным жильем, медицинским обслуживанием, современным образованием.

Уверен, что, последовательно решая эти задачи, мы сделаем Казахастан сильным социальным государством. Эти цели и установки и являются программой партии «Отан». Ваша активная политическая деятельность в реализации этих задач очень важна.

В политической сфере мы имеем последовательную программу реформ, объявленную в моем Послании народу в 2003 году. Многое уже реализуется.

Так, с нынешнего года началась работа по разграничению полномочий и финансовых ресурсов между центральными и местными органами управления. Идет формирование бюджетов сельских округов, малых городов, поселков. Это реальный шаг в сторону создания эффективного местного самоуправления, выборности глав местных исполнительных органов.

Качественно меняется избирательная система. В ближайшее время Парламент примет новый закон о выборах. Новый закон расширяет участие партий в избирательном процессе. Впервые им отдается исключительное право выдвижения кандидатов в депутаты Парламента. Избирательные комиссии будут формироваться из представителей политических партий, которые получают инструмент надежного контроля за прозрачностью выборного процесса. Это, безусловно, будет способствовать качественному изменению в партийной системе, повышению роли партий в политической жизни общества и реальной конкурентности.

Совершенствование партийной системы, в свою очередь, даст возможность повышения профессионализма в работе Парламента, маслихатов. А это значит, будет возрастать их роль и значение.

В ближайшее время должны быть приняты другие важные законы, раздвигающие горизонты развития гражданского общества в Казахстане. Одним из основных показателей уровня развития демократии является соблюдение прав и свобод граждан.

В этой связи, перед обществом стоит задача создания эффективных механизмов защиты прав и свобод человека с участием партий и профсоюзов, правозащитных НПО, института уполномоченного по правам человека.

Присоединение Казахстана к международным пактам о правах человека обязывает нас активизировать эту работу.

Партия «Отан» уже доказывала свое влияние на выборах. Это показатель реальной силы партии. Однако предстоящие выборы потребуют серьезного напряжения сил.

Все ресурсы партии должны быть нацелены на победу, и по партийным спискам, и в одномандатных округах.

Каждый «отановец» должен осознать, что от результата выборов зависит прочность и необратимость тех успехов, которых достигло казахстанское общество за последние годы. Необходимо серьезное кадровое укрепление рядов «Отана».

На региональном уровне «Отан» должны возглавить известные и авторитетные в обществе люди. Они будут главными проводниками программы партии в жизнь.

Другой вопрос связан с партийной дисциплиной. Нам предстоят серьезные парламентские выборы. Чтобы не получилось завтра так, что выбираются от одной партии, поддерживают в период выборов ее установки, а политическую позицию после выборов держат иную. Или переходят в другие партии. Такие «Отану» не нужны. Фракционная дисциплина в будущем Парламенте должна стать реальностью, а не пустым звуком. Это касается и представителей «Отана» в маслихатах. Руководству

партии необходимо взять ситуацию под жесткий контроль. Общая стратегия электоральной кампании «Отана» ясна — это поддержка тех задач, которые мы поставили в экономической, социальной и политической сфере в ближайшие годы, о чем я говорил выше.

Во-первых, межнациональное согласие в стране должно подкрепляться не только повседневной работой госорганов. Представители разных национальных групп должны быть в парламенте и на всех уровнях государственной службы. Это во многом задача такой общенациональной партии как «Отан». Ассамблея народов Казахстана и «Отан» должны проработать конкретный механизм сотрудничества на электоральный период.

Во-вторых, поддержка малого и среднего бизнеса со стороны «Отана» должна быть на создании политического механизма партийной защиты представителей малого и среднего бизнеса.

В-третьих, все социальные программы по развитию здравоохранения, образования, социальной защите населения должны быть на партийном контроле.

В-четвертых, мы начали крупномасштабную программу «Культурное наследие». Такой целостной программы нет сегодня не только в СНГ, как мы привыкли сравнивать. Такой программы нет в мире. «Отан», который объединяет подлинных патриотов страны, также должен активно принять участие в ее реализации и на национальном и на региональном уровне.

Полагаю, что пришло время проявить социальную зрелость и ответственность казахстанскому бизнесу, приняв серьезное и постоянное участие в деятельности Фонда поддержки малообеспеченных сограждан. Партия «Отан» могла бы выступить общественным организатором этой работы.

Наконец, мы должны учитывать, что предстоящие парламентские выборы это серьезный экзамен на прочность наших политических проектов. От партии «Отан» — самой крупной и влиятельной в стране — во многом зависит, насколько успешным будет этот важный для общества экзамен демократии. Вы являетесь одним из инициаторов заключения Хартии об основных принципах политической конкуренции на выборах.

Всецело поддерживаю эту инициативу. Партия «Отан» должна быть примером для других политических партий, вести предвыборную кампанию открыто и честно.

В демократическом обществе партия состоится как реальная сила только тогда, когда ею успешно будут пройдены не менее двух выборных кампаний. Партия «Отан» уже дважды побеждала на выборах, дважды добивалась доверия большинства казахстанских избирателей.

Полагаю, что партия достойно выступит и на предстоящих парламентских выборах.

«Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін» атты Қазақстан халқына Жолдауы

Астана қаласы, 2004 жылдың 19 наурызы

Қымбатты қазақстандықтар!

Өткен жыл ұлттық экономикамызды дамыту турасында сенімімізді нықтап, үмітімізді ұштай түсті. Соңғы 4 жылда жалпы ішкі өнімнің жиынтық өсімі 50%-ға жуық артты.

Наурыз айының басында «The Daily Telegraph» ықпалды басылымы «Oxford Analytica» британ компаниясының экономикалық талдауын жариялаған еді, онда Қазақстан транзитті экономикасы бар мемлекеттердің арасында аршынды дамып келе жатқан елдердің бірі ретінде аталып, биылғы жылы да осындай көшбастаушы тұғырын сақтап қалатыны жайында болжам жасалған екен.

2003 жыл Индустриялық-инновациялық стратегиямызды іске асырудың алғашқы жылы болды. Елімізде даму институттары құрылып, олар қазірдің өзінде өңдеуші салаларды жаңғыртуға нақтылы ықпал жасай бастады. Даму банкі жарты миллиард доллардан астам сомаға 20 инвестициялық жобаға кредит бөліп отыр. Инновациялық қор еліміздегі алғашқы ғарыштық жер серігінің жасалуын қаржыландыруды қолға алды. Өткен жылы бес мұнай-химия кәсіпорнының жұмысы қалпына келтірілді. Балқашта мырыш, Атырауда полиэтилен құбырларын өндіретін зауыттар, Каспий теңізіндегі жағалау жұмыстарына көмек жасайтын инфрақұрылым пайдалануға берілді. Қостанай дизель зауыты іске қосылды. Жеңіл және тамақ өнеркәсібінің көптеген кәсіпорындарын жаңғыртып, қайтадан жасақтау жүзеге асырылып жатыр. Мұны жақсы нышан деу керек, бізде тәуелсіздік алған жылдарымыздың ішінде 2003 жылы тұңғыш рет өңдеуші өнеркәсіптің өсу қарқыны өндіруші өнеркәсіптің өсу қарқынынан асып түсті. Машина жасауда бұл көрсеткіш 20%-дан да артық болды.

Аграрлық азық-түлік бағдарламасын жүзеге асырудың да алғашқы жылы аяқталды. Қуантарлық нәтижелер бар. АӨК-ті мемлекеттік қолдау көлемі едәуір ұлғайды. Былтырғы жылы ауыл еңбеккерлері 51,5 млрд. жуық теңге алса, биыл оларға 70 млрд. теңгедей қаржы бөлініп отыр. Бұл алдыңғы жылдың көрсеткішінен шектен астам артық. Бөлінген қаржы шаруаларға өткен жылы лизинг арқылы 806 ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға, 52,5 мың тонна минералды тыңайтқыштар, сондай-ақ гербицидтер мен уытты заттар, мал егуге қажетті препараттар алуға мүмкіндік берді.

Мал шаруашылығында да оңды нәтижелерге қол жетті, мал басы тұрақты өсіп келеді. Ет пен сүт өндіру 17%-дан астам артты.

Қазақстан астыққа деген өзінің қажетін қанағаттандырып қана қоймай, 5 млн. тоннадан астам астықты экспортқа да шығарды. Ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу көлемі өткен жылы нақтылы есептегенде 9,5%-дан аса ұлғайды.

Ең бастысы, шаруаларымыздың материалдық жағдайы едәуір жақсарды, демек бұл олардың көңіл ауаны көтеріңкі, болашаққа деген сенімі зор деген сөз. Соңғы

жылдары Қазақстанның барша халқының тұрмыс деңгейі көтерілген үстіне көтеріліп келеді. Өткен жылы еңбек өтілі мен тапқан табысты ескере отырып, зейнетақылар мөлшерін қайта қарау жүзеге асырылды. Жыл басынан бері зейнетақы мен жалақының ең аз мөлшері көбейтілді. Біз — халықтың ҚСРО Жинақ банкіндегі ізсіз кеткен салымдарын өтеуді қажет деп тапқан ТМД-дағы бірден-бір мемлекетпіз. Өткен жылы жалпы сомасы 4 млрд. теңгеден астам тұратын 1,3 млн. салым қайта тіркеуден өтті. Үстіміздегі жылы салымдарды қайта тіркеу мерзімі аяқталады. Азаматтардан келіп түскен көптеген өтініштерге байланысты Үкіметке салымдарды қайта тіркеудің мерзімін келесі жылға дейін ұзартуға ұсыныс енгізуді тапсырамын.

Өткен 4 жыл ішіндегі экономиканың өсуі:

- ең төменгі зейнетақы мөлшерін — екі есе дерлік (3 мыңнан 5,8 мың теңгеге дейін), орташа зейнетақыны да — екі есе (4,1 мыңнан 8,6 мың теңгеге дейін);

- ең төменгі жалақыны — екі жарым есе (2,6 мыңнан 6,6 мың теңгеге дейін), орташа жалақыны — 1,6 есе дерлік (14,3 мыңнан 24,8 мың теңгеге дейін);

- мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мөлшерін — 45%-ға өсіруге мүмкіндік берді.

Әлеуметтік-экономикалық дамудағы табыстарымыз негізгі өлшемдер бойынша біздің Орталық Еуропаның бірқатар елдеріне барынша жақындай түсуімізге мүмкіндік берді, ал Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдерінен біз ілгерілеп кеттік. Бүкілдүниежүзілік банктің сыныптамасы бойынша біздің мемлекет ендігі жерде орта деңгейден жоғары табысы бар мемлекеттердің тобына жатады.

Кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістікте, Каспий және Орталық Азия өңірінде Қазақстанның рөлі мен беделі күшейе түсті, біздің еліміздің әлемнің саяси және экономикалық картасындағы маңызы да артып келеді. Қазақстан аса ірі әлемдік форумдар өтетін орынға айналды: Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес, Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің бірінші съезі бізде өтті. Біздің елімізде Еуразия аймағы мемлекеттерінің әлемге танымал беделді басшылары сапармен болып қайтты.

Қазақстан өзінің нысаналы дамуын «Қазақстан-2030» ұзақ мерзімдік Стратегиясына толық сәйкес жалғастырып келеді.

Ендігі жерде күн тәртібіндегі мәселе әлемдік қоғамдастықта Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігі туралы, біздің экономикамыздың бәсекеге қабілеттілігі туралы және қазақстандық ғалымдардың, менеджерлердің, бизнесшілердің, мамандардың, жұмысшылардың бәсекеге қабілеттілігі туралы болып отыр. Бұл міндетті шешу үшін біздің экономикалық, сондай-ақ әлеуметтік салаларда да еуропалық стандарттарға жету стратегиясын әзірлеуге кірісуіміз керек.

1. Бәсекеге қабілетті экономика.

Экономика біздің дамуымыздың басты басымдығы, ал экономикалық өсімнің барынша жоғары қарқынына қол жеткізу — негізгі міндетіміз болып қала береді. Біз бұған өз экономикамыздың бәсекелестік қабілетін арттыру арқылы елімізді дамытудың 2010 жылға дейінгі жоспарына сәйкес қол жеткіземіз.

Бәсекеге қабілеттілікке мемлекеттік қолдаудың қолайлы жағдайында емес, бәсекелестермен қатаң күресте қол жеткізілетіні баршаға мәлім. Мен бұл ретте мемлекеттік қолдаудың оңтайлы рөлі, бір жағынан, экономиканы барынша ырықтандырып, оның ашықтығына қол жеткізуде, екінші жағынан —

инфрақұрылымды жасау және белді салаларды дамытуға жеке меншік секторды тарту жөнінде белсене жұмыс жүргізуде деп білемін.

Сондықтан, 2005 жылы экономиканы дамытудың негізгі бағыттары мыналар болуға тиіс:

- экономиканы одан әрі ырықтандыру және жүйелі реформаларды жалғастыру арқылы бәсекелестікті дамыту мен бюрократиясыздандыру;
- Қазақстан экономикасының ашықтығын күшейту;
- Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асыру;
- ауылды дамыту бағдарламасын жүзеге асыру;
- инфрақұрылымдарды дамыту.

1.1. Ырықтандыру және бюрократиясыздандыру.

Үкімет ырықтандыру мен табиғи монополиялар салаларын: телекоммуникацияларды, электр энергетикасы мен темір жолдарды қайта құрылымдау бағытындағы жұмысты жандандыруы керек. Бұл салалар бәсеке үшін айқын әрі ашық болуға тиіс, ал халық болса, көрсетілетін қызмет сапасының жақсарып, бағаның төмендегенін сезінуге тиіс. Бұл тұрғыда жоспарлар бар, тек соларды батыл орындау керек.

Жекелеген учаскелердің өзінде бәсекені шектеумен келісуге болмайды. Монополияға қарсы агенттік экономиканың барлық секторларында зерттеулер жүргізіп, жыл соңына дейін тиісті ұсыныстар енгізуі керек.

Өсудің жоғары қарқыны мен бәсекеге қабілеттілік көбінесе экономиканы бюрократиясыздандыруға байланысты. Үкіметке бұл жөнінде тапсырмалар өткен жылғы қазан айында Кәсіпкерлердің форумында берілген еді, енді күзде оның орындалуы тексерілетін болады. Бұл жерде Қазақстанда бизнесшілердің жұмысы үшін жағдайдың жақсарып келе жатқанын, тым жақсы болып кете қоймаса да, онша жаман емес екенін айтқым келеді. Біз бизнесшілер тарапынан өз қызметтерінің жағдайын жақсартуды сұраған өтініштерін ғана емес, олардан өздерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру бағытындағы қажырлы жұмысын тосуға да хақылымыз.

1.2. Әлемдік экономикаға интеграциялану.

Біздің ұлттық экономикамыздың бәсекеге қабілеттілігіне оны әлемдік экономикаға интеграциялаған жағдайда ғана қол жеткізе аламыз. Сондықтан да Қазақстанның Бүкіләлемдік сауда ұйымына кіруін жеделдету аса маңызды міндет болып табылады. Бұл тұста өзіміздің бүкіл саяси және дипломатиялық әлеуетімізді толығымен іске қосқанымыз абзал.

Менің ойымша, қазақстандық бизнестің қалыптасу процесі аяқталып келеді. Ол ішкі ғана емес, сондай-ақ сыртқы рыноктарда да күш сынасу үшін «пісіп-жетілді».

Біз ендігі жерде шаруаларымызды да Қазақстанның ғана емес, сондай-ақ әлемдік рыноктардағы бәсекелестік күреске дайындауымыз керек. Біздің Қазақстан капиталының шетелге қозғалысын, оның сыртқы рыноктарды игеруін қолдап, көтермелеуіміз қажет. Бұл — жаһандық бәсекелестіктің элементі, сондай-ақ әлемдік экономика жайында аса маңызды білім алу мүмкіндігі.

Шетелдердегі барлық мемлекеттік құрылымдар отандық бизнеске көмек пен қолдау көрсетулері тиіс.

Қазақстан Даму банкіне сыртқы, әзірге таяу жатқан рыноктарда жұмысқа кірісетін кез келді. Жаңа міндеттерді шешу үшін Үкімет тарапынан Банкті 10 млрд.

теңге, ал өңірлерден өкілдік ететін акционерлер 5 млрд. теңге сомасында одан әрі қаржыландыруы қажет.

Біздің валюталық реттеуді ырықтандыру, ал 2007 жылы қаржы секторында Еуроодақ стандарттарын енгізу бағытында батыл алға жылжуымыз керек.

Біздің экономикамыздың бәсекеге қабілеттілігі көбінесе кәсіпорындарымыздың халықаралық стандарттарға шұғыл түрде көшуімен айқындалатын болады.

Қазақстан Батыс елдерінің өнім сапасын бақылап отыру жөніндегі жарты ғасырға жуық тәжірибесін ең қысқа мерзімде меңгеруге тиіс.

Менің тапсырмам бойынша, Үкімет қазірдің өзінде 2006 жылға дейінгі стандарттау мен сертификаттаудың ұлттық жүйелерін дамыту жөніндегі бағдарламалық құжаттарын әзірледі, қазақстандық кәсіпорындарды ИСО халықаралық стандарттарына жедел көшіру жөніндегі жұмыс жоспары жасалды.

Ендігі жерде әр министр мен әкімнің жұмысы олардың өз қызметінің саласында халықаралық стандарттарды енгізу жөніндегі істің жай-күйіне қарай (қатаң бағаланатын болады).

Қысқа мерзімде халықаралық іс-тәжірибеде қабылданған техникалық реттеу үлгісіне көшуді аяқтау қажет. Биылғы жылдың өзінде «Техникалық реттеу туралы» заң жобасы қабылданып, қолданылып жүрген 50 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуге тиіс.

1.3. Индустриялық-инновациялық даму.

Индустриялық-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асыру мақсатында даму басымдықтарын айқындап алу өте маңызды. Үкімет әлемдік деңгейдегі сарапшыларды тартып, еліміздің артықшылықтарына қажетті талдау жасау арқылы жылдың соңына дейін нақты ұсыныстар тұжырымдауға тиіс.

Біздің іс жүзінде барынша тиімділік беретін үздік халықаралық тәжірибелерді енгізуіміз қажет.

Соның бір мысалы индустрияны дамытуға кластерлік тұрғыдан келу бола алады. Биылғы жылдың соңына дейін біздің келешегі бар барлық қазақстандық, ауқымды өңірлік және аймақтық кластерлерді (бәсекеге қабілетті салалар жиынтығы) айқындап алуымыз қажет. Даму институттары болса, алдағы міндеттерді жүзеге асырудың тиімді құралдарына айналуы керек.

Инновациялық қызметтің инфрақұрылымын дамыту үшін Алатау кентіндегі Ақпараттық технологиялар паркін іске қосып, Орал мен Степногорск қалаларында технопарктер құруымыз қажет.

Аэроғарыш саласындағы жоғары технологиялық өндірістерді дамыту үшін отандық әлеуетімізді кеңінен пайдалануымыз керек.

«Байқоңыр» кешенін жалға беруден түсетін бір сәттік пайда табудан гөрі ғарыш айлағын жалға беруді ұзарту жөніндегі келісімде көзделген Ресеймен бірлескен ғарыштық бағдарламалар мен жобаларды іске асыруға қарай ойысқанымыз өте-мөте маңызды. Мұның өзі біздің ғарыш жөніндегі ғылымымыз бен жаңа технологиялардың дамуына жәрдемдесер еді. «Ангара» ғарыштық зымыран кешенін құру осындай бірінші жоба болуға тиіс. Біз қазірдің өзінде 2006 жылы өзіміздің тұңғыш ғарыштық жер серігін ұшыру жөніндегі жұмысты қолға алдық.

Перспективалы бағыт — шетелдің жетекші банкілері және компанияларымен бірлескен жобалар.

Осы бағытта Даму банкі Еуропа қайта құру және даму банкімен бірлесе отырып «Солтүстік-Оңтүстік» электр желісі магистралінің құрылысын қаржыландыруға кірісті. Жобаның құны — 280 млн. доллар.

Осы жылы «Қазақстан-Инжиниринг» ұлттық компаниясы біздің ірі машина жасау зауыттарымызды жаңғырту мақсатында «Singapore Technologies Engineering Ltd.» бірлескен мекеме құрады.

Біз ауылшаруашылық және көліктік машина жасауды дамытуға ұмтылуымыз қажет. Атап айтқанда, Қостанайдағы дизель зауытының өнімділігін арттырып, «Азия-Авто» зауытынан «Нива» автомобильдерін құрастырудан «Шкода» автомобилін құрастыруға ауысу мәселесін ойластыру керек. Сондай-ақ, «Қазақстан-КамАЗ» концерні зауытында жүк автомобильдерін құрастыруды арттыра түскен жөн.

Еліміздің экспорт әлеуетінің өсуіне индустрияның базалық салаларын, бірінші кезекте металлургия мен металл өңдеу саласын одан әрі дамыту оң ықпал етуі тиіс. «Испат-Кармет» құрышты үздіксіз құю жөніндегі жобаны, сондай-ақ, мұнайгаз секторы үшін құбырлар шығаруды іске асыруды жоспарлап отыр, «Қазақстан алюминийі» құны 800 млн. доллар шамасында болатын электролиз зауытын салу секілді үлкен жобаны жүзеге асыруға дайындалуда.

Химия және мұнай химиясы өнеркәсібін дамыту басым бағытқа ие болуы керек.

Қарашығанақ газ конденсаты кен орнында жобалық құны 1 млрд. доллардан асатын газ өңдеу зауытын салу құрылысын бастау қолға алынды.

Атырау мұнай өңдеу зауытын қайта құру жобасын жүзеге асыруды жеделдету қажет.

Жамбыл облысында кальциймен байытылған сода өндіретін, Павлодар облысында хлорлы түйіршіктер шығаратын зауыттардың құрылыстарын бастау ойластырылуда.

Астанада даму институттарының қатысуымен үй құрылысында ұялық бетон өнімдерін, шыны-пластикалық құбырлар шығаратын зауыттар салу, Ақтөбе қаласында шыны талшықты полиэфирмен беріктендірілген құбырлар мен фитингілер шығаратын зауыт тұрғызу, Алматы облысының Абай кентінде «Қазақстан қағазы» ЖАҚ тамақ өнеркәсібі үшін қағаз, гофрокартон және қағаз-картон өнімдерін өндіретін зауыт салу, Шымкентте «Ютекс» ЖШС мақта талшығы шүйкелерін шығаратын зауыт құрылысы аяқталуы тиіс.

Бұл жетістіктер индустриялық бағдарламаны жүзеге асырудағы оның бірінші жылының қорытындыларының бір бөлігі ғана. Бұдан басқа, бізге инвестициялық ахуалды одан әрі жақсарту үшін қажетті шараларды қолға алу керек.

Біріншіден, туындап келе жатқан инновациялық бизнесті қолдау қажет. Атап айтқанда, ғылыми зерттеулермен, жаңа технологияларды жасап және енгізумен белсенді айналысып жүрген компанияларды ынталандырып отырған жөн.

Екіншіден, инвестиция тарту үшін салықтық преференцияларды ұсынудың жөнжосығын өзгертудің кезі келді. Олар ұзақ мерзімді инвестицияларды ынталандыруды қамтамасыз етіп, жобалардың қайтарым мерзімін үйлестірулері тиіс.

Үшіншіден, өндірісті жаңғырту мен техникалық қайта жарақтандыру жағдайларын айтарлықтай жақсарту мақсатында жақында лизингтің мүмкіндіктері әжептәуір жеңілдетілді, ал, 2005 жылдан бастап амортизациялық төлемдерге деген фискальді саясат қайта қаралатын болады.

1.4. Аграрлық саясат.

Жоғарыда аталып өткендей, алдымызда еліміздегі агробизнестің бәсекелестік жүйесін қалыптастыруды шешудің міндеті тұр.

Ол үшін заң актілерінің, бірінші кезекте, Жер, Су және Орман кодекстерінің қалтқысыз орындалуын қамтамасыз ету қажет.

Дәнді дақылдар нарығын реттеу жөніндегі мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыру қажет.

Ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді және өнім сапасын арттыруды жаңғыртуға ерекше назар аударылғаны жөн.

Қазіргі заманғы аграрлық ғылымды дамытуды да естен шығаруға болмайды.

Ауылдық жерлердегі кедейшілікті жою үшін шағын несиелер беру жұмысын кеңінен өрістету қажет, оның үстіне ол өзінің өміршеңдігін көрсете де білді.

Осы жылдан бастап ауылдық аумақтарды дамытуға арналған мемлекеттік аграрлық саясат бағдарламасы іске қосыла бастады. Мен перспективасыз аумақтарға мемлекеттік инвестициялар тоқтатылатынын естеріңізге салғым келеді.

Аталған бағдарламаларды тиімді жүзеге асыру мақсаттарында Ауыл шаруашылығы министрлігі жанынан ауылдық аумақтар істері жөніндегі комитет құру қажет.

Тұтастай алғанда, 2005 жылдың аяғында қабылданған аграрлық бағдарламаларды есепке ала отырып, ауылдың қалыпты өмір сүруін қамтамасыз ету, бәсекелестікке қабілетті өнім өндіру, импорт алмастыру және экспорттық мүмкіндіктерді кеңейту үшін қажетті жағдайлар жасалуы тиіс.

«Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы» Заң қабылдануына байланысты аграрлық секторда толықтай негізгі заңдық база қалыптасқан деп есептеймін.

1.5. Инфрақұрылым.

Өткен жылы «Алматы-Астана» және «Астана-Бурабай» автомобиль жолдары пайдалануға берілді. Жаңа жүрдек пойыз жолаушыларды Астанадан Алматыға дейін 12 сағатта жеткізеді.

Қызылорда ауданында Сырдария үстімен өтетін көпірдің, Алматы әуежайында жолаушылар терминалының, ұзындығы 402 шақырымдық аса маңызды «Алтынсарин-Хромтау» темір жолының түйісуі аяқталды.

Үстіміздегі жылы Астана халықаралық әуе жайының жаңа нысандары іске қосылуы тиіс, Ақтөбедегі ұшу-қону жолағының құрылысын бастау қажет.

Сонымен бірге, бізге «Екібастұз-Павлодар» темір жол телімін электрлендіруді, «Дружба» стансасының жүк тасымалын өткізу қабілетін он миллион тоннаға дейін ұлғайтуды қамтамасыз ету қажет. Ақтау теңіз портын кеңейту жұмыстары жалғастырылып, Каспий теңізіндегі Баутино және Құрық порттарының инфрақұрылымдары дамитын болады.

Автомобиль жолдары құрылыстарында халықаралық маңызы бар транзиттік жолдарға, ең алдымен, «Челябі-Қостанай-Астана-Алматы-Қорғас» және «Самара-Шымкент-Алматы-Қорғас» бағыттарына бұрынғысынша басымдық беріледі.

Жалпы алғанда, үстіміздегі жылы автожолдарды жаңғырту мен жасауға 40 млрд. теңге, ал 2005 жылы — 55 млрд. теңге қарастырылған немесе 37,5%-ға өсетін болады.

Мұнай тасымалдаудың баламалы бағыттарын да іске асырудың жұмыстары қарқынды жүргізіледі.

«Ақшабұлақ-Қызылорда» газ құбырының құрылысын аяқтап, Қызылорданы газбен қамтамасыз ету керек.

2. Адам ресурстарын дамыту.

Өткен жылдарда мағаң макросаясат туралы көбірек айтуға тура келген. Өйткені экономикалық саясаттың реформалануы мен қалыптасу мәселелерін шешпей тұрып, нақты әлеуметтік жетістіктерге жету мүмкін емес болатын.

Бүгін мағаң барша қазақстандықтарды қызықтыратын нәрселер туралы айту айырықша жағымды. Өйткені тұрғын үй, білім және денсаулық сақтау мәселелері біздің әрқайсымызды да толғандырады.

Жаһандану және күрделене түскен әлемдік бәсекелестік жағдайында қазақстандықтардың күш-қуаттық және санаткерлік қабілеттері біздің жоспарларымыздың табысты болуына, ел экономикасының бәсекелестікке төтеп беру мүмкіндігіне және бүгінгі жағдайда өмір сүре алуына тұғырлы фактор болып табылады.

Қазақстандықтар әлемдік бәсекелестіктің күрделі және ауыр процесінде табыстарға жету үшін халқымызға тән күшті рухын, денсаулығы мен білімін әлемге көрсетуге қабілетті ме?

Біз өзіміздің адамдық әлеуетімізді дамыту жолында алдымызда үлкен жұмыс тұрғанын мойындауға тиіспіз.

Қазір, елімізде экономиканың өсуі есебінен қор жинақталған кезде, кейбіреулер масылдық пиғылмен өздерінің көптеген проблемаларын мемлекет есебінен шешкісі келеді.

Бірақ мұндай жол бізді артқа қарай лақтырып тастайтыны анық. Мұны әлемдік тарих дәлелдеген. Бұған орынды ой мен жеке тәжірибеміз дәлел.

Тегін дүние мен жатыпішерлік құндылықтардың бәсін түсіріп, еңбектің мәнін кетіреді, адамды босаңсытып, оның өміршеңдігін төмендетеді.

Кейбір мұнай өндіруші елдерде жаңадан дүниеге келген сәбиге банкілік есеп-шот ашылатыны туралы бізде талай рет айтылған-ды. Бірақ өзімнің жақындағы Сауд Арабиясына сапарым кезінде мен мұның олай емес екеніне көз жеткіздім. Оларда масылдық көңіл-күй жоқ. Батыста да бала кезден бастап еңбекке деген құрмет, өзінің күнкөрісіне, ата-аналары мен елінің әл-ауқатына қарамастан қаражат табуға деген ұмтылыс бойға сіңіріледі.

Сондықтан, адам өзінің дамуы мен кәсіптік шеберлігін тұрақты түрде көтеру арқылы өзі және өз отбасын игіліктермен қамтамасыз етуі тиіс. Және де оның өзекті проблемаларын шешуге мемлекет аз қатысқан сайын солғұрлым адамның өзіне пайдалы бола түседі.

Егер сіздердің естеріңізде болса, 1997 жылдың өзінде еліміз дамуының 2030 жылдарға дейінгі ұзақ мерзімді Стратегиясында адамдарға бізде мұнайдан түсетін табыс жоқ болғандағыдай жағдайда өмір сүру және жұмыс жасауға үйрету міндеті қойылған болатын. Сондықтан болашақ ұрпақ дағдарысты жағдайлар үшін қаржы жинақтау қызметін атқаратын ұлттық қор құрылған еді.

Мемлекет өзінің жасы келуіне және денсаулық жағдайына байланысты жұмыс істей алмайтын және өз бетінше табыс таба алмайтындарға ғана қамқорлық

жасауы тиіс. Бұл біздің реформалардың басты принципі. Мемлекет жаңа жұмыс орындарын ашады, адамның өз қабілет-мүмкіндіктерін көрсетуге жағдай жасайды, халықтың табысының өсуіне қамқорлық көрсетеді.

Адам дамуының басты салаларында, таза ауыз су және инфрақұрылымдар қалыптастыру проблемаларын шешу аз кепілді стандарттарды қамтамасыз ету үшін шешім қабылдау және қаражат табу ғана мемлекеттің иығына жүктеледі.

Қазақстандықтардың орта мерзімдік перспективада бәсекеге қабілетін арттыру тұрғын үй құрылысында, денсаулық сақтау мен білім беруде, әлеуметтік қамсыздандыруда жүйелік өзгерістердің жаңа саясатын талап етеді.

2.1. Тұрғын үй құрылысының жаңа саясаты.

Соңғы кездері тұрғын үй құрылысы проблемаларын шешудің ықтимал жолдары белсенді талқылануда.

Мемлекеттік қайтарымсыз тұрғын үй салу идеясы бұрынғысынша күшінде қалуда.

Бар жауапкершілікпен мынаны мәлімдеуге тиіспін, тұрғындардың кейбір жекелеген топтары болмаса, тұрғын үйді тегін беру деген болмайды.

Тұрғын үй жекеменшік болып табылады, демек, адамның өзінің жауапкершілігі саласына жатады. Бүгінде еліміздің тұрғын үй қорындағы жеке меншік үйдің үлесі 97%-ға жуық. Бұл бұдан әрі төмендемейді.

Осымен қатар тұрғын үй проблемасы ең басты проблема болып қалып отыр.

Өткен жылы Қазақстанда 2 млн. шаршы метрден астам тұрғын үй салынды. Бұл 2002 жылы пайдалануға берілген үй санынан 30%-ға көп. Алайда, осы қарқынның өзі бізді қанағаттандыра алмайды. Есептеулер көрсеткендей, жыл сайын кем дегенде 4 млн. шаршы метр тұрғын үй салуға қол жеткізу керек.

Мен осы саланы біздің экономикалық дамуымыздың жетекші саласының біріне айналдыру идеясын көптен айтып келемін. Сіздер тұрғын үйлерді жаппай салу өзімен бірге құрылыс материалдары өнеркәсібін, жиһаз өнеркәсібін, металөңдеуді дамытатынын түсінесіздер.

Осыған байланысты мен қазақстандықтарға 2005 жылдан бастап тұрғын үй құрылысында жаңа саясатты іске асыру басталатыны жөнінде үлкен қанағат сезімімен айта кеткім келеді.

Бұл саясаттың мәні тұрғын үй құнының арзандауы, оны несиелеу мерзімінің ұзартылуы, алғашқы төлем жарнасы мен несиелеу үстемесінің төмендетілуі арқылы халықтың басым бөлігін тұрғын үйге қол жеткізуге мүмкіндік беру болып табылады.

Мұның барлығы халықтың табысын ұдайы өсіру саясатының нәтижесінде жүзеге асырылуы тиіс.

Өздеріңізге белгілі, өз қаражатына сатып алу немесе тұрғын үй құрылысын салу секілді жолдан басқа, тұрғын үйді ақшасын біртіндеп төлеп алудың екі жүйесі бар: ипотека арқылы және тұрғын үй құрылысы қаражатын жинау жүйесі арқылы. Бірақ бұл екеуі де әзірше өзінің қымбатшылығына байланысты көпшіліктің қолы жете бермейтін жүйе болып табылады.

Жаңа тұрғын үй саясаты оларды арзандатуға, сондай-ақ, құрылыс құнын төмендетуге бағытталатын болады.

Сонымен, ипотекалық несиелер үшін қайтарым мерзімі бүгінгі он жылдан жиырма жылға дейін ұзартылады.

Алғашқы төленетін жарна көлемі үй құнының 20%-дан 10%-на дейін төмендетіледі, бұл жағдайда несие үстемесі 13-тен 10%-ға дейін азайтылады.

Тұрғын үй құрылысы қаражаты жүйесі туралы айтсақ, онда алғашқы төлемақы жарнасы 50-ден 25%-ға дейін төмендетіледі. Несиені қайтару мерзімі қалған сома бойынша 15-тен 25 жылға дейін ұзартылады.

Мұның үстіне ірі қалалардағы аз мөлшердегі әрлеу жұмыстары жүргізілген үздік жобадағы тұрғын жайдың бір шаршы метрінің құны орташа есеппен бүгінгі әр шаршы метрі үшін 700 доллардан 350 долларға дейін төмендетіледі. Бізге жалпы, бір шаршы метрінің құны 350 доллар сомасынан аспайтын үйлер салу қажет. Егер құрылысшылар бағаны көтеретін болса, онда олар бұдан былай несие және тапсырыс алмайтын болады. Ал аймақтарда тұрғын жай бағасы тіпті бұл көрсеткіштен де төмен болуы тиіс.

Есептеулер көрсетіп отырғандай, тұрғын үй туралы жаңа саясат жүзеге асқан жағдайда 200 мың отбасы (ал бұл миллионға жуық адам) ипотеканы және тұрғын үй құрылысы жинақтаушы жүйесін пайдалана алады. Бұл үшін 2007 жылдың аяғына дейін 12 млн. шаршы метр тұрғын жай іске қосылуы тиіс, яғни, жыл сайын тұрғын үй көлемін енгізуді бүгінгі деңгеймен салыстырғанда орташа есеппен екі есеге ұлғайту қажет болады.

Есептеулер көрсетіп отырғанындай, жаңа тұрғын үй саясатын жүзеге асыру үшін 2005–2007 жылдар аралығында барлық қаражат көздері бойынша тұрғын үй құрылысына 300 миллиард теңге, оның ішінде, басым бөлігі қайтарылуға жататын негізде 150 млрд. теңге мемлекет есебінен бөлу, сондай-ақ, Қазақстан ипотекалық компаниясы және «Тұрғынүйқұрылыс-жинақтаушыбанкі» қаржыландыру мақсатында инвестиция салуы қажет.

Құрылысты арзандату мақсатында тұрғын үй инфрақұрылымын қаржыландыруды өз мойнына жергілікті билік алуы тиіс.

Құрылыс үшін тендер арқылы жер сатуды міндетті шараға айналдыру қажет.

Алға қойылған міндет Үкімет пен әкімдер мүмкіндіктерінің шегінен шығып жатуы да мүмкін, бірақ, ол таяу 3 жылда орындалуы шарт. 2008 жылға қарай біз барлық халықтың орташа табын тұрғын үй құрылысына жұмылдыруға орнықты тұғыр қалыптастыруымыз керек.

Үкімет 1 ай мерзімде тұрғын үй құрылысын дамытудың Мемлекеттік бағдарламасын бекітуге енгізуі тиіс, сондай-ақ, осы жылы әкімдермен бірлесе отырып барлық қажетті дайындық жұмыстарын қолға алғандары жөн.

Жұмыс барысын тиісті дәрежеде бақылап отыру мақсатында мен еліміздің Премьер-министрі жетекшілік жасайтын тиісті Мемлекеттік комиссия құратын боламын. Оған және әкімдіктерге республика бойынша кең көлемдегі түсінік жұмыстарын жүргізу міндеттеледі.

Тұрғын үй құрылысын дамыту бағдарламаларын жүзеге асыру нәтижесінде ЖІӨ-нің болжамды қосымша өсімі еліміз бойынша 2% шамасын құрайтын болады. Жаңадан 45 мың жұмыс орны ашылады, сондай-ақ, 3 жыл ішінде 80 млрд. теңге шамасында қосымша салық алынатын болады.

Біз еліміздің Индустриялық бағдарламасының бір бөлігі болып табылатын, үлкен мультипликативтік тиімділік беретін ауқымды және жауапты жұмысты қолға аламыз.

Жартылай ұмыт бола бастаған құрылыс отрядтарын еске алып, каникул кезінде біздің студенттерімізді құрылысқа кеңінен тарту керек.

Отандық және шетелдік құрылысшылар мен құрылыс индустриясының жұмысшылары алдында олар қазірдің өзінде дайындықты бастаулары тиіс жұмыстардың үлкен майданы ашылмақ. Тапсырыстарды кімдер жақсы жағдай ұсынса, тек солар алады.

Ең бастысы — тұрғын үй рыногын адамдар үшін мүмкіндігінше қол жетерлік ету, тұрғын үй құны мен халықтың табысы арасындағы сәйкессіздікті қысқарту. Одан әрі рыноктың өзі-ақ осы өлшемдер негізінде реттелетін болады.

Тұрғын үй құрылысымен қатар оны пайдаланудың жаңаша ұстындары талап етіледі. Тіпті бұл жерде де мемлекеттің оған араласуы шектеулі болуы тиіс.

Біз жекеменшіктік пәтерлердің кооперативтік институттарын жетілдірудің, толық жөндеу жұмыстарын қаржыландыратын қаражаттық жинақтаудың, құрылысты мемлекеттік бақылауға алу және пайдалануға берудің жүйесін ойластыруымыз керек.

Тұрғын үй қатынастарын, оңтайландыру және соған сәйкес тұрғын үй заңнамасы қажет.

Үкімет тиісті Бағдарламаны тезірек қабылдауы тиіс.

Шындықтан жалтармайық. Әзірше қазақстандықтардың бәрі бірдей жаңа тұрғын жайға ұмтыла алмайды. Бірақ, сеніңіздер, жұмыс істейтін әрбір адам пәтер немесе үй алатын жағдайға жететін уақыт та келеді.

2.2. Денсаулық сақтау.

Алға қойылған міндеттерге сәйкес денсаулық сақтау ісінде байыпты да жүйелі өзгерістер талап етіледі. Ең алдымен, осы саладағы реформалар тұжырымдамасын айқын ұғыну қажет.

Осы жылдарда біз басқару мен қаржыландырудың кеңестік, корпоративтік-мемлекеттік жүйесінен бас тарттық, бірақ батыстың денсаулық сақтау ісіне тән жекеше — сақтандыру жүйесіне жете алмадық. Осылай болғаны да жөн шығар, өйткені түрлі елдерде барған сайын қолданылып жүрген жүйенің кемшіліктері көптеп бой көрсетуде.

Неге онда біз бұл бағытпен жүруіміз керек? Денсаулық сақтауды шектен тыс коммерцияға айналдыру дәрігердің ниетін бұзатынын өз тәжірибеміз көрсетіп отыр: оған адамның дені сау болғанынан гөрі жиі-жиі ауырғаны пайдалырақ бола түседі. Сондықтан да елімізде мемлекет пен адамның адам денсаулығы үшін ынтымақты, бірлескен жауапкершілігі болуға тиіс.

Мемлекет кепілдік берілген, адам үшін тегін, шекті стандарттар бойынша медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз етілуге тиіс.

Осыдан тыс нәрсенің барлығы адамның өз еңбек-ақысының немесе ерікті медициналық сақтандырудың есебінен қамтамасыз етілуі қажет.

Мемлекеттік медицина жекешеден кеңістік тұрғысында бөлінуі керек: заң мемлекеттік медициналық мекемелерде қандай да бір жекеше кабинеттерді ашуға тыйым салуға тиіс.

Салада:

- басқару жүйесін;
- денсаулық сақтау ісін қаржыландыруды, қаржы ресурстарын пайдаланудың тиімділігі мен сатып алуды міндетті түрде орталықсыздандыруды;
- медициналық көмек беруді ұйымдастыру жүйесін;
- денсаулық сақтау жүйесінің нормативтік базасын;

- статистиканы, саланы ақпараттандыруды, есептілікті оңтайландыруды жетілдіруге қатысты байыпты өзгерістер жүргізу қажет.

Келесі жылдан бастап шешуге кірісу қажет бірінші кезектегі міндеттер ретінде мыналарды айқындар едім.

Бірінші. Негізгі екпінді бастапқы медициналық-санитарлық көмекке, стационарда емдеуден амбулаториялық емдеуге көшіру, жатын-орындарға иек артудан арылу керек. 2005-2007 жылдар барысында бастапқы медициналық-санитарлық көмекке жұмсалатын қаражат көлемін едәуір ұлғайту қажет.

Екінші. Денсаулық сақтау ісінің халықаралық стандарттарына, емдеу мен медициналық қызмет көрсетудің жаңа технологиялары мен қазіргі заманғы әдістеріне жүйелі түрде көшуді бастау керек.

Үшінші. Ана мен баланың денсаулығын бекемдеу. Үкіметке Астанада Ана мен баланың республикалық орталығының құрылысын қамтамасыз етуді тапсырамын, ол халықаралық стандарттарға сай әрі денсаулық сақтау жүйесінде жаңа сапа эталоны болуға тиіс. Барлық аймақтар осы стандарттарды ұстанып, ана мен балаға байыпты көңіл бөлінуі керек.

Төртінші. Тәуелсіз медициналық сараптама жүйесін құру қажет, ол уәкілетті органның тәуелсіз сарапшыларын тарта отырып бақылау тексерулерін жүргізу принциптеріне негізделеді.

Бесінші. 2005 жылдан бастап денсаулық сақтау жүйесінің, ресурстарды басқару және саланы қаржыландыру менеджерлерін даярлауды бастау қажет. Дәрігерлер мен медициналық қызметкерлерді даярлау мен қайта даярлау жүйесінде де маңызды өзгерістер қажет.

Алтыншы. Өкпе ауруының, сусамырдың (диабет), демікпенің, жүрек-қантамырлары және басқа да әлеуметтік мәні бар аурулардың алдын алуға, оларды анықтауға және емдеуге баса назар аудару керек.

Жетінші. Үкімет пен әкімдер жаңа ауруханалар мен медициналық мекемелердің құрылысын қамтамасыз етуге, сондай-ақ жұмыс істеп тұрғандарына күрделі жөндеу жүргізуге тиіс. 2005-2007 жылдары 90 денсаулық сақтау объектісі салынуы және 450-і жөнделуі керек. Бұл ретте өкпе ауруын емдеудегі және әйел босандыруға деген күллі мұқтаждықтар толығымен қамтамасыз етілуге тиіс.

Аталған және басқа да проблемаларды кешенді шешу мақсатында Үкіметке 1 ай мерзімде Денсаулық сақтауды реформалау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын әзірлеуді тапсырамын.

2.3. Білім беру.

Ұлттың бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалады.

Әлемдік білім кеңістігіне толығымен кірігу білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеруді талап ететіні сөзсіз. Бұл үшін оқушыларды жоғары сатыда бейінді оқытуды көздейтін он екі жылдық білім беруге көшу қажет.

Мектепке дейінгі даярлық бірінші сыныпқа сәйкес келетін болады. Балаларымыз он жыл оқудан кейін не жоғары оқу орнына түсуге дайындалуға, не тиісті кәсіптік-техникалық білім алып, өз бетінше еңбек жолына түсу жөнінде шешім қабылдауға тиіс. Мектептің соңғы жылындағы оқу қазіргі жүйедегі ЖОО-ның бірінші курсына сәйкес келеді. Сол себепті жоғары білімнің өзі негізінен төрт жылдық болады.

Осылайша, біз жаңа 12 жылдық жүйеге өтеміз, сонымен қатар осы реформаға жұмсалатын шығындарды қысқартамыз.

Әрине, бұл бірнеше жылға созылатын дайындықты талап етеді. Сондықтан бұл уақыт аралығында артта қалған учаскелерді алға тартып, білім беру жүйесінің материалдық-техникалық базасын елеулі түрде нығайту қажет.

Біріншіден, бала бақшалар жүйесін қалпына келтіруге және толыққанды мектепке дейінгі білім беруді қалыптастыруға кірісу қажет. Әзірше, мұндай мүмкіндік бар жерде мектепке дейінгі білім беруді мектептер аясында дамыту қажет.

Екіншіден, реформалаудың нәтижелерінің бірі жаңа сатыдағы педагогтың өмірге келуі болуға тиіс. Үкіметке 2005-2006 оқу жылынан бастап педагог кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын 5 мың бірлікке ұлғайтуды тапсырамын.

Көптілді білімі бар педагогтар үшін қызмет орындарына ерекше назар аудару қажет.

Мұғалімдердің біліктілігін неғұрлым сапалы деңгейге көтеру, білім беру жүйесінің қызметкерлерін қайта даярлау жөніндегі республикалық және аймақтық институттардың материалдық-техникалық базасын нығайту қажет.

Мұғалімдер мен балалардың жайлы мектептерде оқып, жұмыс істеп, оқу жабдықтарының, кабинеттердің, спорт алаңдарының тапшылығын сезінбегені өте маңызды. Қазақстандағы мектеп уақыт өте келе үздік әлемдік стандарттар деңгейіне көтерілуге тиіс.

Келешекте мұғалім мамандығы ең беделді әрі жоғары ақы төленетін мамандықтардың бірі болуы керек. Әрине мұғалімнің өзі де уақыт талабына сәйкес болуы міндетті.

Өткен жылы 63 мектеп салынды, үстіміздегі жылы 70-тен аса жаңа мектеп салынып, 500-ден астамына жөндеу жүргізілетін болады. Мұның өзі күні кешегі кеңестік тарихымыздың «ең жақсы жылдарында» да жасалған жоқ.

Сонымен бірге, ең төменгі бағам бойынша бізге тағы да 1900-ден астам мектепті жөндеуден өткізуіміз және салуымыз қажет. Мұны алдағы 3 жылда жасау керек.

Соңғы 15-20 жыл ішінде пән кабинеттері іс жүзінде жаңартылған жоқ. Бұл проблемаларды 2005-2008 жылдар ішінде шешу керек. Бұл — маңыздылығы жағынан үшінші міндет.

Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының — әкімдеріне мектептердің материалдық-техникалық базасын нығайтуға бағытталған аймақтық бағдарламалар қабылдауды тапсырамын. Әкімдер (бұл міндеттің маңыздылығын атап көрсеткім келеді) 2005 жылдың өзінде-ақ мектептердің кемінде 70%-ның интернетке қосылуын қамтамасыз етуі қажет. Үкімет, әкімдер мектептерге телефон орнату міндетін жедел түрде шешуге тиіс.

Төртіншіден, даму мүмкіндіктері шектеулі балалар байыпты назар аударуды талап етеді. Үкіметке әкімдермен бірлесіп балалардың осы санаты үшін мектеп-интернаттар желісін дамыту мәселесін пысықтауды тапсырамын.

Бесіншіден, оқушылардың білім сапасын көтеру үшін олардың оқудағы жетістіктеріне тәуелсіз сыртқы бағалауды енгізу керек.

